



Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі N 2464 Конституциялық заңы

МАЗМҰНЫ

Ескерту. Тақырып өзгерді, кіріспе алынып тасталды - ҚР 1999.05.06 N 375 Конституциялық заңымен.

1. Жалпы бөлім

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. Конституциялық заңның бүкіл мәтіні бойынша, 14-тарауды қоспағанда, "жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерінің", "жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін", "жергілікті өзін-өзі басқару органына мүше", "жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелігіне", "жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелігіне", "жергілікті өзін-өзі басқару органының мүшелігіне", "жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерін", "жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелері", "жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелеріне", "жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшесінің", "жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшесін", "жергілікті өзін-өзі басқару органының мүшесі" деген сөздер тиісінше "өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерінің", "өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін", "өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органына мүше", "өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелігіне", "өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелігіне", "өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органының мүшелігіне", "өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерін", "өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелері", "өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелеріне", "өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшесінің", "өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшесін", "өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органының мүшесі" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 2007.06.19 N 268 Конституциялық заңымен.

1-бап. Осы Конституциялық заң реттейтін қатынастар

Осы Конституциялық заң Республика Президентінің, Парламентінің Сенаты мен Мәжілісі, мәслихаттары депутаттарының және өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерінің сайлауын әзірлеу мен өткізу кезінде пайда болатын қатынастарды реттейді, сондай-ақ Республика азаматтарының ерік білдіру бостандығын қамтамасыз ететін кепілдіктерді белгілейді.

Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375 Конституциялық заңымен.

2-бап. Сайлау бостандығы

Республикадағы сайлау Республика азаматының сайлау және сайлану құқығын еркін жүзеге асыруына негізделеді.

3-бап. Сайлау құқығы принциптері

1. Республика Президентін, Парламенті Мәжілісінің және мәслихаттарының депутаттарын, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру жағдайында өткізіледі.

2. Республика Парламенті Сенатының депутаттарын сайлау жанама сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру жағдайында өткізіледі.

3. Республика азаматтарының сайлауға қатысуы ерікті болып табылады. Азаматты сайлауға қатысуға немесе қатыспауға мәжбүрлеуге, сондай-ақ оның еркін білдіруді шектеуге ешкімнің де құқығы жоқ.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР 1999.05.06 N 375 Конституциялық заңымен.

4-бап. Жалпыға бірдей сайлау құқығы

1. Жалпыға бірдей белсенді сайлау құқығы - Республиканың он сегіз жасқа жеткен азаматтарының тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез келген өзге жағдаяттарға қарамастан, сайлауда дауыс беруге қатысу құқығы.

2. Бәсең сайлау құқығы - Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасы Парламентінің, мәслихатының депутаты немесе жергілікті өзін-өзі басқару органына мүше болып сайлану құқығы.

3. Сайлауға сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған, сондай-ақ сот үкімімен бас бостандығынан айыру орындарында отырған азаматтар қатыспайды.

4. Мыналар:

1) сотталғандығы белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алып тасталмаған адам;

2) сыбайлас жемқорлық қылмыс және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаудағы кінәсін сот заңда белгіленген тәртіппен таныған адам Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің, оның ішінде партиялық тізімдер бойынша, мәслихаттардың депутаттығына кандидат, сондай-ақ өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелігіне кандидат бола алмайды.

Ескерту. 4-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1998.05.08 N 222, 1999.05.06 N 375, 2004.04.14 N 545, 2005.04.15 N 44, 2009.02.09 N 124-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Конституциялық заңдарымен.

5-бап. Тең сайлау құқығы

1. Сайлаушылар Республика Президенті, партиялық тізімдер бойынша сайланатын Парламенті Мәжілісінің депутаттары және мәслихаттарының депутаттары сайлауына тең негіздерде қатысады әрі олардың әрқайсысының бір сайлау бюллетеніне тиісінше бір дауысы болады.

2. Сайлаушылар Республиканың өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлауға тең негіздерде қатысады әрі олардың әрқайсысының тең дауыс саны болады.

3. Кандидаттардың сайлауға тең құқықтармен және шарттармен қатысуына кепілдік беріледі.

Ескерту. 5-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375, 2004.04.14 N 545, 2007.06.19 N 268 Конституциялық заңдарымен.

6-бап. Төте сайлау құқығы

Республика Президентін, Парламенті Мәжілісінің және мәслихаттарының депутаттарын, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін азаматтар тікелей сайлайды.

7-бап. Жанама сайлау құқығы

1. Парламент Сенатының депутаттарын сайлауға таңдаушылар - мәслихаттардың депутаты болып табылатын Республика азаматтары қатысады.

2. Таңдаушылар Сенат депутаттарын сайлауға тең негіздерде қатысады әрі олардың әрқайсысының Сенат депутатын сайлаған кезде бір дауысы болады.

3. Алып тасталды - ҚР 1998.05.08 N 222 Конституциялық заңымен.

Ескерту. 7-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1998.05.08 N 222 Конституциялық заңымен.

8-бап. Жасырын дауыс беру

Республика Президентін, Парламентінің және мәслихаттарының депутаттарын, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлауда жасырын дауыс беріледі әрі сайлаушылардың еркін білдіруіне қандай да болсын бақылау жасау мүмкіндігіне жол берілмейді.

9-бап. Сайлау жүйелері

1. Президентті, Парламент Сенаты депутаттарын, сондай-ақ Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын Парламент Мәжілісі депутаттарын сайлау кезінде дауыс санаудың мынадай жүйесі қолданылады:

1) алып тасталды - ҚР 1998.11.06 N 285 Конституциялық заңымен;

2) мыналар:

- дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың (таңдаушылардың) елу процентінен астамының дауысын алған;

- қайта дауыс беру кезінде басқа кандидатқа қарағанда дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың (таңдаушылардың) дауыс санының көпшілігін алған.

1-1. Саяси партиялардан Парламент Мәжілісінің депутаттары біртұтас жалпыұлттық сайлау округі бойынша партиялық тізімдермен сайланады.

2. Мәслихаттардың депутаттарын сайлау кезінде басқа кандидаттарға қарағанда дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың дауыс санының көпшілігін алған кандидат сайланған болып саналады.

3. Өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау кезінде дауыс санаудың мынадай жүйесі қолданылады:

1) алып тасталды - ҚР 1999.05.06 N 375 Конституциялық заңымен;

2) басқа кандидаттарға қарағанда дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың көпшілігі жақтап дауыс берген кандидаттар сайланған болып саналады.

Ескерту. 9-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1998.11.06 N 285, 1999.05.06 N 375, 2004.04.14 N 545, 2007.06.19 N 268 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Конституциялық заңдарымен

2-тарау. Сайлау органдары

10-бап. Сайлау органдары, олардың жүйесі мен өкілеттіктерінің мерзімі

1. Қазақстан Республикасында сайлауды әзірлеу мен өткізуді ұйымдастыратын мемлекеттік сайлау органдары сайлау комиссиялары болып табылады.

2. Сайлау комиссияларының біртұтас жүйесін мыналар құрайды:

1) Республиканың Орталық сайлау комиссиясы;

2) аумақтық сайлау комиссиялары;

3) округтік сайлау комиссиялары;

4) учаскелік сайлау комиссиялары.

3. Сайлау комиссияларының өкілеттік мерзімі - бес жыл.

Аумақтық, округтік және учаскелік сайлау комиссияларын саяси партиялардың ұсыныстары негізінде тиісті мәслихаттар сайлайды.

Әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы. Саяси партия сайлау комиссиясының құрамына осы саяси партияның мүшесі болып табылмайтын кандидатура ұсынуға құқылы.

Мәслихат белгілеген, сайлау комиссияларын құру мерзіміне дейін бір айдан кем болмауға тиіс мерзімде саяси партиялардың ұсыныстары болмаған жағдайда, мәслихаттар сайлау комиссиясын өзге қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсынысы бойынша сайлайды.

Сайлау комиссиясының құрамына ұсынылған адамдар оның жұмысына қатысуға келісетіні туралы өтініштерін қоса береді. Сайлау комиссиясының төрағасы, төрағаның орынбасары, хатшысы сайлау комиссиясының алғашқы отырысында сайланады.

Сайлау комиссияларының жаңа құрамын құру сайлау комиссияларының өкілеттік мерзімі аяқталардан кемінде екі ай бұрын басталады және өкілеттік мерзімінің бітуіне кемінде үш күн қалғанда аяқталады.

Сайлау комиссияларын құратын органдар сайлау комиссияларының өкілеттік мерзімі ішінде олардың құрамына өзгерістер енгізуге құқылы.

4. Сайлау комиссияларын құру туралы шешім, олардың құрамы мен орналасқан жері туралы бұқаралық ақпарат құралдарында хабарланады.

5. Сайлау комиссияларының өз құзыретінің шегінде қабылдаған шешімдері тиісті аумақтағы барлық мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, сондай-ақ олардың лауазымды адамдарының орындауы үшін міндетті.

6. Сайлау комиссиялары өз өкілеттіктерін жүзеге асыруы кезінде олардың қызметіне араласуға жол берілмейді.

7. Сайлау комиссиясының қызметі сайлау комиссиясын құратын органның шешімі бойынша немесе жоғары тұрған сайлау комиссиясы өтінішінің негізінде сот шешімімен тоқтатылуы мүмкін.

8. Сайлау комиссиясының мүшесін, осы Конституциялық заңның 19-бабының 6 және 7-тармақтарында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, өкілеттіктерінен айыруға болмайды.

Ескерту. 10-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңымен.

11-бап. Республиканың Орталық сайлау комиссиясы

1. Орталық сайлау комиссиясы Республика сайлау комиссияларының біртұтас жүйесіне басшылық етеді және тұрақты жұмыс істейтін орган болып табылады.

2. Орталық сайлау комиссиясы комиссияның Төрағасынан және алты мүшесінен тұрады.

Орталық сайлау комиссиясы Төрағасының орынбасары мен хатшысы комиссияның алғашқы отырысында сайланады.

3. Алып тасталды - ҚР 2007.06.19 N 268 Конституциялық заңымен.

4. Орталық сайлау комиссиясының өз аппараты болады.

5. Орталық сайлау комиссиясы мен оның аппаратын ұстауға жұмсалатын шығыстар республикалық бюджеттен қаржыландырылады.

Ескерту. 11-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.06.19 N 268, 2009.02.09 N 124-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Конституциялық заңдарымен.

12-бап. Республиканың орталық сайлау комиссиясының өкілеттіктері

Орталық сайлау комиссиясы:

1) Республиканың аумағында сайлау туралы заңдардың атқарылуына бақылауды жүзеге асырады; олардың бірыңғай қолданылуын қамтамасыз етеді; өзінің құзыреті шегінде бүкіл Республика аумағында міндетті шешімдер қабылдайды;

2) Президент пен Парламент Мәжілісі депутаттарының сайлауын әзірлеу мен өткізуді ұйымдастырады; Парламент Сенаты депутаттарының сайлауын ұйымдастыру мен өткізуге басшылық етеді ;

2-1) саяси партияларды Парламент Мәжілісі депутаттарының партиялық тізім бойынша сайланатын бөлігіне қатыстыру мәселесін қарайды;

3) алып тасталды - ҚР 2007.06.19 N 268 Конституциялық заңымен;

3-1) алып тасталды - ҚР 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңымен;

4) сайлау науқанын өткізуге жұмсалатын шығыстардың мөлшерлі сметасын жасап, Республика Үкіметіне ұсынады;

5) Президентті, Парламент депутаттарын сайлау жөніндегі сайлау комиссияларына басшылықты жүзеге асырады; олардың шешімдерінің күшін жояды және тоқтата тұрады; республикалық бюджеттің сайлау науқанын өткізуге арнап бөлінген қаражатын олардың арасында бөледі; сайлау комиссияларының қызметіне қажетті материалдық-техникалық жағдайлар жасалуын бақылайды; аумақтық және округтік сайлау комиссияларының шешімдері мен іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) түскен арыздар мен шағымдарды қарайды; сайлау туралы заңнаманы түсіндіруді ұйымдастырады; саяси партиялардың өкілдерімен және сайлау процесіне басқа да қатысушылармен сайлауды ұйымдастыру және өткізу жөнінде семинарлар өткізеді, сайлау жүйелері саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

6) Президентті сайлау жөнінде дауыс беруге арналған бюллетеньдердің нысаны мен мәтінін, Парламенттің, мәслихаттардың депутаттарын және өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау жөнінде дауыс беруге арналған бюллетеньдердің нысанын, оларды жасау тәртібін, сондай-ақ қорғалу дәрежесін сайлаушылар (таңдаушылар) тізімдерінің, Президенттікке кандидаттарды қолдайтын сайлаушылардың қолдарын жинауға және Сенаттың депутаттығына кандидаттарды қолдайтын таңдаушылардың қолдарын жинауға арналған қол қою парақтарының, өзге сайлау құжаттарының нысандарын, дауыс беруге арналып, мөлдір материалдан жасалған жәшіктің нысанын және сайлау комиссиялары мөрлерінің үлгілерін, сайлау құжаттарын сақтау тәртібін, сондай-ақ қорғалу дәрежесін белгілейді; Президентті және Парламенттің және мәслихаттардың депутаттарын сайлау жөніндегі сайлау бюллетеньдерін дайындауды қамтамасыз етеді;

6-1) дауыс беру құқығына арналған есептен шығару куәліктерін жасауды ұйымдастырады, оларды беру және есепке алу тәртібін айқындайды;

7) сайлауды әзірлеу мен өткізуге байланысты мәселелер бойынша мемлекеттік органдар мен ұйымдардың есебін, сондай-ақ сайлау туралы заңдардың сақталуы мәселелері бойынша қоғамдық бірлестіктер органдарының хабарламасын тыңдауға хақылы;

8) Республика Президенттігіне кандидаттарды тіркейді, оларға тиісті куәліктер береді, кандидаттарды тіркеу туралы бұқаралық ақпарат құралдарында хабар жариялайды;

9) Президентті және Парламент депутаттарын сайлау жөніндегі сайлау алдындағы науқанның барысы туралы сайлаушыларды хабарландырып отырады, мерзім-мерзім ақпарат бюллетенін шығарады;

10) Республика бойынша тұтас алғанда Президентті және Парламент депутаттарын сайлау қорытындыларын шығарады, сайланған Президентті және Парламенттің депутаттарын тіркейді, бұл туралы бұқаралық ақпарат құралдарында хабар жариялайды;

11) Президент сайлауы кезінде қайта дауыс беру мен қайта сайлауды тағайындайды және өткізілуін ұйымдастырады;

12) Парламент депутаттарының қайта сайлауын тағайындайды;

13) шығып қалғандардың орнына Парламент депутаттарының сайлауын тағайындайды;

14) мәслихаттардың кезекті және кезектен тыс сайлауын тағайындайды;

15) мәслихаттар мен өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауды ұйымдастыру мен өткізу кезінде аумақтық сайлау комиссияларына әдістемелік басшылықты және олардың қызметінің осы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес келуін бақылауды жүзеге асырады; Осы Конституциялық заңның бұзылуы анықталған кезде тиісті сайлау комиссиясының қызметін тоқтату туралы өтінішпен сайлау комиссиясын құратын органға немесе сотқа жүгінеді;

16) әкімшілік-аумақтық бөлініс халқының мөлшеріне сәйкес олардан сайланатын мәслихаттар депутаттарының санын анықтайды;

16-1) Орталық сайлау комиссиясының ресми интернет-ресурсына сайлау заңдары жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді, сайлауды тағайындау мен өткізу туралы, сондай-ақ болып өткен сайлаудағы дауыстарды есептеу нәтижелері туралы ақпаратты орналастырады;

16-2) Қазақстан Республикасының сайлаушы азаматтарының бірыңғай электрондық Тіркеу тізілімін жүргізеді;

16-3) электрондық сайлау жүйесін пайдалана отырып сайлау өткізу кезінде тиісті сайлау комиссияларының мүшелеріне оны қолдануды үйретеді;

16-4) бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халыққа сайлауда электрондық сайлау жүйесін пайдалануды үйретуді ұйымдастырады;

17) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 12-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375, 2004.04.14 N 545, 2007.06.19 N 268, 2009.02.09 N 124-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Конституциялық заңдарымен.

13-бап. Аумақтық сайлау комиссиялары

1. Облыстық (республикалық маңызы бар қалалар және Республика астанасы), аудандық, қалалық, қаладағы аудандық сайлау комиссиялары аумақтық сайлау комиссиялары болып табылады.

2. Аумақты сайлау комиссиялары:

1) Президент, Парламент және мәслихаттар депутаттарының, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерінің сайлауын ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз етеді;

2) жеті адамнан құрылады.

3. Алып тасталды - ҚР 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңымен.

4. Президент, Парламент және мәслихаттар депутаттарының сайлауы жөніндегі аумақтық сайлау комиссияларының құрамы сайлау тағайындалғаннан немесе хабарланғаннан кейін - он күннен, ал өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерінің сайлауы жөніндегі аумақтық комиссиялардың құрамы жеті күннен кешіктірілмей бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Ескерту. 13-бап жаңа редакцияда - ҚР 1999.05.06 N 375 Конституциялық заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңымен.

14-бап. Аумақтық сайлау комиссиясының өкілеттіктері

Тиісті аумақтық сайлау комиссиясы:

1) әкімшілік-аумақтық бөліністер аумағында сайлау туралы заңдардың атқарылуына бақылауды жүзеге асырады;

2) Президентті, Парламенттің және мәслихаттардың депутаттарын, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлауды әзірлеу мен өткізуді қамтамасыз етеді;

2-1) партиялық тізімдерін ұсынған Президенттікке кандидаттардың, саяси партиялардың сенім білдірген адамдарын тіркейді, оларға тиісті куәліктер береді;

3) төменгі тұрған аумақтық, округтік және учаскелік сайлау комиссияларының қызметіне басшылық етеді; олардың шешімдерінің күшін жояды және тоқтата тұрады; республикалық бюджеттің сайлау науқанын өткізуге арнап бөлінген қаражатын олардың арасында бөледі; округтік және учаскелік сайлау комиссияларының қызметіне қажетті материалдық-техникалық жағдайлар жасалуын

бақылайды; округтік және учаскелік сайлау комиссияларының шешімдері мен іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) түскен арыздар мен шағымдарды қарайды; тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс шегінде құрылған барлық сайлау комиссияларының Орталық сайлау комиссиясының шешімдерін атқаруын ұйымдастырады; осы Конституциялық заңның бұзылуына жол берген сайлау комиссияларының қызметін тоқтату туралы сайлау комиссиясын құратын органға немесе сотқа жүгінеді;

4) сайлауды әзірлеу мен өткізуге байланысты мәселелер бойынша сайлау комиссияларының, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың есебін, сондай-ақ сайлау туралы заңдардың сақталуы мәселелері бойынша қоғамдық бірлестіктер органдарының хабарламасын тыңдауға хақылы;

5) Сенат депутаттары сайлауын өткізуді қамтамасыз етеді: Сенат депутаттығына кандидаттарды , олардың сенім білдірген адамдарын тіркейді, оларға тиісті куәліктер береді; бұқаралық ақпарат құралдарында кандидаттарды тіркеу туралы хабарлар жариялайды; дауыс беруге арналған пункттер дайындайды, дауыс беруге арналған кабиналар мен жәшіктердің жасалуын қамтамасыз етеді; Сенат депутаттары сайлауындағы дауыс берудің нәтижелерін шығарады және дауыс берудің нәтижелері шығарылған хаттамаларды Сенат депутаттарын тіркеуі үшін Орталық сайлау комиссиясына береді;

6) мәслихаттар депутаттарын сайлау жөнінде сайлау округтерін құрады және олардың тізімдерін жариялайды, сайлау комиссияларының орналасқан жері туралы сайлаушыларға хабарлайды;

6-1) дауыс беруге арналған учаскелердің бірыңғай нөмірленуін белгілейді;

7) мәслихаттардан басқа, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау жөніндегі сайлау бюллетеньдерінің жасалуын қамтамасыз етеді;

8) округтік сайлау комиссияларынан тиісті мәслихаттың депутаттығына кандидаттарды тіркеу туралы хаттамаларды алады және округтік сайлау комиссияларының тіркелген кандидаттардың тізімдерін жариялауын қамтамасыз етеді;

9) мәслихаттар депутаттарын сайлаудың қорытындыларын шығарады, сайланған депутаттарды тіркейді және бұл туралы бұқаралық ақпарат құралдарында хабар жариялайды; Орталық сайлау комиссиясының ресми интернет-ресурсында жариялау үшін тиісті сайлау округтері мен учаскелері бойынша дауыстарды санау хаттамаларын Орталық сайлау комиссиясына береді;

10) қайта дауыс беру, қайта сайлау мен Сенаттың және мәслихаттардың шығып қалған депутаттарының орнына сайлау ұйымдастырады;

11) мәслихаттардан басқа, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау, қайта сайлау және шығып қалған мүшелерінің орнына сайлау тағайындайды және ұйымдастырады; тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс аумағында орналасқан мәслихаттардан басқа, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау жөніндегі округтік сайлау комиссиясының функциясын орындайды; мәслихаттардан басқа, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелігіне кандидаттарды, олардың сенім білдірген адамдарын тіркейді, оларға тиісті куәліктер береді; жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында кандидаттарды тіркеу туралы хабарлар жариялайды; мәслихаттардан басқа, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлаудың қорытындысын шығарады; жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында сайлаудың қорытындысы туралы хабар жариялайды;

12) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 14-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375, 2004.04.14 N 545, 2007.06.19 N 268, 2009.02.09 N 124-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Конституциялық заңдарымен.

15-бап. Округтік сайлау комиссиялары

1. Округтік сайлау комиссиялары сайлау округтерінде мәслихаттардың депутаттарын сайлауды ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз етеді.

2. Округтік сайлау комиссиясы жеті адамнан құрылады.

3. Округтік сайлау комиссияларының құрамы сайлау тағайындалғаннан немесе хабарланғаннан кейін он күннен кешіктірілмей бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Ескерту. 15-бап жаңа редакцияда - ҚР 1999.05.06 N 375 Конституциялық заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.04.14 N 545, 2007.06.19 N 268 Конституциялық заңдарымен.

16-бап. Округтік сайлау комиссиясының өкілеттіктері

Округтік сайлау комиссиясы:

1) тиісті сайлау округінің аумағында сайлау туралы заңдардың атқарылуын бақылауды жүзеге асырады;

2) мәслихаттар депутаттарын сайлаудың өткізілуін ұйымдастырады;

3) учаскелік сайлау комиссияларының қызметін ұйымдастырып, үйлестіріп отырады; олардың шешімдерінің күшін жояды және тоқтата тұрады; учаскелік сайлау комиссияларының қызметіне қажетті материалдық-техникалық жағдай жасалуын бақылайды; учаскелік сайлау комиссияларының шешімдері мен іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне)

түскен арыздар мен шағымдарды қарайды; Осы Конституциялық заңның бұзылғаны анықталған кезде сайлау комиссиясының қызметін тоқтату туралы өтінішпен сайлау комиссиясын құратын органға немесе сотқа жүгінеді;

4) алып тасталды - ҚР 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңымен;

5) мәслихаттардың депутаттығына ұсынылған кандидаттарды, олардың сенім білдірген адамдарын тіркейді, оларға тиісті куәліктер береді, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында кандидаттарды тіркеу туралы хабар жариялайды;

6) сайлаушылар тізімдерінің уақытылы әрі дұрыс жасалып, барша жұрттың танысуына ұсынылуын бақылайды;

7) учаскелік сайлау комиссияларын сайлау бюллетеньдерімен қамтамасыз етеді;

8) сайлауды әзірлеу мен өткізуге байланысты мәселелер бойынша учаскелік сайлау комиссияларының және округтің аумағында орналасқан мемлекеттік органдар мен ұйымдардың есептерін , сондай-ақ сайлау туралы заңдардың сақталуы мәселелері бойынша қоғамдық бірлестіктер органдарының хабарламасын тыңдауға хақылы;

9) учаскелік сайлау комиссияларынан дауыс берудің нәтижелері туралы хаттамаларды алады, солардың негізінде округ бойынша сайлау нәтижелерін анықтайды, бұл туралы бұқаралық ақпарат құралдарында хабар жариялайды;

10) Алып тасталды - ҚР 2007.06.19 N 268 Конституциялық заңымен;

11) қайта сайлау және мәслихаттардың шығып қалған депутаттарының орнына сайлау өткізеді;

12) Республика заңдарына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 16-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.04.14 N 545, 2007.06.19 N 268 Конституциялық заңдарымен.

17-бап. Учаскелік сайлау комиссиялары

1. Учаскелік сайлау комиссиялары тиісті сайлау учаскелерінде Президентті, Парламент Мәжілісінің және мәслихаттардың депутаттарын, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлауды ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз етеді.

Учаскелік сайлау комиссиялары жеті мүшеден тұратын құрамда құрылады.

2. Президент, Парламент және мәслихаттар депутаттарының сайлауы жөніндегі учаскелік сайлау комиссияларының құрамы сайлау тағайындалғаннан немесе хабарланғаннан кейін - жеті күннен , ал өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау жөніндегі аумақтық комиссиялардың құрамы үш күннен кешіктірілмей бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Ескерту. 17-бап жаңа редакцияда - ҚР 1999.05.06 N 375 Конституциялық заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңымен.

18-бап. Учаскелік сайлау комиссияларының өкілеттіктері

Учаскелік сайлау комиссиясы:

1) сайлау учаскесінде Президентті, Парламент Мәжілісінің, мәслихаттардың депутаттарын және өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау жөніндегі сайлау шараларын жүргізеді;

2) учаскелік комиссияның орналасқан жері туралы сайлаушыларды хабарландырады;

3) тиісті сайлау учаскесінде сайлаушылардың тізімін нақтылайды;

4) азаматтарды сайлаушылардың тізімімен таныстырады, тізімдердегі қателіктер мен жаңсақтықтар туралы арыздарды қарайды және оған тиісті өзгерістер енгізу туралы мәселелерді шешеді;

5) сайлаушыларды дауыс беру күні, уақыты және орны туралы хабарландырады;

6) дауыс беруге арналған үй-жай дайындайды, кабиналар мен жәшіктердің жасалуын қамтамасыз етеді;

7) сайлау күні сайлау учаскесінде дауыс берілуін ұйымдастырады;

8) дауыс санауды жүргізеді және учаскедегі дауыс беру нәтижелерін анықтайды;

9) дауыс беруді әзірлеу мен ұйымдастыру мәселелері жөніндегі арыздар мен шағымдарды қарайды және солар бойынша шешімдер қабылдайды;

10) Республика заңдарына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 18-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңымен.

19-бап. Сайлау комиссиясы мүшесінің мәртебесі

1. Сайлау комиссияларының мүшелері мемлекеттік органдардың өкілдері болып табылады және мемлекеттің қорғауында болады.

2. Сайлау комиссиялары мүшелерінің құқықтық жағдайы Қазақстан Республикасының Конституциясымен, осы Конституциялық заңымен және өзге де заң актілерімен айқындалады.

2-1. Мыналар:

сотталғандығы заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алып тасталмаған адам;

сот іс-әрекетке қабілетсіз немесе іс-әрекет қабілеті шектеулі деп таныған адам сайлау комиссиясының мүшесі бола алмайды.

3. Орталық сайлау комиссиясының төрағасы, мүшелері және оның аппаратының қызметкерлері өз өкілеттіктерін кәсіби тұрақты негізде жүзеге асырады.

Сайлау комиссиясының төрағасы сотта және басқа да мемлекеттік органдарда комиссияның мүддесін білдіреді, сондай-ақ ол сайлау комиссиясының мүдделерін білдіру жөніндегі өкілеттікті тиісті сенімхат беру арқылы басқа адамдарға беруге құқылы.

4. Сайлау комиссиясының осы баптың 3-тармағында аталмаған мүшелері сайлау өткізу кезеңінде өздерінің келісімінсіз жұмыс берушінің ұйғарымы бойынша жұмыстан шығарылмайды не басқа жұмысқа ауыстырылмайды.

5. Сайлау комиссиясының мүшесі:

1) тиісті сайлау комиссиясының отырыстары туралы, жедел шешім қабылдауды қажет ететін жағдайларды қоспағанда, қырық сегіз сағат бұрын хабардар етіледі;

2) сайлау комиссиясының отырысында сөз сөйлеуге, тиісті сайлау комиссиясының құзыретіне жататын мәселелер бойынша ұсыныстар енгізуге және олар бойынша дауыс берілуін талап етуге құқылы;

3) күн тәртібіне сәйкес отырыстың басқа қатысушыларына сұрақтар қоюға және оларға мәні бойынша жауаптар алуға құқылы;

4) өзі құрамында тұрған сайлау комиссиясының құжаттарымен және материалдарымен танысуға, олардың куәландырылған көшірмелерін алуға;

5) өзі құрамында тұрған сайлау комиссиясы мүшелерінің төрттен үшінің даусымен расталған уәкілеттігі бойынша төменгі тұрған сайлау комиссиясының қызметін тексеруді жүзеге асыруға құқылы;

6) Қазақстан Республикасы Конституциясының, осы Конституциялық заңының және өзге де заңдарының талаптарын, жалпыжұрт таныған әдеп нормаларын сақтауға міндетті;

7) өзіне жүктелген міндеттерді, сайлау комиссиясының және оның төрағасының, жоғары тұрған сайлау комиссиясының шешімдері мен нұсқауларын орындауға міндетті;

8) азаматтардың сайлау құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз етуге, шешімдер қабылдау кезінде әділ және тәуелсіз болуға, сондай-ақ кандидаттар мен партиялық тізім ұсынған саяси партиялардың қызметіне жария баға беруден аулақ болуға міндетті;

9) өзі өкілі болып табылатын саяси партияның не өзге де қоғамдық бірлестіктің шешімдерімен байланысты болмайды және олардың мүдделерін қорғауға құқығы жоқ.

6. Сайлау комиссиясының мүшесі сайлау комиссиясының белгіленген өкілеттік мерзімі аяқталғанда, оның қызметі тоқтатылған кезде, сондай-ақ:

1) міндеттерін атқарудан босату туралы өз еркімен өтініш берген;

2) Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылған;

3) тиісті сайлау комиссиясы құрылған әкімшілік-аумақтық бірліктің шегінен тыс тұрақты тұрғылықты жерге кеткен;

4) соттың оған қатысты айыптау үкімі заңды күшіне енген;

5) оны іс-әрекетке қабілетсіз, іс-әрекетке қабілеті шектеулі, хабар-ошарсыз кеткен деп тануы немесе оны қайтыс болған деп жариялағаны туралы сот шешімі заңды күшіне енген;

6) қайтыс болған жағдайларда сайлау комиссиясын құрған органның шешімі бойынша өз міндеттерін атқарудан босатылады.

Аумақтық, округтік және учаскелік сайлау комиссиясының мүшесі өзін ұсынған саяси партия қызметін тоқтатқан жағдайда өз міндеттерінен босатылады.

Саяси партияны тарату туралы шешімнің Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қабылдануы ол ұсынған аумақтық, округтік және учаскелік сайлау комиссиялары мүшесінің міндетінен босатылуына негіз болады.

7. Комиссия мүшесі лауазымдық өкілеттігін немесе осы Конституциялық заңның талаптарын бірнеше мәрте бұзған жағдайда сайлау комиссиясын құратын орган оны лауазымын атқарудан босатады

8. Жоғары тұрған сайлау комиссиясы сайлау комиссиясын құратын орган осы Конституциялық заңның 10-бабында белгіленген тәртіппен сайлау комиссиясының мүшесін сайлағанға дейін шығып қалған комиссия мүшесінің орнына сайлау комиссиясының мүшесін тағайындайды.

9. Сайлау комиссиясы бір ұйымның қызметкерлерінен тұрмауға тиіс.

10. Сайлау комиссиясының мүшесі тиісті комиссия орналасқан әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында тұруға тиіс.

Ескерту. 19-бап жаңа редакцияда - ҚР 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңмен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2005.04.15 N 44, 2007.06.19 N 268, 2009.02.09 N 124-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Конституциялық заңдарымен.

20-бап. Сайлау комиссияларының қызметін ұйымдастыру және олардың әрекеттеріне шағым жасау. Сайлау комиссияларының қызметіндегі жариялылық

1. Сайлау комиссияларының қызметі алқалылық, жариялылық және ашықтық негізінде жүзеге асырылады.

2. Алғашқы отырыстарды:

1) Орталық сайлау комиссиясының отырысын комиссияның төрағасы комиссия сайланғаннан кейін он төрт күннің ішінде шақырады;

2) төменгі тұрған сайлау комиссияларының отырыстарын тиісті жоғары тұрған комиссиялардың төрағалары олар құрылғаннан кейінгі жеті күн мерзімнен кешіктірмей шақырады.

3. Сайлау науқанын әзірлеу мен өткізу кезеңінде комиссиялардың отырыстары кемінде екі аптада бір рет өткізіледі. Өзге уақытта комиссиялар өздерінің отырыстарын қажетіне қарай комиссия төрағасының немесе мүшелерінің кемінде үштен бірінің бастамашылығымен өткізеді.

4. Егер сайлау комиссияларының отырыстарына комиссия мүшелері жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, олар заңды болады.

5. Комиссиялардың шешімдері, осы Конституциялық заңда белгіленгеннен өзге жағдайларды қоспағанда, олардың мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Сайлау комиссиясының оның шешімімен келіспейтін мүшелері ерекше пікірін айтуға құқылы, ол дереу жоғары тұрған сайлау комиссиясының назарына жеткізіледі және комиссия отырысының хаттамасына жазбаша нысанда тіркеледі.

6. Сайлау комиссиялары жалпыға қолжетімді телекоммуникациялық желілерде орналастырылатын, ал осы Конституциялық заңда көзделген жағдайларда өзгедей жолмен жариялауға жататын өз шешімдерімен барлық адамдардың еркін танысуы үшін жағдай жасайды.

Сайлау комиссияларының құрамында өкілі жоқ саяси партиялар сайлау науқанын даярлау және өткізу кезеңіне кеңесші дауыс құқығын бере отырып өз өкілін тиісті сайлау комиссиясына жіберуге құқылы.

Саяси партияның кеңесші дауыс құқығы бар өкілі сайлау комиссиясының отырысында сөз сөйлеуге, сайлау комиссиясының құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ұсыныстар енгізуге құқылы, сайлау комиссиясының әрекетіне (әрекетсіздігіне) жоғары тұрған сайлау комиссиясына немесе сотқа шағым жасауға құқылы.

7. Сайлау комиссиясының отырыстарына кандидаттар, сенім білдірілген адамдар, байқаушылар, қызметтік куәлігі мен редакцияның тапсырмасы болған кезде бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатыса алады.

Депутаттыққа кандидаттар, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялар өздеріне қатысты мәселелер қаралатын кезде тиісті сайлау комиссияларының отырыстары мен күн тәртібі туралы алдын ала хабардар етіледі.

Сайлау комиссиясының үй-жайында сайлау процесіне қатысы жоқ бөгде адамдардың болуына тыйым салынады.

8. Дауыс беру күні дауыс беруге арналған сайлау учаскесі ашылған кезден бастап және сайлаушылардың дауыстарын санау кезінде дауыс беру нәтижелері анықталғанға дейін сайлау учаскесінде бір мезгілде әрбір кандидаттан сенім білдірілген бір-бір адамнан, қызметтік куәлігі мен редакцияның тапсырмасы болған кезде әрбір бұқаралық ақпарат құралынан бір-бір өкілден және Қазақстан Республикасының әрбір саяси партиясынан, өзге де қоғамдық бірлестігінен, басқа да

коммерциялық емес ұйымдарынан бір-бір байқаушыдан және шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың байқаушылары қатысуға құқылы.

9. Егер осы Конституциялық заңда шағым жасаудың өзге мерзімдері белгіленбесе, сайлау комиссиясының шешімдеріне және іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шешім қабылданған немесе іс-әрекет (әрекетсіздік) жасалған күннен бастап он күннің ішінде жоғары тұрған сайлау комиссиясына және (немесе) сотқа шағым жасалуы мүмкін. Көрсетілген мерзімдер өткеннен соң сайлау комиссиясының шешіміне және іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) берілген өтініш қарауға жатпайды.

Өтініштер сайлау комиссиясы мен сотта бір мезгілде қаралған кезде сайлау комиссиясы сот шешімі күшіне енгенге дейін өтінішті қарауды тоқтата тұрады. Сот түскен өтініш туралы және оны қарау нәтижелері бойынша сот шешімінің заңды күшіне енгені жөнінде сайлау комиссиясын хабардар етеді.

10. Мемлекеттік органдар, ұйымдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, сондай-ақ олардың лауазымды адамдары сайлау комиссияларына өздерінің өкілеттіктерін жүзеге асыруға көмек көрсетуге, оларға қажетті мәліметтер мен материалдар беруге, сайлау

комиссияларының өтініштеріне - үш күн мерзім ішінде, ал сайлау күні және оның қарсаңындағы күні дереу жауап қайтаруға міндетті.

11. Аумақтық, округтік, учаскелік сайлау комиссияларының мүшелері сайлауды әзірлеу мен өткізу кезеңіне өздерінің қалауымен комиссияның шешімі бойынша сайлауды өткізуге бөлінген қаражаттың есебінен ақы төлене отырып, өндірістік немесе қызметтік

міндеттерін орындаудан босатылуы мүмкін.

Сайлау комиссияларының мемлекеттік қызметшілер болып табылатын мүшелерінің сайлауды әзірлеу мен өткізу кезеңінде өздерінің негізгі жұмыс орны бойынша орташа айлық жалақысы сақталады. Сайлау комиссияларының өзге мүшелеріне осы кезеңде сайлау өткізуге бөлінген қаражат есебінен кемінде ең төменгі үш жалақы мөлшерінде жалақы белгіленеді.

Сайлау комиссиялары мүшелерінің, оның ішінде мемлекеттік қызметшілер болып табылатын мүшелерінің үстеме жұмысына, мереке және демалыс күндеріндегі жұмысына, түнгі уақыттағы еңбегіне ақы төлеу сайлау өткізуге бөлінген қаражаттың есебінен жүзеге асырылады.

12. Мыналар:

1) Парламент, мәслихаттар депутаттары, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелері;

2) Президенттікке, Парламенттің, мәслихаттардың депутаттығына кандидаттар, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелері, сондай-ақ кандидаттардың сенім білдірген адамдары;

3) мемлекеттік саяси қызметші лауазымындағы адамдар;

4) Қазақстан Республикасы соттарының судьялары сайлау комиссияларының мүшелері бола алмайды.

Кандидаттардың жұбайы (зайыбы) мен жақын туыстары, сондай-ақ кандидаттарға тікелей бағынышты адамдар осы кандидат қатысатын сайлау округінде сайлауды тікелей ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз ететін сайлау комиссияларының құрамында бола алмайды.

Осы тармақтың екінші тармақшасында аталған адамдар тиісті кандидат тіркелген күннен бастап сайлау комиссиясының мүшесі міндетінен босатылады.

Ескерту. 20-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.06.19 N 268 Конституциялық заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.02.09 N 124-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Конституциялық заңымен.

20-1-бап. Қазақстан Республикасы саяси партияларының, өзге де қоғамдық бірлестіктерінің, коммерциялық емес ұйымдарының байқаушылары

1. Қазақстан Республикасының саяси партиялары, өзге де қоғамдық бірлестіктері, коммерциялық емес ұйымдары байқаушысының өкілеттіктері оның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіліп, жазбаша нысанда куәландырылуға тиіс. Бұл құжат байқаушыны жіберген ұйымның мөрімен расталады және ол байқаушының жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жарамды болады. Құжаттар сайлау комиссиясының төрағасына не оны алмастыратын адамға байқаушы туралы деректерді есепке алу журналына енгізу арқылы оны тіркеу үшін көрсетіледі.

2. Қазақстан Республикасы саяси партияларының, өзге де қоғамдық бірлестіктерінің, коммерциялық емес ұйымдарының байқаушылары:

1) сайлау комиссиясының отырысына қатысуға;

2) дауыс беруге, соның ішінде үй-жайдан тыс жерде дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың саны туралы ақпарат алуға;

3) дауыс беруді өткізу және дауыстарды санау кезінде тиісті сайлау учаскесінің дауыс беруге арналған үй-жайында болуға;

4) тасымалданатын сайлау жәшігін бақылап жүруге, соның ішінде оларды тасымалдау кезінде көлік құралында болуға;

5) сайлау учаскесінде, дауыс беруге арналған пунктте дауыс беру барысын, дауыстарды санау және дауыс беру нәтижелерін ресімдеу рәсімін барлық аталған рәсімдерді анық көру мүмкіндігін қамтамасыз ететін жағдайларда байқауға;

6) тиісті сайлау комиссиясының және (немесе) оның мүшелерінің шешімдеріне, іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жоғары тұрған сайлау комиссиясына немесе сотқа шағымдануға;

7) сайлаушылардың дауыс беруге арналған үй-жайға келу мүмкіндігі болмаған жағдайда олардың дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруін өткізу кезінде қатысуға;

8) учаскелік сайлау комиссиясы мүшелерінің пайдаланылмаған сайлау бюллетеньдерін санау және жоюы кезінде қатысуға;

9) дауыс беру барысына және оның қорытындыларын шығаруға кедергі жасамай, фотожазба, дыбысжазба және бейнежазба жасауға;

10) дауыс беру нәтижелері туралы хаттамаларды жоғары тұрған сайлау комиссияларына беру рәсімін байқауға;

11) дауыс беру өткізілгеннен кейін дауыс беру қорытындылары туралы сайлау комиссиясының хаттамаларымен танысуға, олардың куәландырылған көшірмелерін алуға;

12) сайлау комиссиясы мүшелерінің назарын осы Конституциялық заң талаптарының бұзылуына аударуға, оларға бұзушылықтар туралы тиісті жазбаша мәлімдемелерді, актілерді табыс етуге және табыс еткені туралы белгі соқтыруға құқылы. Сайлау комиссиясының төрағасы, оны алмастыратын адам сенім білдірілген адамдардың, байқаушылардың өтініштері бойынша дауыстарды санау хаттамасына олардың жасаған актілерін қоса беруге міндетті.

3. Қазақстан Республикасы саяси партияларының, өзге де қоғамдық бірлестіктерінің, коммерциялық емес ұйымдарының байқаушылары:

1) олардың жеке басы мен өкілеттігін куәландыратын құжаттарын өздерімен алып жүруге;

2) сайлау процесіне, сайлау комиссиясының дауыстарды санау және шешімдерді қабылдау рәсіміне араласпауға;

3) сайлау комиссиясының жұмысына кедергі келтіретін іс-әрекеттер жасамауға;

4) сайлау учаскесінде сайлау комиссиясы төрағасының тиісті сайлау комиссиясы белгілеген тәртіп ережелерін сақтау жөніндегі талаптарын орындауға;

5) өз ескертулерін құжатталған, шынайы және тексеруге болатын фактілермен негіздеуге;

6) Қазақстан Республикасының осы Конституциялық заңының және өзге де заңнамасының талаптарын сақтауға;

7) алаламауға, нақты кандидатқа, саяси партияға артықшылық бермеуге міндетті.

4. Қазақстан Республикасы саяси партияларының, өзге де қоғамдық бірлестіктерінің, коммерциялық емес ұйымдарының байқаушылары Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзған жағдайда, тиісті сайлау комиссиясы байқаушыны тіркеудің күшін жоюға құқылы.

Ескерту. 20-1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.06.19 N 268 Конституциялық заңымен.

20-2-бап. Шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың байқаушылары, шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері

1. Шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдарға Қазақстан Республикасындағы сайлауды байқауға қатысуға шақыруды Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының төрағасы, Сыртқы істер министрі жібере алады.

Шақыру Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі арқылы жіберіледі.

Шақыруда миссия саны мен құрамына, сондай-ақ миссияда гендерлік балансты, елдік өкілдікті қамтамасыз етуге қатысты тілектер қамтылуы мүмкін.

2. Шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың байқаушылары Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ұсынуы бойынша Орталық сайлау комиссиясының жанында аккредиттеледі.

Аккредиттеу үшін шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне өз байқаушыларының, өкілдерінің тізімін ұсынады.

Шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың байқаушылары болып табылмайтын жеке тұлғалар аккредиттеуге жатпайды.

Қазақстан Республикасында саяси, экономикалық немесе басқа мүдделері бар не Қазақстан Республикасының, шет мемлекеттің заңнамасын немесе халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған нормаларын бұзғаны үшін олардың аккредиттелуі кері қайтарып алынған (күші жойылған) не аккредиттеуге өтінім бергенге дейінгі бес жыл ішінде қылмыстық іс, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық немесе сайлау кезеңінде заңсыз қызмет жасауда кінәлі деп танылған адамдар аккредиттелмейді.

3. Шет мемлекеттердің, халықаралық ұйымдардың байқаушыларын аккредиттеу мерзімін Орталық сайлау комиссиясы белгілейді.

4. Шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың аккредиттелген байқаушыларына олардың сайлау науқанын өткізу кезеңіндегі қызметі үшін негіз болып табылатын, Орталық сайлау комиссиясы белгілеген үлгідегі куәлік беріледі. Аккредиттеуді жүргізу дауыс беру күнінен бес күн бұрын аяқталады.

5. Шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар байқаушыларының, шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің өз мәртебесін Қазақстан Республикасындағы сайлауды байқауға қатысы жоқ қызметті жүзеге асыру үшін пайдалануға құқығы жоқ.

6. Шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар байқаушыларының, шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің:

- 1) сайлау процесінің барлық кезеңдеріне қатысуға;
- 2) сайлау комиссияларында сайлау науқанының барысы туралы ақпарат алуға;
- 3) дауыс беруді өткізу және дауыстарды санау кезінде сайлау учаскелеріне кіруге;
- 4) сайлау процесіне қатысушылармен кездесуге;

5) өздерінің байқағандары, анықталған заң бұзушылықтар туралы сайлау комиссияларының мүшелерін хабардар етуге, ұсынымдар енгізуге;

6) жария мәлімдемелер жасауға;

7) дауыс беру нәтижелері туралы хаттамаларды жоғары тұрған сайлау комиссияларына беру рәсімін байқауға құқығы бар.

7. Шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың байқаушылары, шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері:

1) жеке басын және аккредиттелгенін куәландыратын құжаттарын өздерімен бірге алып жүруге;

2) сайлау процесіне, сайлау комиссиясының дауыстарды санау және шешімдер қабылдау рәсіміне араласпауға;

3) сайлау комиссиясының жұмысына кедергі келтіретін іс-әрекеттер жасамауға;

4) сайлау учаскесінде сайлау комиссиясы төрағасының тиісті сайлау комиссиясы белгілеген тәртіп ережелерін сақтау жөніндегі талаптарын орындауға;

5) алаламауға, нақты кандидатқа, саяси партияға артықшылық бермеуге;

6) Қазақстан Республикасының осы Конституциялық заңының және өзге де заңнамасының талаптарын сақтауға міндетті.

8. Осы Конституциялық заңда көзделген жағдайларда Орталық сайлау комиссиясы шет мемлекет, халықаралық ұйым байқаушысының аккредиттелуін кері қайтарып алуға құқылы.

9. Байқаушылар Қазақстан Республикасының заңнамасын немесе халықаралық құқықтың жалпыхұрт таныған нормаларын бұзған жағдайда, тиісті сайлау комиссиясы Орталық сайлау комиссиясына шет

мемлекет, халықаралық ұйым байқаушысының аккредиттелуін кері қайтарып алу туралы ұсыныс енгізуге құқылы.

Ескерту. 20-2-баппен толықтырылды - ҚР 2007.06.19 N 268 Конституциялық заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.02.09. N 124-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Конституциялық заңымен.

3-тарау. Сайлау округтері мен учаскелері

21-бап. Сайлау округтері мен олардың жүйесі

1. Қазақстан Республикасында мәслихаттардың депутаттарын, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерін сайлау кезінде аумақтық сайлау округтерінің жүйесі құрылып, пайдаланылады.

2. Сайлау округтері Республиканың әкімшілік-аумақтық бөлінісі және сайлаушылардың мөлшермен бірдей саны болуы ескеріліп құрылады. Бұл ретте облыс шегіндегі, республикалық маңызы бар қала мен Республика астанасындағы, аудандық, қалалық сайлау округтеріндегі сайлаушылар санының айырмасы осы әкімшілік-аумақтық бірліктегі әрбір депутаттық мандатқа сайлаушылардың орташа санының он бес процентінен аспауға тиіс.

3. Республика Президенті және бара-бар өкілдік жүйесі бойынша партиялық тізімдер негізінде сайланатын Мәжіліс депутаттарының сайлауы кезінде Қазақстан Республикасының бүкіл аумағы біртұтас жалпыұлттық сайлау округі болып табылады.

4. Мәслихаттардың депутаттарын сайлау кезінде осы баптың 2-тармағында белгіленген шарттар сақталып, бір мандаттық аумақтық сайлау округтері құрылады.

5. Өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерін сайлау кезінде қалалық және селолық қауымдастықтардың аумақтарын қамтитын көп мандатты аумақтық сайлау округтері құрылады.

Ескерту. 21-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375, 2004.04.14 N 545, 2007.06.19 N 268 Конституциялық заңдарымен.

22-бап. Сайлау округтерін құру және олардың шекараларын қайта қарау

1. Сайлау округтерін аумақтық сайлау комиссиялары құрады.

2. Сайлау округтерінің тізімін, олардың шекараларын және округтік сайлау комиссияларының орналасқан жерлерін көрсетіп, сайлау тағайындалғаннан немесе жарияланғаннан кейін он күннен кешіктірмей тиісті сайлау комиссиялары тиісті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды.

3. Сайлау округтерінің тізіміне өзгерістер енгізуді, олардың шекаралары мен сайлау комиссияларының орналасқан жерлерін анықтауды тиісті сайлау комиссиясы жүзеге асырады.

Ескерту. 22-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.06.19 N 268 Конституциялық заңымен.

23-бап. Сайлау учаскелерін құру

1. Аудандар мен қалаларда дауыс беруді өткізу және дауыс санау үшін тиісті әкімдердің сайлау комиссияларымен келісілген шешімдерімен сайлау учаскелері құрылады. Сайлау учаскелері

сайлаушыларға барынша қолайлылық туғызу мақсатында, жергілікті және өзге жағдаяттар ескеріле отырып, құрылады.

2. Сайлау учаскелері мынадай жағдаяттар:

1) әрбір сайлау учаскесінде үш мыңнан аспайтын сайлаушы болуы;

2) әкімшілік-аумақтық бөліністегі әкімшілік-аумақтық құрылым шекарасының сақталуы ескеріле отырып құрылады.

3) алып тасталды - ҚР 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңымен.

3. Қазақстан Республикасына қарайтын әскери бөлімдерде және сайлау күні жүзуде жүрген кемелерде, демалыс үйлерінде, санаторийлерде, тұрақты емдеу-профилактикалық мекемелерінде, шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда орналасқан азаматтар тұратын мекендерде, алыс мал шаруашылығы учаскелерінде, тергеу изоляторлары мен уақытша ұстау изоляторларында олардың орналасқан жері, кеменің тіркелген порты немесе тұрған жері бойынша тиісті сайлау округтеріне кіретін сайлау учаскелері құрылады. Шет мемлекеттердегі Қазақстан Республикасы өкілдіктерінің жанынан Республика Сыртқы істер министрлігі орналасқан аумақтағы сайлау округіне қарайтын сайлау учаскелері құрылады.

4. Сайлау учаскелерін құру кеме капитандарының, бөлімдер немесе әскери құрамалар командирлерінің, осы баптың 3-тармағында аталған мекемелер басшыларының тиісті әкімдер мен Республиканың Сыртқы істер министрлігінің ұсыныстарына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Тиісті әкімдер сайлау тағайындалғаннан немесе жарияланғаннан кейін жеті күн мерзім ішінде, ал өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерінің сайлауын өткізген кезде үш күн мерзімде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы сайлаушыларды әрбір сайлау учаскесінің шекарасы жөнінде хабардар етеді.

Ескерту. 23-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375, 2004.04.14 N 545, 2005.04.15 N 44, 2009.02.09 N 124-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Конституциялық заңдарымен.

4-тарау. Сайлаушылар (таңдаушылар) тізімі

24-бап. Сайлаушылар (таңдаушылар) тізімдері және оларды жасау тәртібі

1. Президентті, Парламент Мәжілісі мен мәслихаттардың депутаттарын, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлаған кезде сайлаушылар тізімі жасалады. Сенат депутаттарын сайлау кезінде таңдаушылардың тізімдері жасалады.

2. Алып тасталды - ҚР 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңымен.

3. Нақтылы сайлау учаскесінде азаматты сайлаушылар тізіміне енгізу үшін оның осы сайлау учаскесінің аумағында тұрғылықты жері бойынша тіркелу фактісі негіз болады.

4. Сайлаушылар тізімі әліпби тәртібімен немесе өзге тәртіппен жасалады. Тізімде сайлаушының тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы (18 жастағылар үшін - қосымша күні мен айы) және тұрғылықты мекен-жайы көрсетіледі. Таңдаушылар тізімі әліпби тәртібімен немесе өзге тәртіппен жасалады және тегін, атын, әкесінің атын, туған жылын, таңдаушы депутаты болып табылатын мәслихаттың атауы әрі оның тұрғылықты мекен-жайын қамтиды.

5. Сайлаушылардың тұрғылықты жері бойынша тізімін тиісті жергілікті атқарушы орган халықты есепке алуды жүзеге асыратын органдар ұсынған мәліметтердің негізінде жасайды.

Әрбір сайлаушы сайлау жарияланған немесе тағайындалған кезден бастап тиісті жергілікті атқарушы органда сайлаушы ретінде тіркелуге құқылы.

Егер сайлаушыға сайлаудан кемінде отыз күн бұрын сайлау күні өзінің тіркелген орны бойынша дауыс беруге арналған үй-жайға келу мүмкіндігі болмайтыны белгілі болса, оның өзінің болатын жері бойынша жергілікті атқарушы органға өзін тиісті сайлаушылар тізіміне енгізу жөнінде жазбаша өтініш беруге құқығы бар.

Осы тармаққа сәйкес азамат өтініш жасаған кезде жергілікті атқарушы орган азаматты тіркелу орны бойынша сайлаушылар тізімінен шығаруды және оны сол азамат дауыс беретін учаскенің сайлаушылар тізіміне енгізуді ұйымдастырады.

Әрбір сайлау учаскесі бойынша сайлаушылардың тізіміне тиісті әкім қол қояды және ол дауыс беру басталардан жиырма күн бұрын тиісті сайлау комиссиясына акт бойынша тапсырылады.

Басқа құзыретті органдар мен ұйымдардың деректерімен алдын ала салыстырылған сайлаушылар туралы мәліметтерді жергілікті атқарушы орган әр жылдың 1 шілдесіне және 1 қаңтарына электрондық жеткізуші арқылы және қағазға түсірілген күйінде тиісті аумақтық сайлау комиссияларына тапсырады.

Жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдары тиісті сайлау комиссиясына тапсырылған сайлаушылар тізімдерінің, сондай-ақ сайлаушылар туралы деректердің дұрыстығы үшін жауапты болады.

6. Жатақханаларда тұратын күндізгі бөлімдерде оқитын студенттер мен аспиранттар сайлаушылар тізіміне жатақхананың орналасқан жері бойынша енгізіледі.

7. Әскер бөлімдеріндегі сайлаушы әскери қызметшілердің, сондай-ақ әскер бөлімдері орналасқан жерлерде тұратын олардың отбасы мүшелері мен басқа сайлаушылардың тізімі әскер бөлімдерінің командирлері берген мәліметтер негізінде жасалады.

8. Демалыс үйлерінде, санаторийлерде, тұрақты емдеу-профилактикалық мекемелерінде, шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда орналасқан азаматтар тұратын мекендерде, алыс мал шаруашылығы учаскелерінде, тергеу изоляторлары мен уақытша ұстау изоляторларында, сондай-ақ шет мемлекеттердегі Қазақстан Республикасының өкілдіктері жанынан, Қазақстан Республикасына қарайтын

және дауыс беретін күні жүзуде жүрген кемелерде құрылған сайлау учаскелері бойынша сайлаушылардың тізімдері аталған мекемелердің басшылары, тиісті әкімдер, өкілдіктер басшылары мен кеме капитандары берген деректер негізінде жасалады.

Уақытша болу орындарында (демалыс үйлерінде, санаторийлерде, тұрақты емдеу-профилактикалық мекемелерінде, алыс мал шаруашылығы учаскелерінде, тергеу изоляторлары мен уақытша ұстау изоляторларында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының шет мемлекеттердегі өкілдіктері жанынан, Қазақстан Республикасының

иелігіндегі және сайлау күні жүзуде жүрген кемелерде) құрылған сайлау учаскелері бойынша сайлаушылар тізімдері дауыс берілетін күннің алдындағы күндегі жағдай бойынша міндетті түрде нақтылануға тиіс.

9. Парламент Сенаты депутаттарын сайлау бойынша таңдаушылар тізімдерін тиісті аумақтық сайлау комиссиялары тиісті облыстық, қалалық (республикалық маңызы бар қала мен Республика астанасы) мәслихаты хатшысының ұсынуы бойынша жасайды.

10. Дауыстарды санау басталғаннан кейін сайлаушылар (таңдаушылар) тізімдеріне өзгерістер енгізуге тыйым салынады.

Ескерту. 24-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.04.14 N 545, 2005.04.15 N 44 Конституциялық заңдарымен.

25-бап. Сайлаушылардың (таңдаушылардың) тізіміне енгізу

1. Сайлаушылар тізімдеріне:

1) Республиканың белсенді сайлау құқығы бар азаматтары;

2) тиісті сайлау учаскелері аумағында тұрғылықты жері бойынша тіркелген азаматтар;

3) демалыс үйлерінде, санаторийлерде, тұрақты емдеу-профилактикалық мекемелерінде, шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда орналасқан азаматтар тұратын мекендерде, алыс мал шаруашылығы учаскелерінде, тергеу изоляторлары мен уақытша ұстау изоляторларында, Қазақстан Республикасына қарайтын және дауыс беретін күні жүзуде жүрген кемелерде құрылған сайлау учаскелері бойынша дауыс беруді өткізетін күні аталған мекемелер мен ұйымдарда немесе кеме бортында болған азаматтардың бәрі;

4) әскер бөлімдері бойынша әскер бөлімдерінде тұрған әскери қызметшілердің барлығы, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері және әскер бөлімдері орналасқан жерлерде тұратын басқа да сайлаушылар енгізіледі. Әскер бөлімдерінен тыс жерлерде тұратын әскери қызметшілер сайлаушылар тізіміне тұрғылықты жері бойынша жалпы негізде енгізіледі;

5) шет мемлекеттердегі Қазақстан Республикасының өкілдіктері жанындағы сайлау учаскелері бойынша тиісті шет мемлекетте тұратын немесе ұзақ мерзімді шетелдік іссапарда жүрген әрі Республиканың жарамды паспорты бар барлық азаматтар енгізіледі. Шет мемлекетке жеке шақыру

бойынша, қызметтік, іскерлік және туристік сапарға келген Республика азаматтары учаскелік сайлау комиссиясына өтініш жасаған жағдайда және олардың Қазақстан Республикасы азаматы деген жарамды паспорты болса, сайлаушылар тізіміне енгізіледі.

2. Таңдаушылар тізіміне:

1) облыс аумағында орналасқан мәслихаттардың;

2) тиісінше республикалық маңызы бар қала мен Республика астанасы мәслихатының барлық депутаттары енгізіледі.

3. Азамат (таңдаушы) сайлаушылардың (таңдаушылардың) бір ғана тізіміне ене алады.

Ескерту. 25-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.04.14 N 545, 2005.04.15 N 44 Конституциялық заңдарымен.

26-бап. Сайлаушылардың (таңдаушылардың) тізімімен таныстыру

1. Азаматтардың тұрғылықты жері бойынша құрылған сайлау учаскелеріндегі сайлаушылар тізімдерін дауыс беретін күнге он бес күн қалғанда тиісті сайлау комиссиялары танысу үшін сайлаушыларға береді.

Әскери бөлімдерде, Қазақстан Республикасына тиесілі және сайлау күні жүзуде жүрген кемелерде, демалыс үйлерінде, санаторийлерде, тұрақты емдеу-профилактикалық мекемелерде, шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда орналасқан азаматтар тұратын жерлерде, алыс мал шаруашылығы учаскелерінде, тергеу изоляторлары мен уақытша ұстау изоляторларында, Қазақстан Республикасының шет мемлекеттердегі шетелдік мекемелерінің жанынан құрылған сайлау учаскелері бойынша сайлаушылар тізімдері сайлаушыларға танысу үшін дауыс беруге бес күн қалғанда; өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау өткізілетін кезде құрылған сайлау учаскелері бойынша - дауыс беруге жеті күн қалғанда беріледі.

2. Сенат депутаттарын сайлау бойынша таңдаушылар тізімдері танысу үшін жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау жолымен сайлауға дейін кемінде жеті күн бұрын ұсынылады.

3. Азаматтарға (таңдаушыларға) тиісті сайлау комиссияларының үй-жайларында сайлаушылар (таңдаушылар) тізімімен танысу, сондай-ақ оларға енгізілген сайлаушылар (таңдаушылар) жөніндегі деректердің дұрыстығын тексеру мүмкіндігі беріледі.

Учаскелік сайлау комиссияларының жұмыс кестесін, дауыс беру күнін қоспағанда, тиісті аумақтық сайлау комиссиялары айқындайды.

4. Әрбір азамат (таңдаушы) сайлаушылар тізімдеріндегі өзі туралы деректерді тексеруге және тізімге енгізілмегені, дұрыс енгізілмегені немесе тізімнен шығарып тасталғаны, сондай-ақ тізімдердегі сайлаушы (таңдаушы) туралы деректерде жаңсақтық жіберілгені үшін шағымдануға құқылы. Сайлаушылар тізіміне енгізу, одан шығару не тізімдерге түзетулер жасау қажеттігі туралы арыздарды тиісті сайлау комиссиясы сайлау комиссиясына арыз келіп түскен күні қарайды. Арыз мақұлданбаған жағдайда сайлау комиссиясы арызданушыға оның арызының мақұлданбағаны туралы

дәлелді шешімнің көшірмесін кешіктірмей береді. Шешімге сайлау комиссиясы орналасқан жердегі тиісті сотқа шағым жасалуы мүмкін, сот шағымды келіп түскен күні қарайды. Арызданушы үшін дұрыс шешім қабылданған жағдайда сайлау комиссиясы сайлаушылар (таңдаушылар) тізіміне түзетуді немесе енгізілмеген сайлаушыны тізімге енгізуді дереу жүргізеді.

Ескерту. 26-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.04.14 N 545, 2009.02.09 N 124-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 31.07.2015 № 340-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

5-тарау. Сайлау алдындағы үгіт

27-бап. Сайлау алдындағы үгіт

1. Сайлау алдындағы үгіт - сайлаушылардың белгілі бір кандидатты, саяси партияны жақтап немесе қарсы дауыс беруге қатысуына түрткі болу мақсатындағы қызмет.

Шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік заңды тұлғалардың және халықаралық ұйымдардың кандидаттарды, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партияларды ұсынуға және сайлауға, сайлауда белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге кедергі болатын және (немесе) демеп жіберетін қызметті жүзеге асыруына тыйым салынады.

2. Сайлау алдындағы үгіт кандидаттар тіркелген мерзімі аяқталған кезден басталып, сайлау болатын күннің алдындағы күнгі жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады. Қайтадан дауыс беруді өткізген кезде сайлау алдындағы үгіт қайтадан дауыс беру күні тағайындалған күннен басталып, сайлау болатын күннің алдындағы күнгі жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады.

3. Сайлау алдындағы үгіт:

1) бұқаралық ақпарат құралдары арқылы;

2) сайлау алдындағы жария іс-шараларды (сайлау алдындағы жиналыстарды және сайлаушылармен (таңдаушылармен) кездесулерді, сайлау алдындағы жария пікір таластар мен пікір алысуларды, митингілерді, шерулерді, демонстрацияларды және заңнамада белгіленген тәртіппен және осы Конституциялық заңда тыйым салынбаған өзге де сайлау алдындағы іс-шараларды), сондай-ақ кандидаттардың және олардың сенім білдірген адамдарының сайлаушылармен (таңдаушылармен) жеке кездесулерін өткізу жолымен;

3) баспа, дыбыс-бейне және өзге де үгіт материалдарын шығару және (немесе) тарату жолымен жүзеге асырылады.

4. Мыналарға:

1) мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, сондай-ақ қызметтік міндеттерін орындау кезінде олардың лауазымды адамдарына;

2) Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери қызметшілеріне, ұлттық қауіпсіздік органдарының, құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен судьяларға;

3) сайлау комиссияларының мүшелеріне;

4) діни бірлестіктерге сайлау алдындағы үгітті жүргізуге, кез келген сайлау алдындағы үгіт материалдарын таратуға тыйым салынады.

5. Мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары болып табылатын кандидаттарға өзінің лауазымдық немесе қызмет жағдайының артықшылықтарын пайдалануға тыйым салынады.

Осы Конституциялық заңда мыналар:

1) бағынышты немесе басқа да қызмет жағынан тәуелді адамдарды, аталған адамдар кандидаттың сенім білдірген адамдары ретінде үгітті жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда, сайлау алдындағы үгіт жүргізуге тарту;

2) кандидаттың, партиялық тізім ұсынған саяси партияның сайлануына септігін тигізетін қызметті жүзеге асыру үшін мемлекеттік органдар орналасқан үй-жайларды пайдалану, егер өзге кандидаттарға, саяси партияларға аталған үй-жайларды осындай шарттармен пайдалануға кепілдік берілмесе, лауазымдық немесе қызмет жағдайының артықшылықтарын пайдалану деп ұғынылады.

Осы тармақта белгіленген шектеулерді сақтау лауазымды адамдарға өздерінің қызметтік міндеттерін орындауға кедергі келтірмеуге тиіс.

6. Кандидаттар не олардың сенім білдірген адамдары болып тіркелген журналистердің, бұқаралық ақпарат құралдары редакциялары лауазымды адамдарының сайлауды бұқаралық ақпарат құралдары арқылы көрсетуге қатысуына құқығы жоқ.

7. Бұқаралық ақпарат құралдары кандидаттардың, саяси партиялардың сайлау науқанын объективті көрсетуді жүзеге асыруға; кандидаттың немесе саяси партияның ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне көрінеу нұқсан келтіретін үгіт материалдары мен өзге де ақпаратты жариялаудан аулақ болуға; өтініш келіп түскеннен кейін баспа басылымының таяудағы нөмірінде сол бетте, сондай көлемде және сол қаріппен немесе теледидар не радио хабарларында жиырма төрт сағат ішінде сондай уақытта аталған адамдарға ар-намысын, қадір-қасиетін және іскерлік беделін қорғауы үшін теріске шығаруды тегін жариялауына мүмкіндік беруге міндетті.

Бұқаралық ақпарат құралдары барлық кандидаттарды және партиялық тізімдерді ұсыну, оларды сайлау комиссияларының тіркеуі жөніндегі іс-шаралар туралы ақпаратты баспасөз бетінен орын, эфир уақытының көлемі бойынша бірдей таратуға міндетті.

Бұқаралық ақпарат құралдары тиісті сайлау комиссияларының сайлау алдындағы науқан барысы туралы ақпаратты және осы Конституциялық заңда белгіленген хабарламаларды жариялауына кідіріссіз мүмкіндік туғызады.

8. Бұқаралық ақпарат құралдарының лауазымды адамдары, осы Конституциялық заңның 29-бабының 1-тармағында көрсетілген материалдарды жариялау жағдайларын қоспағанда, кандидаттар мен саяси партиялардың сайлау алдындағы науқан барысында айтқан пікірлері үшін жауапты болмайды.

9. Сайлау науқаны үшін арнайы әзірленген баспа материалдарын, соның ішінде безендірілген материалдарды, сондай-ақ омырауға тағатын белгілерді, жалауларды, жалаушаларды тегін таратуды қоспағанда, сайлаушыларға тегін немесе жеңілдік шарттарымен тауарлар, бағалы қағаздар беріп, қызметтер көрсету, сондай-ақ лотереялар, қайырымдылық акцияларын өткізу, ақша төлеу не осындайларға уәде беру арқылы сайлау алдындағы үгітті жүргізу сайлау алдындағы жөнсіз үгіт деп саналады. Сайлау алдындағы жөнсіз үгітті жүргізуге тыйым салынады.

Сайлау жарияланған (тағайындалған) кезден бастап, кандидаттарға, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партияларға, сондай-ақ олардың атынан немесе оларды қолдап кез келген жеке және заңды тұлғаларға, ойын-сауық және спорттық іс-шараларын ұйымдастыруды қоспағанда, қайырымдылық іс-шараларын өткізуге тыйым салынады.

Кандидаттың, партиялық тізімін ұсынған саяси партияның, сондай-ақ олардың сенім білдірген адамдарының осы тармақта белгіленген ережелерді бұзуы кандидатты, партиялық тізімді тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға әкеп соғады.

10. Қандай да бір адамның бейнесін - оның жазбаша келісімінсіз, ал ол қайтыс болған жағдайда мұрагерлерінің жазбаша келісімінсіз пайдалану арқылы сайлау алдындағы үгіт жүргізуге тыйым салынады.

Ескерту. 27-бап жаңа редакцияда - ҚР 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2005.04.15 N 44, 2009.02.09 N 124-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Конституциялық заңдарымен.

28-бап. Сайлау алдындағы үгіт жүргізу құқығы

1. Мемлекет азаматтарға, қоғамдық бірлестіктерге Қазақстан Республикасының осы Конституциялық заңына, өзге де заң актілеріне сәйкес белгілі бір кандидатты, саяси партияны жақтап не қарсы кедергісіз сайлау алдындағы үгіт жүргізу құқығына кепілдік береді.

Осы Конституциялық заңға сәйкес сайлау қорларын құрмайтын азаматтар, қоғамдық бірлестіктер қаржыландыруды талап етпейтін сайлау алдындағы үгіт жүргізуге құқылы.

2. Осы Конституциялық заңға сәйкес белгіленген тіркеу мерзімі аяқталған кезден бастап, үгіт науқаны аяқталғанға дейін кандидаттардың, партиялық тізімін ұсынған саяси партиялардың өздерінің сайлау алдындағы бағдарламаларын баспасөзде және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында үгіттеуге және насихаттауға құқығы бар.

Кандидаттардың, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялардың сайлау алдындағы үгіт жүргізуі үшін бұқаралық ақпарат құралдарына қол жеткізуінің тең жағдайына кепілдік беріледі.

3. Мемлекет кандидаттарға өз бағдарламаларымен бұқаралық ақпарат құралдарына шығуы үшін бірдей қаражат бөлінуіне кепілдік береді. Әрбір кандидаттың телевизиядан он бес минуттық сөз сөйлеуіне, радиодан он минуттық сөз сөйлеуіне, сондай-ақ баспа басылымдарында 0,1 баспа табақтан аспайтын көлемде екі мақала жариялауына қаражат беріледі.

Партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялар теледидарда Орталық сайлау комиссиясы ұйымдастыратын, ол белгілейтін уақыт көлемінде саяси пікір-сайыстарға қатысуға құқылы.

Бұқаралық ақпарат құралдары тіркелген кандидаттарға және партиялық тізімдерін ұсынған саяси партияларға шарттық негізде эфир уақытын, баспасөз бетінен орын береді. Бұқаралық ақпарат құралдарында кандидаттарға және партиялық тізімдерін ұсынған саяси партияларға эфир уақытын, баспасөз бетінен орын беру туралы шарттың талаптары белгілі бір кандидатқа, саяси партияға артықшылық туғызбауға тиіс. Эфирден және баспасөзден орын беру төлемінің мөлшері, шарттары мен тәртібі туралы мәліметтерді тиісті телерадиохабарларын тарату ұйымы, мерзімдік баспа басылымының редакциясы сайлаудың тағайындалғаны туралы шешім ресми жарияланғаннан кейінгі оныншы күннен кешіктірмей хабарлауға және жариялауға тиіс, сондай-ақ Президент сайлауы кезінде - Орталық және облыстық сайлау комиссияларына, Парламенттің, мәслихаттардың депутаттары мен өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерін сайлау кезінде өзге де аумақтық, сондай-ақ округтік сайлау комиссияларына берілуге тиіс.

Бұқаралық ақпарат құралы кандидаттардың, партиялық тізімін ұсынған саяси партиялардың біріне эфир уақытын, баспасөз бетінен орын бөлуге берген келісімі басқа да кандидаттарға, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партияларға эфир уақытын, баспасөз бетінен орын бөлуге келісім беруі болып табылады.

Кандидаттар мен партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялардың бұқаралық ақпарат құралдарына шығуының кезектілігі жазбаша өтініштердің келіп түсу ретімен не егер өтініштер бір мезгілде келіп түссе, жеребе бойынша белгіленеді.

Кандидаттардың телевизия мен радиода сөйлеп жатқан сөздерін бөлуге және сөйлеген сөздеріне іле-шала, сондай-ақ баспа басылымдарындағы сөздеріне сол нөмірде түсініктеме жасауға тыйым салынады.

4. Жергілікті атқарушы органдар және жергілікті өзін-өзі басқару органдары кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде үй-жай береді. Үй-жай беру шарты барлық кандидаттар үшін бірдей және тең болуға тиіс.

Сайлау комиссиялары жергілікті атқарушы органдармен және жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен бірлесіп, бөлінген үй-жайда кандидаттардың сайлаушылармен кездесулер кестесін жасайды және оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды.

5. Тиісті сайлау комиссиялары партиялық тізімдер бойынша дауысқа түсетін кандидаттардан басқа кандидаттарға плакаттар, листовкалар, ұрандар мен өзге де үгіттік баспа материалдарын басып шығару үшін бірдей мөлшерде ақша бөледі. Барлық үгіттік баспа материалдарында сол материалдарды шығарған ұйым, олар басылған жері мен таралымы, тапсырыс жасаған тұлғалар, қандай қаражаттан төленгендігі туралы мәліметтер болуға тиіс. Үгіттік баспа материалдарын Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерлерде дайындауға, анонимдік үгіт материалдарын таратуға тыйым салынады.

6. Жергілікті атқарушы органдар тиісті сайлау комиссияларымен бірлесіп барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орын белгілейді және оларды стендтермен, тақталармен, тұғырлықтармен жарақтандырады. Үгіттік баспа материалдары барлық кандидаттар үшін тең құқықтар қамтамасыз ететін жағдайда орналастырылады.

Кандидаттар үгіттік баспа материалдарын тиісті объект иесінің рұқсатымен өзге де орындарда іліп қоюға құқылы.

Үгіт материалдарын ескерткіштерге, ескерткіш тұғырларға, тарихи, мәдени немесе сәулеттік құндылығы бар үйлер мен ғимараттарға, сондай-ақ дауыс беруге арналған үй-жайларға іліп қоюға тыйым салынады.

Сайлау комиссиясының үй-жайы мен дауыс беруге арналған үй-жайда кандидаттың фотосуретімен және Орталық сайлау комиссиясы белгілеген мәліметтердің стандартты жиынтығымен, бір нысанда кандидаттар туралы ақпарат орналастырылады.

Сайлау комиссиясының үй-жайы мен дауыс беруге арналған үй-жайда партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялар туралы Орталық сайлау комиссиясы белгілеген мәліметтердің стандартты жиынтығынан тұратын бірыңғай форматтағы ақпарат орналастырылады.

7. Президенттікке, Парламент және мәслихат депутаттығына кандидаттар өз сайлау қорларының қаражаты есебінен бұқаралық ақпарат құралдарына шығуға, сайлау алдындағы жария іс-шараларды өткізуге, қосымша үгіт материалдарын шығаруға байланысты шығындарды төлеуге, сондай-ақ көлік және іссапар шығыстарының орнын толтыруға құқылы. Бұл мақсатқа кез келген басқа көздерден өзге ақша тартуға, сайлау науқаны барысында кандидаттар пайдаланатын, кандидаттардың сайлау қорлары қаражатынан ақысы төленбеген жеке және заңды тұлғалардың кез келген тауарын, жұмысы мен қызметін қабылдауға, аталған жеке және заңды тұлғаларға осы қызметтердің көрсетілгені үшін кандидат тарапынан жәрдемнің кез келген түріне тыйым салынады.

Кандидатқа, саяси партияларға сайлау алдындағы үгітті жүргізуге байланысты қызмет көрсететін жеке және заңды тұлғаларда олардың осы қызметтерді қабылдауға жазбаша келісімі болуға тиіс. Жазбаша келісімі жоқ тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

8. Орталық және жергілікті атқарушы органдардың мерзімді баспа басылымдары сайлау комиссияларының хабарламаларын, сайлауға қатысатын кандидаттар туралы деректерді Орталық сайлау комиссиясы белгілеген тәртіппен және көлемде жариялауға міндетті.

9. Сайлаумен байланысты қоғамдық пікірге сұрау салу нәтижелерін жариялаған кезде бұқаралық ақпарат құралдары сұрау салуды жүргізген ұйымды, сұрау салуды жүргізуге тапсырыс берген және оның ақшасын төлеген адамдарды, сұрау салу жүргізілген уақытты, ақпарат жинау әдісін, сұрау салудың нақты тұжырымын, сұралғандардың саны мен сұрау салу нәтижесінің қателік коэффициентін көрсетуге міндетті.

Бұқаралық ақпарат құралдарында қоғамдық пікірге сұрау салу нәтижелерін, сайлау нәтижелерінің болжамын, сайлауға байланысты өзге де зерттеулерді дауыс берілетін күн алдындағы бес күн ішінде және дауыс берілетін күні жариялауға жол берілмейді.

Сайлау күні дауыс берілетін үй-жайда немесе дауыс беру пунктінде қоғамдық пікірге сұрау салуға тыйым салынады.

Ескерту. 28-бап жаңа редакцияда - ҚР 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.06.19 N 268, 2009.02.09 N 124-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Конституциялық заңдарымен.

29-бап. Кандидаттың, саяси партияның сайлау алдындағы бағдарламасы

Президенттікке, Парламент және мәслихат депутаттығына, жергілікті өзін-өзі басқару органының мүшелігіне кандидат, партиялық тізімін ұсынған саяси партия өзінің болашақ қызметінің сайлау алдындағы бағдарламасын баяндайды. Сайлау алдындағы бағдарламада Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгерту, оның тұтастығын бұзу, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыру, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұру, сондай-ақ заңдарда көзделмеген әскерилендірілген құралымдар құру идеялары уағыздалмауға тиіс.

Аталған талаптар бұзылған жағдайда тиісті сайлау комиссиясы кандидатты тіркеуден, саяси партияның партиялық тізімін тіркеуден бас тартуға, ал кандидат немесе саяси партия мұндай сайлау алдындағы бағдарламаны тіркелгеннен кейін ұсынған жағдайда кандидатты немесе партиялық тізімді тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға құқылы.

Ескерту. 29-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2004.04.14. N 545 Заңымен .

30-бап. Бастамашыл топтар

Ескерту. 30-бап алынып тасталды - ҚР 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңымен.

31-бап. Сенім білдірген адамдар

1. Кандидаттардың, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялардың өздеріне сайлау науқанын жүргізуге көмектесетін, сайлау алдындағы үгітті жүргізетін, кандидаттар, саяси партиялар мүдделерін білдіретін сенім білдірілген адамдары болуына құқылы.

2. Кандидаттар, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялар сенім білдірілген адамдарын өздерінің қалаулары бойынша тиісті сайлау округіндегі әр сайлау учаскесіне үш адамнан аспайтын санда анықтайды және оларды тіркеу үшін тиісті сайлау комиссиясына хабарлайды.

Сенат депутаттығына кандидаттың әрбір ауданда, қалада, қаладағы ауданда бір-бірден сенім білдірілген адамдары болуына құқығы бар.

Кандидат, саяси партия сенім білдірілген адамдар ретінде ұсынған адамдар тиісті сайлау комиссиясына өзінің сенім білдірілген адам болуға келіскені туралы өз өтінішін табыс етеді.

3. Сайлау комиссиясы сенім білдірілген адамдарды тіркегеннен кейін оларға тиісті куәлік береді.

4. Сенім білдірілген адам Қазақстан Республикасының азаматы болуға тиіс, ол Сенат депутатын сайлау кезінде мәслихат депутаты, қандай да бір сайлау комиссиясының мүшесі, саяси мемлекеттік қызметші лауазымындағы адам болмауға тиіс.

5. Сенім білдірілген адамдар Қазақстан Республикасының саяси партиялары, өзге де қоғамдық бірлестіктері, коммерциялық емес ұйымдары байқаушыларының құқықтарын иеленеді, міндеттеріне ие болады және кандидаттың, партиялық тізімін ұсынған саяси партияның өздеріне жазбаша нысанда берген өкілеттігі шегінде әрекет етеді.

6. Сенім білдірілген адамдар сайлау науқаны аяқталғаннан кейін, өз ұйғарымымен, кандидаттың және партиялық тізімін ұсынған саяси партияның шешімімен, сондай-ақ кандидатты, партиялық тізімді тіркеудің күші жойылған, осы Конституциялық заң бұзылған жағдайларда өз мәртебесінен айырылады.

Ескерту. 31-бап жаңа редакцияда - ҚР 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2005.04.15 N 44, 2007.06.19 N 268 Конституциялық заңдарымен.

32-бап. Сайлау алдындағы үгітті тоқтату

1. Сайлау болатын күні және оның қарсаңындағы күні кез келген үгітке тыйым салынады.

2. Сайлау комиссияларының үй-жайларынан және дауыс беруге арналған үй-жайлардан тыс жерлерде бұрыннан ілулі тұрған баспа үгіт материалдарын сол орындарында қалдыруға болады.

Ескерту. 32-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңымен.

6-тарау. Сайлауды қаржыландыру

33-бап. Сайлауды мемлекеттік қаржыландыру

1. Партиялық тізімдер бойынша сайланатын Парламент Мәжілісі депутаттарының сайлауын қоспағанда, Президенттің, Парламент, мәслихаттар депутаттарының, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерінің сайлауы республикалық бюджет қаражатынан жергілікті атқарушы органдардың осы мақсаттарға арнап ашылған шоттары арқылы қаржыландырылады. Бұл шоттарға республикалық бюджеттен түсетін бюджет қаражатына иелік етуді аумақтық сайлау комиссиялары жүзеге асырады. Қаржыландыру тәртібі Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасында белгіленеді.

2. Республикалық бюджет қаражатынан:

1) сайлау комиссияларын ұйымдастыру мен оның қызметіне, үй-жайды жалға алуға, іссапар шығыстарына, консультанттарға, сарапшыларға, лингвистикалық комиссияның мүшелеріне, электронды сайлау жүйелерінің пайдаланылуын қамтамасыз ететін мамандарға еңбек ақы төлеуге;

2) осы Конституциялық заңның 28-бабының 3-тармағына сәйкес партиялық тізімдер бойынша дауысқа түсетін кандидаттардан басқа кандидаттардың бұқаралық ақпарат құралдарындағы сөздеріне;

3) осы Конституциялық заңның 28-бабының 4 және 5-тармақтарына сәйкес жүргізілетін кандидаттардың сайлау алдындағы көпшілік шараларын өткізуге, партиялық тізімдер бойынша дауысқа түсетін кандидаттардан басқа кандидаттардың үгіт материалдарын шығаруға;

4) партиялық тізімдер бойынша дауысқа түсетін кандидаттардан басқа кандидаттардың Орталық сайлау комиссиясы белгілеген мөлшерде көлікке;

5) сайлау комиссиясының үй-жайы мен дауыс беруге арналған үй-жайда орналастырылатын Президенттікке, Парламент Сенатының және мәслихаттардың депутаттығына, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелігіне кандидаттар туралы, сондай-ақ партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялар туралы ақпараттық плакаттарды дайындауға жұмсаған шығындары жабылады.

3. Халықаралық ұйымдар мен халықаралық қоғамдық бірлестіктер, шетелдік мемлекеттік органдар, шет елдердің Заңды тұлғалары мен азаматтығы жоқ адамдар тарапынан Республикадағы сайлауды қаржыландыруға, олардың қандай да болмасын тікелей немесе жанама түрде республикадағы сайлауды қаржыландыруға қатысуына тыйым салынады.

4. Алып тасталды - 2005.04.15 N 44 Конституциялық Заңымен.

Ескерту. 33-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375, 2004.04.14 N 545, 2005.04.15 N 44, 2007.06.19 N 268, 2009.02.09 N 124-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Конституциялық заңдарымен.

34-бап. Сайлауды мемлекеттік емес қаржыландыру

1. Президентті және Парламент және мәслихаттар депутаттарын сайлауда кандидаттардың сайлау алдындағы үгітін осы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен құрылатын сайлау қорлары қаражатынан қаржыландыруға болады.

2. Сайлау қорлары заңдарда белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуге жатады.

3. Сайлау қорлары мынадай көздерден:

1) кандидаттардың жеке қаражатынан, саяси партиялардың қаражатынан;

2) кандидатқа оны ұсынған Республиканың қоғамдық бірлестігі бөлген қаражаттан;

3) Республика азаматтары мен ұйымдарының ерікті қайырмалдықтарынан құралады. Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қайырымдылық ұйымдарының, діни бірлестіктердің, өздерінің жарғылық капиталында шетелдік қатысушысы бар қазақстандық заңды тұлғалардың ерікті қайырмалдықтарына, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың анонимдік қайырмалдықтарына тыйым салынады.

4. Сайлау қорларына заңды жолмен алынған қаражат қана беріледі. Қорға келіп түскен ақшаның жалпы сомасы және оның көздері туралы ақпаратты сайлау қорытындылары жарияланғаннан кейін он күн ішінде:

Қазақстан Республикасының Президентін, Парламент Мәжілісінің депутаттарын партиялық тізім бойынша сайлау кезінде - Орталық сайлау комиссиясы;

Парламент Сенатының депутаттарын сайлау кезінде - облыстық (республикалық маңызы бар қалалардың және астананың) сайлау комиссиялары;

мәслихаттардың депутаттарын сайлау кезінде - округтік сайлау комиссиялары бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды.

5. Аталған көздерден сайлау қорларына жолдануы мүмкін ақшалай қаражаттың шекті мөлшері осы Конституциялық заңның Ерекше бөлімінде белгіленеді. Белгіленген мөлшерден артық түскен ақша

қаражаты сайлау қорына есептеуге жатқызылмайды және оларды қосқан азаматтар мен ұйымдарға қайтарылып беріледі. Бұл ретте аталған қаражатты қайтаруға байланысты шығыстар оларды енгізген азаматтар мен ұйымдар есебінен жабылады. Дерекі жоқ қайырмалдықтар республикалық бюджет кірісіне енгізіледі.

6. Сайлау қорын құрайтын ақша қаражаты кандидат, партиялық тізім тіркелгеннен кейін тиісті сайлау комиссиясы банк мекемелерінде ашатын арнаулы уақытша шоттарға түсіріледі. Аталған шот бойынша кіріс есептелмейді және төленбейді. Осы Конституциялық заңда аталған мақсаттар үшін сайлау қорының қаражатына иелік ету құқығы тек қана кандидатқа және партиялық тізімдерді ұсынған саяси партияларға беріледі. Банктер тиісті сайлау комиссиясына арнаулы уақытша шотқа келіп түскен қаражат және олардың жұмсалуды туралы апта сайын есеп береді. Тиісті сайлау комиссиясының сұратуы бойынша сол мәліметтер жиырма төрт сағаттың ішінде беріледі. Сайлау қорларының қаражатын жұмсау тәртібін және тиісті банк мекемесін Орталық сайлау комиссиясы белгілейді.

7. Кандидат өз кандидатурасын алып тастаған саяси партия партиялық тізімді кері қайтарып алған немесе кандидатты, партиялық тізімді ұсыну немесе кандидатты, партиялық тізімді тіркеу туралы шешімнің күші жойылған жағдайда сайлау қорына түскен ақша қаражаты оны қосқан азаматтар мен ұйымдарға дереу қайтарылуға жатады. Бұл ретте аталған қаражатты қайтаруға байланысты шығыстар оларды енгізген азаматтар мен ұйымдар есебінен жабылады.

8. Арнаулы уақытша шоттар бойынша барлық қаржылық операциялар, оның ішінде жеке және заңды тұлғалармен есеп айырысулар, міндетті аударымдар, салықтар және бюджетке төленетін басқа да төлемдер сайлаудың алдындағы күні сағат 18-де тоқтатылады.

Қайта дауыс беру өткізілген жағдайда кандидаттың сайлау қорына түсіруге рұқсат берілген ақшаның шекті сомасы бір жарым есе ұлғайтылады.

Қайтадан дауыс беру өткізілген кезде өздеріне қатысты қайтадан дауыс беру өткізілетін кандидаттардың арнаулы уақытша шоттары бойынша қаржы операциялары қайтадан дауыс беру тағайындалған күні қайта жаңғыртылады және сайлау күнінің алдындағы күнгі сағат он сегізде тоқтатылады.

Сайлау қорына ол құрылған кезден бастап түскен ақшаның жалпы сомасы осы Конституциялық заңмен белгіленген шектен аспауға тиіс.

9. Сайлау қорытындылары анықталғаннан кейін бес күннен кешіктірмей кандидат, саяси партия тиісті сайлау комиссиясына өзінің сайлау қорының қаражатын пайдаланғаны жөнінде есеп беруге міндетті. Сайлау қорының сайлау науқаны мақсаттарына жұмсалмай қалған ақшалай қаражатының үштен екісі республикалық бюджетке жіберіледі, ал үштен бірі кандидатқа, саяси партияға қайтарылады.

10. Кандидаттың, партиялық тізімін ұсынған саяси партияның осы баптың 1-8-тармақтарында белгіленген ережелерді, сондай-ақ Орталық сайлау комиссиясы белгілеген сайлау қорлары қаражатын жұмсау тәртібін бұзуы - кандидатты, партиялық тізімді тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға, ал сайлау өткізілгеннен кейін кандидаттың Президент, Парламент депутаты, мәслихат депутаты, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органының мүшесі ретінде тіркелуіне дейін тиісті аумақ немесе округ бойынша сайлауды жарамсыз деп тануға әкеп соғады.

Ескерту. 34-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375, 2004.04.14 N 545, 2005.04.15 N 44, 2007.06.19 N 268, 2009.02.09 N 124-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Конституциялық заңдарымен.

35-бап. Сайлау шараларын сайлау комиссияларының қаржыландыруы

1. Президентті, Парламент, мәслихаттар депутаттарын, сондай-ақ өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау кезіндегі сайлау іс-шараларын қаржыландыруды Орталық сайлау комиссиясы жүзеге асырады.

2. Сайлау комиссияларының төрағалары ақшалай қаражатқа иелік етеді және қаржы құжаттарының сайлау комиссияларының қаржы мәселелері жөніндегі шешімдеріне сай келуі үшін жауап береді.

Ескерту. 35-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңдарымен.

36-бап. Сайлау науқанын өткізуге бөлінген қаражаттың жұмсалуды бақылауы

1. Сайлау науқандарына республикалық бюджеттен бөлінген қаражатты кандидаттардың жұмсауын бақылау Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Сайлау қорлары қаражатының жұмсалуды бақылауды тиісті сайлау комиссиялары және банк мекемелері жүзеге асырады.

3. Тиісті сайлау комиссияларының ұсынысы бойынша аталған бақылауды жүргізуге өздерінің құзыретіне сәйкес мемлекеттік органдардың мамандары тартылуы мүмкін.

Ескерту. 36-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375, 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңдарымен.

7-тарау. Дауыс беру тәртібі

37-бап. Сайлау бюллетені

1. Сайлау бюллетеніне мемлекеттік тілдің әліпбилік тәртібімен тегі, аты, әкесінің аты көрсетіле отырып, барлық тіркелген кандидаттар енгізіледі. Саяси партияларға дауыс беруге арналған сайлау бюллетеніне жеребемен айқындалған тәртіппен саяси партиялардың атаулары енгізіледі. Жеребе тартуды Орталық сайлау комиссиясы жүргізеді. Жеребе тартуды өткізудің тәртібін Орталық сайлау комиссиясы белгілейді.

2. Сайлау бюллетеньдері мемлекеттік тілде және орыс тілінде басылады.

Сайлау бюллетеньдері сайлау округіндегі сайлаушылардың жалпы санының 1 проценті резервімен сайлау округіндегі сайлаушылардың санына тең мөлшерде дайындалады.

3. Сайлау бюллетеньдері учаскелік сайлау комиссияларына сайлаудан кем дегенде бір күн бұрын сайлау учаскесіндегі сайлаушылардың жалпы санының 1 проценті резервімен жеткізіледі.

4. Алып тасталды - ҚР 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңымен.

5. Сайлау бюллетеньдері орналасқан үй мөрлеп бекітіліп, ішкі істер органдарының күзетуіне тапсырылады.

Ескерту. 37-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375, 2004.04.14 N 545, 2007.06.19 N 268 Конституциялық заңдарымен.

38-бап. Дауыс беру уақыты мен орны

1. Президентті, Парламент Мәжілісі мен мәслихаттар депутаттарын, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерін сайлау жөніндегі дауыс беру сайлау күні жергілікті уақытпен сағат жетіден жиырмаға дейін өткізіледі. Аумақтық немесе округтік сайлау комиссиялары тиісті әкімнің, учаскелік сайлау комиссияларының ұсынысы бойынша дауыс беруді бастайтын және аяқтайтын басқа уақыт белгілеуге хақылы. Бұл орайда дауыс беруді сағат алтыдан ерте бастап, сағат жиырма екіден кеш аяқтауға болмайды. Дауыс беруді бастау және аяқтау уақытын өзгерту туралы аумақтық немесе округтік комиссиялардың шешімі сайлаушылардың назарына жеткізілуге тиіс.

2. Учаскелік сайлау комиссиясы дауыс беретін уақыт пен орын туралы дауыс беру өткізілетін күнге дейін он күннен кешіктірмей, ал мәслихаттардан басқа, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерінің сайлауын өткізген кезде бес күннен кешіктірмей сайлаушыларды бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, сондай-ақ өзге де әдістермен хабардар етуге тиіс.

3. Қазақстан Республикасының иелігіндегі және сайлау күні жүзуде жүрген кемелерде, әскер бөлімдерінде, шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда, алыстағы мал шаруашылығы учаскелерінде, демалыс үйлерінде, санаторийлерде, тұрақты емдеу-профилактикалық мекемелерінде, тергеу изоляторлары мен уақытша ұстау изоляторларында, сондай-ақ шет мемлекеттердегі Қазақстан Республикасының өкілдіктері жанынан құрылған сайлау учаскелерінде, егер тізімге енгізілген сайлаушылардың бәрі дауыс берсе, учаскелік сайлау комиссиясы дауыс беруді кез келген уақытта аяқталды деп жариялай алады. Мұндай учаскелердің тізбесін тиісті сайлау комиссиясы сайлауға дейін жеті күннен кешіктірмей, мәслихаттардан басқа, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлауды өткізгенде үш күннен кешіктірмей бекітеді.

4. Сенат депутаттарын сайлау бойынша дауыс беру бір күннің ішінде өткізіледі. Бұл ретте дауыс беру уақытын аумақтық сайлау комиссиясы анықтайды.

Ескерту. 38-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.04.14 N 545, 2007.06.19 N 268, 2009.02.09 N 124-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Конституциялық заңдарымен.

39-бап. Дауыс беруге арналған үй-жай

1. Президентті, Парламенттің, мәслихаттардың депутаттарын, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлауға дауыс беру арнайы бөлінген бөлмелерде өткізілуге тиіс, оларда жасырын дауыс беруге арналған кабиналар жеткілікті мөлшерде жабдықталуға, сайлау бюллетеньдерін беретін орындар белгіленіп, дауыс беруге арналған жәшіктердің қойылуы дауыс беретін адамдар оларға жасырын дауыс беруге арналған кабиналар арқылы өтіп келетіндей болуға тиіс. Бұл ретте байқаушылар, сенім білдірілген адамдар, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері мен сайлау комиссиясы мүшелерінің сайлау жәшіктерін, жасырын дауыс беруге арналған кабиналарға кіруді және шығуды бақылауына жағдай жасалуға тиіс.

2. Дауыс беруге арналған үй-жайдағы адамдар дауыс беруді өткізу жөніндегі комиссия белгілеген ережелерді қатаң сақтауға міндетті. Тиісті сайлау комиссиясының төрағасы бір мезгілде

дауыс беруге арналған үй-жайдағы сайлаушылардың санын реттейді; тәртіпке жауапты болады және осы Конституциялық заңның ережелерін бұзып, дауыс беруді өткізуге кедергі келтірген кез келген адамның ол жерден кетуін талап етуге хақылы.

Дауыс беру күні дауыс беруге арналған үй-жайда сайлау процесіне қатысы жоқ бөгде адамдардың болуына тыйым салынады.

Қазақстан Республикасының Сайлау туралы заңдарын бұзған жағдайда, учаскелік сайлау комиссиясының мүшесі оның жұмысына қатысудан дереу шеттетіледі, ал байқаушы мен өзге адамдар сайлау комиссиясының жазбаша нысанда қабылданған дәлелді шешімі бойынша дауыс беруге арналған үй-жайдан шығарылады.

Осы шешімнің орындалуын ішкі істер органдары жүзеге асырады, олар сонымен қатар сайлау комиссиясының шеттетілген мүшесін, сондай-ақ шығарылған байқаушыны немесе өзге адамды Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа тарту жөнінде шаралар қабылдайды.

3. Дауыс беруге арналған үй-жайларда тәртіпті қамтамасыз ету ішкі істер органдарына жүктеледі. Ішкі істер органдарының қызметкерлері дауыс беруге арналған үй-жайда комиссия төрағасының шақыруымен ғана болуға тиіс және тәртіп қалпына келтірілгеннен кейін не комиссия төрағасының өтініші бойынша ол жерден дереу шығуға міндетті.

Ескерту. 39-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375, 2004.04.14 N 545, 2009.02.09 N 124-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Конституциялық заңдарымен.

40-бап. Дауыс беруді ашу

1. Президентті, партиялық тізім бойынша сайланатын Мәжілістің депутаттарын, мәслихаттардың депутаттарын, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау жөнінде дауыс беретін күні учаскелік сайлау комиссиялары дауыс беру басталғанға дейін бір сағат бұрын дауыс беруге арналған учаскелерді аша бастауға тиіс.

2. Сенат депутаттарын және Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын Парламент Мәжілісі депутаттарын сайлау жөнінде дауыс беретін күні тиісті аумақтық сайлау комиссиялары дауыс беру басталғанға дейін бір сағат бұрын дауыс беруге арналған пункттерді аша бастауға тиіс.

3. Алып тасталды - ҚР 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңымен.

4. Учаскелік (аумақтық) сайлау комиссиясының төрағасы:

1) дауыс беру басталардан отыз минут бұрын комиссия мүшелерінің қатысуымен сайлау жәшіктерінде сайлау бюллетеньдерінің бар екенін немесе жоқ екенін, жәшіктердің бүтіндігін тексереді, дауыс беруге арналған жәшіктерге пломба салады немесе мөр басады;

2) комиссияның сайлау бюллетеньдерін беруге жауапты мүшелерін белгілейді.

Ескерту. 40-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.04.14 N 545, 2007.06.19 N 268 Конституциялық заңдарымен.

41-бап. Дауыс беруді ұйымдастыру

1. Әрбір сайлаушы (таңдаушы) өзі дауыс береді.

2. Сайлауда дауыс құқығын басқа біреуге беруге және сол сияқты басқа адам үшін дауыс беруге жол берілмейді.

3. Дауыс беруге арналған бюллетеньдер сайлаушыларға (таңдаушыларға) сайлаушылар тізімдері (таңдаушылар тізімдері) негізінде сайлаушының (таңдаушының) жеке басын куәландыратын құжатты көрсетуі бойынша беріледі.

4. Сайлаушылар (таңдаушылар) тізімге бюллетеньдерді алғандығы туралы қол қояды.

5. Комиссияның бюллетеньді (бюллетеньдерді) берген мүшесі оларға өзінің қолын қояды, сондай-ақ бюллетеньді (бюллетеньдерді) алған сайлаушының (таңдаушының) тізімдегі тегінің тұсына қол қояды.

Сайлау комиссиясының төрағасы мен хатшысының бюллетеньдер беруге құқығы жоқ.

6. Жекелеген сайлаушылар денсаулық жағдайына, отбасының сырқат мүшесіне күтім жасау себебіне, сондай-ақ сайлау учаскелері құрылмаған шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда болуына байланысты дауыс беруге келе алмаған жағдайда, учаскелік сайлау комиссиясы олардың дауыс беру күні жергілікті уақыт бойынша сағат он екіден кешіктірілмей беріле алатын жазбаша өтініші бойынша осы сайлаушылардың тұрған жерінде дауыс беруді ұйымдастыруға тиіс.

Осы тармақта көрсетілген өтініш келіп түскен жағдайда, сайлау комиссиясының төрағасы өтініш берген сайлаушының сайлаушылар тізіміндегі аты-жөнінің тұсына тиісті белгі қояды.

Дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруді ұйымдастырған кезде тасымалданатын жәшіктерді сайлау комиссиясының екі мүшесі алып жүреді.

Учаскелік сайлау комиссиясының мүшелері байқаушыларды, сенім білдірілген адамдарды және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін сайлаушылардың дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруі туралы хабардар етуге міндетті.

Сайлау комиссиясының мүшелері дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруді ұйымдастыру үшін шыққан кезде оларға байқаушылар не сенім білдірілген адамдар ілесіп жүруге құқылы.

Дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруді ұйымдастыру кезінде сайлау комиссиясының мүшелері, сайлау бюллетеньдерінің бүлінуі мүмкін екендігі ескеріле отырып, олардың қажетті мөлшерімен қамтамасыз етілуге тиіс.

Дауыс беруге арналған үй-жайлардан тыс жерлерде дауыс берілген жағдайда бюллетень (бюллетеньдер) сайлаушыларға дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беру туралы өтініштерінің негізінде беріледі, олар бұл туралы өтініштеріне қол қояды.

Бюллетень (бюллетеньдер) берген комиссия мүшесі оған өз қолын қояды, сондай-ақ дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беру туралы өтінішке де қол қояды.

6-1. Жалпы жұрттың танысуы үшін сайлаушылар тізімдерін ұсыну мен сайлау күні арасындағы кезеңде сайлаушы өзінің болу орнын ауыстырған кезде учаскелік сайлау комиссиясы сайлаушының өтініші бойынша және ол жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде сайлаушыға дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін табыс етеді. Бұл ретте сайлаушылар тізіміне тиісті белгі қойылады. Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін көрсеткен кезде учаскелік сайлау комиссиясы дауыс беретін күні сайлаушыны оның келген орны бойынша сайлау учаскесіндегі сайлаушылар тізіміне енгізеді.

Есептен шығару куәлігі бір елді мекеннің шегіндегі басқа сайлау округінде немесе басқа сайлау учаскесінде дауыс беруге қатысқысы келетін сайлаушыларға берілмейді.

Есептен шығару куәліктерін беру дауыс беретін күннің алдындағы күні жергілікті уақыт бойынша сағат он сегізде тоқтатылады.

7. Алып тасталды - ҚР 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңымен.

8. Алып тасталды - ҚР 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңымен.

9. Дауыс беруді осы баптың 6-тармағына сәйкес ұйымдастырып, өткізу азаматтардың сайлау құқықтарын бұзу, дауыс беру құпиясын бұзу немесе сайлаушының ерік білдіруін бұрмалау мүмкіндігін болдырмауға тиіс.

Ескерту. 41-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375, 2004.04.14 N 545, 2005.04.15 N 44, 2007.06.19 N 268 Конституциялық заңдарымен.

42-бап. Дауыс беруді өткізу

1. Дауыс берушілер сайлау бюллетеньдерін жасырын дауыс беруге арналған кабиналарда толтырады. Оларды толтыру кезінде дауыс берушіден басқа кімнің болса да кіріп тұруына тыйым салынады. Бюллетеньдерді өз бетінше толтыруға мүмкіндігі жоқ сайлаушы (таңдаушы) өзі сенетін адамның көмегін пайдалануға хақылы, оның аты-жөні дауыс бергеннен кейін сайлаушылардың тізіміне тіркеліп, тұсына сайлаушының (таңдаушының) бюллетень алғандығы жөнінде қолы қойылады. Мыналар ондай адам болуға тиіс емес:

- 1) сайлау комиссиясының мүшесі;
- 2) жергілікті өкілді немесе атқарушы органның лауазымды адамы;
- 3) кандидаттың сенім білдірген адамы;
- 4) бұқаралық ақпарат құралдарының өкілі-журналист;
- 5) тиісті сайлау комиссиясында тіркелген байқаушы.

2. Сайлаушы (таңдаушы) өзі дауыс беретін кандидат тегінің оң жағындағы бос шаршының ішіне кез келген белгі соғады.

Сайлаушы саяси партиялардың атаулары бар бюллетеньде өзі жақтап дауыс беретін саяси партия атауының оң жағындағы бос шаршыға

кез келген белгі қояды.

3. Сайлаушы мәслихаттардан басқа, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органының мүшелерін сайлаған кезде өзі дауыс беретін кандидаттар тегінің оң жағындағы бос шаршының ішіне кез келген белгі соғады.

3-1. Бюллетеньге қарындашпен белгі қоюға, сондай-ақ оған қандай да болсын түзету енгізуге жол берілмейді.

4. Толтырылған бюллетеньдерді сайлаушы (таңдаушы) дауыс беруге арналған жәшікке салады.

5. Алып тасталды - ҚР 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңымен.

Ескерту. 42-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1998.11.06 N 285, 1999.05.06 N 375, 2004.04.14 N 545, 2007.06.19 N 268 Конституциялық заңдарымен.

8-тарау. Дауыс беру қорытындыларын анықтау

43-бап. Сайлау учаскесіндегі (дауыс беру пунктіндегі) дауыстарды санау

1. Президентті, партиялық тізімдер бойынша сайланатын Парламент Мәжілісінің депутаттары мен мәслихаттар депутаттарын, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерін сайлау кезінде барлық сайлау учаскелерінде дауыстарды санау, егер сол учаскеде осы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен дауыс беру уақыты өзгертілмеген болса, жергілікті уақытпен сағат жиырмада басталады. Дауыс беру уақыты өзгерген жағдайда дауыстарды санау дауыс беру аяқталғаннан кейін басталады.

Дауыстарды санауды сайлау комиссиясының мүшелері дауыс беру қорытындысы анықталғанға дейін үзіліссіз жүргізеді, қорытындылар осы Конституциялық заңға сәйкес дауыстарды санау кезінде қатысатын адамдардың назарына жеткізілуге тиіс. Сайлау учаскесінде дауыстарды санау уақыты санау басталған кезден бастап он екі сағаттан аспауға тиіс.

Дауыс беруге арналған үй-жайдағы дауыстарды санау жүргізілетін столдар учаскелік сайлау комиссиялары мүшелерінің іс-әрекетін үй-жайдағы қатысушы барлық адамдардың көріп отыруы қамтамасыз етілетіндей етіп орналастырылады. Дауыстарды санау кезінде қатысатын сенім білдірілген адамдар мен байқаушылар дауыстарды санауды бюллетеньдердегі белгілердің көрініп тұруы қамтамасыз етілетіндей қашықтық пен жағдайда байқап тұрады.

Сайлау бюллетеньдерін санау кезінде комиссия төрағасы немесе комиссияның белгілі бір мүшесі қатысушыларға сайлау бюллетенін көрсетеді және сайлаушының ерік білдіруін жариялайды.

Бұл ретте бюллетеньдер әрбір кандидат, партиялық тізімін ұсынған саяси партия бойынша және жарамсыз бюллетеньдер бойынша жеке-жеке қатталып жиналады.

2. Парламент Сенаты депутаттарын және Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын Парламент Мәжілісі депутаттарын сайлау кезінде дауыстарды санау дауыс беру аяқталғаннан кейін кідіріссіз басталады.

3. Дауыстарды санау әрбір кандидат, әрбір саяси партия бойынша жеке-жеке жүргізіледі. Дауыс беруге арналған жәшіктерді төраға дауыс берудің аяқталғаны туралы хабарлағаннан кейін тиісті сайлау комиссиясы ашуға тиіс. Дауыс беру аяқталғанға дейін жәшіктерді ашуға тыйым салынады.

3-1. Дауыс беру аяқталған соң бюллетеньдер салынған жәшіктерді ашқанға дейін учаскелік сайлау комиссиясы сайлаушылардың тізімдері бойынша бюллетеньдер алған сайлаушылардың есебін жүргізеді және олардың жалпы санын анықтайды. Учаскелік сайлау комиссиясының төрағасы не оның орнындағы комиссия мүшесі санау нәтижелерін жария етеді және оларды дауыс беру нәтижелері туралы хаттамаға енгізеді.

Бірінші болып тасымалданатын сайлау жәшіктері кезегімен ашылады. Тасымалданатын сайлау жәшігіндегі бюллетеньдердің саны дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беру мүмкіндігін жасау туралы жазбаша өтініштердің санына сәйкес келуге тиіс. Егер тасымалданатын сайлау жәшігінде белгіленген үлгідегі сайлау бюллетеньдерінің саны жазбаша өтініштердің тиісті санынан артық болып шықса, онда бұл жәшіктегі барлық сайлау бюллетеньдері жарамсыз деп танылады. Бұл жағдайда тасымалданатын сайлау жәшігінен алынған барлық сайлау бюллетеньдерінің жарамсыз деп танылғаны туралы акт жасалады, онда сонымен бірге осы тасымалданатын жәшіктің көмегімен дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруді өткізген комиссия мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. Дауыс беруге арналған тасымалданатын жәшіктер ашылғаннан кейін тұрақты жәшіктер ашылады.

4. Жәшіктерді ашардың алдында пайдаланылмаған барлық бюллетеньдерді тиісті сайлау комиссиясы санайды және жояды. Сайлау комиссиясы сайлаушылардың тізімдері бойынша:

- 1) учаскедегі (дауыс беру пунктіндегі) сайлаушылардың (таңдаушылардың) жалпы санын;
- 2) бюллетеньдер алған сайлаушылар (таңдаушылар) санын;
- 3) комиссияның әрбір мүшесі берген бюллетеньдер санын анықтайды.

4-1. Жәшіктерді ашқаннан кейін сайлау комиссиясы бюллетеньдердің саны бойынша:

- 1) дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың (таңдаушылардың) жалпы санын;
- 2) әрбір кандидат үшін, әрбір саяси партия үшін берілген дауыстар санын;
- 3) жарамсыз деп танылған бюллетеньдер санын;

4) учаскелік сайлау комиссиясы алған бюллетеньдер санын;

5) жойылған бюллетеньдер санын анықтайды.

Дауыс беруге арналған жәшіктерден алынған бюллетеньдердің саны сайлаушылар тізімдерінің және дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беру туралы өтініштердің негізінде берілген бюллетеньдер санынан асып кеткен жағдайда, сайлау комиссиясының әрбір мүшесі берген бюллетеньдер саны анықталады.

5. Мынадай бюллетеньдер:

1) белгіленбеген үлгідегі;

2) тиісті сайлау комиссиясы мүшесінің қолы қойылмаған;

3) мәслихаттардан басқа, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау кезінде дауыс беруді қоспағанда, бір кандидаттан артық, бір саяси партиядан артық белгіленген;

4) белгі қарындашпен қойылған, түзету немесе өзге де бұрмалау іздері бар, сондай-ақ сайлаушылардың ерік білдіруін анықтау мүмкін емес бюллетеньдер жарамсыз деп танылады.

Дауыстарды тікелей санау кезінде жарамсыз сайлау бюллетеньдері дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың (таңдаушылардың) бюллетеньдері қатарынан алып тасталады.

6. Алып тасталды - ҚР 1999.05.06 N 375 Конституциялық заңымен.

7. Келіспеушілік пайда болған жағдайда мәселені учаскелік комиссия дауыс беру жолымен шешеді. Бұл ретте шешім комиссия мүшелерінің жалпы санының жартысынан астамы даусымен қабылданады.

7-1. Учаскелік сайлау комиссиясы (Сенат депутаттарының, Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын Парламент Мәжілісі депутаттарының сайлауы кезінде аймақтық сайлау комиссиясы) сенім білдірілген адамның талабы бойынша дауыстарды қайта санауды осы баптың 1 және 2-тармақтарында белгіленген мерзімде бір рет қана жүргізеді.

8. Дауыстарды санау нәтижелерін учаскелік сайлау комиссиясы қарап, хаттамаларға түсіреді, оларға сайлау комиссиясының төрағасы мен мүшелері қол қояды. Сайлау комиссиясының төрағасы болмаған жағдайда оның орнына хаттамаларға учаскелік сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары немесе хатшысы қол қояды.

Дауыс беру нәтижелері туралы хаттамаларды қарындашпен және әр түсті сиялармен толтыруға, сондай-ақ оларға қандай да бір түзетулер енгізуге жол берілмейді. Бұл ретте дауыс беру нәтижелерінің сандық мәні сөзбен жазылып қайталануы тиіс.

Хаттаманың көшірмесі жалпыжұрттың танысуы үшін сайлау учаскесінің үй-жайындағы арнайы белгіленген орынға дереу ілінеді және үй-жайда екі күн бойы тұрады.

Осы Конституциялық заңға сәйкес, дауыстарды санау кезінде қатысқан адамның тілегі бойынша оған комиссия төрағасы мен хатшысының қолдары қойылып, сайлау комиссиясының мөрімен куәландырылған хаттаманың көшірмесі беріледі.

8-1. Сайлау округі бойынша сайлау нәтижелері округтік сайлау комиссиясының отырысында анықталады, ол отырыс орны мен уақыты туралы мәліметтер бұқаралық ақпарат құралдарында жариялана отырып, округтік сайлау комиссиясы дауыс берілетін күннен кемінде он күн бұрын айқындаған сайлау учаскелерінің бірінде өткізіледі. Нәтижелер осы учаскеге жеткізілетін учаскелік сайлау комиссияларының хаттамалары негізінде анықталады.

Сайлау округі бойынша сайлау нәтижелері туралы хаттаманың көшірмесі жалпыжұрттың танысуы үшін сайлау учаскесінің үй-жайында ілінеді және үй-жайда үш күн бойы тұрады.

Осы Конституциялық заңға сәйкес, дауыстарды санау кезінде қатысқан адамның тілегі бойынша оған комиссия төрағасы мен хатшысының қолдары қойылып, сайлау комиссиясының мөрімен куәландырылған хаттаманың көшірмесі беріледі.

8-2. Округтік сайлау комиссиясы дауыс беру күнінен бастап бес күннен кешіктірмей сайлау учаскелеріндегі дауыстарды санаудың нәтижелері туралы алдын ала жиынтық тізімдеме жасайды және оны жалпы жұрттың танысуы үшін өз отырысы өткен сайлау учаскесінің үй-жайында іледі.

Ресми жиынтық тізімдеме учаскелік сайлау комиссияларының дауыстарды санаудың нәтижелері туралы алынған хаттамаларының негізінде жасалады, оған округтік сайлау комиссиясының төрағасы мен хатшысы қол қояды және ол жалпы жұрттың танысуы үшін ілінеді.

9. Тиісті жоғары тұрған сайлау комиссиясы учаскелік сайлау комиссияларының (Сенат депутаттарын, Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын Парламент Мәжілісі депутаттарын сайлаған кезде аумақтық сайлау комиссияларының) хаттамаларында қателерді, сәйкессіздіктерді анықтаған болса, сондай-ақ дауысты есептеудің дұрыстығына күмәнданатын болса, ол комиссия тиісті учаскелік (аумақтық) сайлау комиссиясы сайлаушыларының дауысын қайта санау туралы шешім қабылдауға хақылы. Сайлаушылардың дауысын қайта санау жоғары тұрған сайлау комиссиясы мүшесінің және дауыстардың дұрыс саналмағандығы фактілерін табыс еткен өтініш берушілердің қатысуымен жүргізіледі.

Сайлау комиссиясы шешімінің негізінде жүзеге асырылатын дауыстарды қайта санау сайлау қорытындылары ресми жарияланғанға дейін жүргізілуге тиіс.

Ескерту. 43-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375, 2004.04.14 N 545, 2005.04.15 N 44, 2007.06.19 N 268 Конституциялық заңдарымен.

44-бап. Сайлау қорытындыларын анықтау және жариялау

1. Президентті, Парламент депутаттарын сайлау қорытындыларын Орталық сайлау комиссиясы анықтайды.

2. Мәслихат депутаттарын, сондай-ақ өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау қорытындыларын аумақтық сайлау комиссиялары анықтайды.

3. Сайлау қорытындылары хаттамаға түсіріліп, оған сайлау комиссиясының төрағасы мен мүшелері қол қояды. Комиссияның төрағасы болмаған жағдайда оның орнына хаттамаға комиссия төрағасының орынбасары немесе хатшысы қол қояды.

4. Сайлау қорытындылары туралы хабарды:

1) Президентті, Парламент депутаттарын сайлау қорытындылары туралы хабарды Орталық сайлау комиссиясы сайлау өткізілген күннен бастап он күннен кешіктірмей бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды;

2) мәслихаттар депутаттарын, сайлау қорытындылары туралы хабарды тиісті аумақтық және округтік сайлау комиссиялары сайлау өткізілген күннен бастап жеті күннен кешіктірмей жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды;

3) мәслихаттардан басқа, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлаудың қорытындысы туралы хабарды тиісті аумақтық сайлау комиссиясы сайлау өткізілген күннен кейін төрт күннен кешіктірмей бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды.

5. Орталық (аумақтық) сайлау комиссиясының хабарламасында: сайлау датасы, сайлаушылар (таңдаушылар) тізімдеріне енгізілген және дауыс беруге қатысқан азаматтардың жалпы саны; сайлау округтерінің жалпы саны; дауысқа түскен кандидаттардың жалпы саны; дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс берген сайлаушылардың саны; сайлауға қатысқан саяси партиялардың саны; қайта дауыс беру өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктер саны; тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік бойынша Президенттікке, Парламент Сенаты депутаттығына әрбір кандидат үшін, әрбір саяси партия үшін берілген дауыстар саны; Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын Парламент Мәжілісі депутаттығына кандидаттар үшін берілген дауыстар саны; сайланған Президент, Парламент Сенатының, Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын Парламент Мәжілісінің депутаттары; мәслихаттардың депутаттары, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелері, олардың тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы, атқаратын лауазымы (жұмысы), тұрғылықты жері, сондай-ақ кандидаттың қалауына қарай оның саяси партияға қатыстылығы, қай ұлтқа жататыны туралы мәліметтер көрсетіледі.

Тиісті округтік сайлау комиссиясының хабарламасында: сайлаушылар тізімдеріне енгізілген және дауыс беруге қатысқан азаматтардың жалпы саны; әрбір кандидат үшін берілген дауыс саны; сайлау учаскелері бойынша жарамсыз деп танылған бюллетеньдердің саны; мәслихаттар депутаттығына сайланған адамдардың тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы, атқаратын қызметі (жұмысы), тұрғылықты жері, сондай-ақ кандидаттың қалауына қарай оның саяси партияға қатыстылығы, қай ұлтқа жататыны туралы мәліметтер көрсетіледі.

Орталық және аумақтық сайлау комиссияларының хабарламаларындағы деректер - сайлау округтері бойынша, ал округтік сайлау комиссияларының хабарламаларындағы деректер сайлау учаскелері бойынша ұсынылады. Тиісті сайлау комиссиясы сайлаудың алдын ала қорытындылары туралы тізімдеме нысанындағы хабарламаны дауыстарды санау аяқталғаннан және тиісті хаттама жасалғаннан кейін қырық сегіз сағаттан кешіктірмей жариялайды.

6. Алып тасталды - ҚР 2006.12.22 N 208 Конституциялық заңымен.

Ескерту. 44-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375, 2004.04.14 N 545, 2005.04.15 N 44, 2006.12.22 N 208, 2007.06.19 N 268 Конституциялық заңдарымен.

45-бап. Президентті, Парламент, мәслихаттар депутаттарын және өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерін тіркеу

Тиісті сайлау комиссиялары осы Конституциялық заң белгілеген тәртіппен жеті күн мерзім ішінде олардан Конституцияға және Республика заңдарына сәйкес Президенттің, Парламент, мәслихат депутатының және жергілікті өзін-өзі басқару органы мүшесінің мәртебесімен сыйыспайтын өз міндеттерін доғару туралы жазбаша өтініштерін алғаннан кейін сайланған Президентті, Парламент, мәслихат депутаттары, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін тіркейді.

Ескерту. 45-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375 Конституциялық заңдарымен.

46-бап. Президенттің, Парламент, мәслихаттар депутатының және жергілікті өзі-өзі басқару органдары мүшелерінің куәлігі мен омырауға тағатын белгісі

1. Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Республика Президенті қызметіне кіріскен кезде Президентке тиісті куәлігі мен Орталық сайлау комиссиясы белгілеген үлгідегі омырауға тағатын белгіні тапсырады.

2. Орталық сайлау комиссиясы Республика Парламенті депутаттарын сайлау қорытындылары бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін әрбір депутатқа куәлігі мен белгіленген үлгідегі омырауға тағатын белгісін тапсырады.

3. Бұқаралық ақпарат құралдарында тізімдер жарияланғаннан кейін тиісті аумақтық сайлау комиссиясы:

1) мәслихаттар депутаттарына - олардың әрқайсысына мәслихат депутаттарының куәлігін және Орталық сайлау комиссиясы белгілеген үлгідегі омырауға тағатын белгіні береді;

2) өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелеріне - олардың әрқайсысына өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшесінің Орталық сайлау комиссиясы белгілеген үлгідегі куәлігін береді.

9-тарау. Сайлау бостандығының кепілдіктері

47-бап. Кандидаттар қызметінің сайлау науқаны барысындағы кепілдіктері

1. Президенттікке, Парламент, мәслихаттар депутаттығына кандидаттар тіркелген күнінен бастап сайлау қорытындысы жарияланғанға дейін жұмыстан, әскери қызметтен және әскери жиындардан босатылуға құқылы. Кандидаттардың сайлауға қатысқан уақыты тіркелген күнге дейін оның жұмыс істеген мамандығы бойынша еңбек стажына есептеледі.

2. Президенттікке, Парламент, мәслихаттар депутаттығына, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелігіне кандидаттарды олар тіркелген күннен бастап және сайлау қорытындылары жарияланғанға дейін өздерінің келісімінсіз жұмысынан босатуға, басқа жұмысқа

немесе лауазымға ауыстыруға, сондай-ақ іссапарларға жіберуге не әскери жиындарға шақыруға болмайды.

3. Қылмыс үстінде ұстап алынған не ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған жағдайлардан басқа кезде, Президенттікке, Парламент депутаттығына кандидаттарды олар тіркелген күннен бастап және сайлау қорытындылары жарияланғанға дейін, сондай-ақ олар Президент, Парламент депутаты ретінде тіркелгенге дейін Орталық сайлау комиссиясының келісімінсіз ұстап алуға, күзетпен ұстауға, ұйқамаққа алуға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

Ескерту. 47-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375, 2004.04.14 N 545; 04.07.2014 № 232-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

48-бап. Мемлекеттік органдардың сайлау бостандығын қамтамасыз ету жөніндегі қызметі

1. Соттар, прокуратура мен ішкі істер органдары үшін, сондай-ақ тұрғын үй қорын пайдалану жөніндегі ұйымдар үшін дауыс беру күні мен соның қарсаңындағы күн жұмыс күні болып табылады.

2. Ішкі істер органдары мен тұрғын үй қорын пайдалану жөніндегі ұйымдар сайлау комиссиялары қажет ететін, тиісінше, мынадай:

1) дауыс беруді өткізу кезінде қоғамдық тәртіп пен сайлау бостандығын қамтамасыз ету;

2) сайлаушылар тізімдерін нақтылау;

3) сайлау комиссияларының қызметінде туындаған басқа да мәселелер жөнінде көмек көрсетуге міндетті.

3. Егер сайлау комиссиясы өзінің атына берілген өтінішті тексеру кезінде өтініште көрсетілген мән-жайларды құқық қорғау органдарының тексеруі қажет деп тапса, онда тиісті органдар сайлау комиссиясының өтініші бойынша мән-жайларды тексереді және өтінішті алған күннен бастап - үш күндік мерзімде, ал егер өтініш дауыс берілетін күн алдындағы бес күнге жетпейтін уақыт ішінде не дауыс берілетін күні алынған жағдайда дереу өтініш бойынша шешім шығарады.

Ескерту. 48-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.04.14 N 545, 2009.02.09 N 124-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Конституциялық заңдарымен.

49-бап. Сайлау науқаны барысындағы шешімдер мен іс-әрекеттерге шағым беру және олардың күшін жою

Соттар мен прокуратура органдары сайлау комиссиялары мүшелерінің, азаматтардың, заңда белгіленген тәртіппен тіркелген қоғамдық бірлестіктер өкілдерінің дауыс беруді өткізу мәселелеріне қатысты, оның ішінде сайлау туралы заңнаманың бұзылуы туралы сайлауға дайындық және оны өткізу кезеңінде келіп түскен арыздарын қабылдауға, егер осы Конституциялық заңда өзгеше көзделмесе, оларды – бес күн мерзімде, ал дауыс беру алдындағы бес күнге жетпейтін уақыт ішінде және дауыс беру күні келіп түскендерін дереу қарауға міндетті.

Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарының, кәсіпорындар мен ұйымдардың, олардың лауазымды адамдарының сайлау туралы заңдарды бұзатын шешімдері мен іс-әрекеттеріне сотқа шағым жасалады.

Соттар, прокуратура органдары мен сайлау комиссиялары өз жұмысын сайлау процесі кезінде, оның ішінде демалыс күндері және сайлау өтетін күні, шағымдарды қабылдау мен қарауды осы Конституциялық заңда белгіленген мерзімде қамтамасыз ететіндей етіп ұйымдастырады.

Азаматтар мен ұйымдардың сайлау заңнамасын бұзушылықтар туралы өтініштерін, егер осы Конституциялық заңда өзгеше көзделмесе, сайлау комиссиялары шағым түскен күннен бастап бес күннің ішінде қарайды.

Сайлау комиссиясының және оның мүшелерінің шешімдері мен іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жасалған шағымды, егер осы Конституциялық заңда өзгеше көзделмесе, жоғары тұрған комиссия шағым түскен күннен бастап үш күннің ішінде қарайды.

Ескерту. 49-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375, 2004.04.14 N 545, 2005.04.15 N 44; 31.07.2015 № 340-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

50-бап. Қазақстан Республикасының сайлау туралы заңдарын бұзғаны үшін жауаптылық

1. Тұлға:

- 1) сайлау комиссиясының жұмысына араласқан;
- 2) дауыс беруге кедергі келтірген;
- 3) кандидатты, партиялық тізімдерді тіркеуге байланысты міндеттерді орындауға кедергі келтірген;
- 4) дауыстарды санауға және сайлау қорытындыларын анықтауға байланысты міндеттерді орындауға кедергі келтірген;
- 5) кандидатты, саяси партияны сайлау мақсатында өзінің лауазымдық немесе қызмет жағдайының артықшылықтарын пайдаланған;
- 6) сайлау құжаттарын қолдан жасаған;
- 7) дауыстарды көрінеу қате санаған;
- 8) сайлау нәтижелерін көрінеу қате айқындаған;
- 9) дауыс беру құпиясын бұзған;

10) Республика азаматының өз сайлау құқығын еркін жүзеге асыруына зорлық-зомбылық жасау, алдау, қорқыту, сатып алу жолымен кедергі келтірген жағдайда заңмен белгіленген қылмыстық жауаптылықта болады.

2. Тұлға:

1) осы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес мәліметтерді бермеген немесе жарияламаған ;

2) сайлау комиссиясының өз құзыреті шегінде қабылдаған шешімін орындамаған;

3) сайлау алдындағы үгітті кандидатты, саяси партия ұсынған партиялық тізімді тіркегенге дейін, сайлау күні не соның алдындағы күні жүргізген;

4) сайлау алдындағы үгіт жүргізу құқығына кедергі келтірген;

5) кандидаттар, саяси партиялар туралы көрінеу жалған мәліметтер таратқан немесе олардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін өзге де іс-әрекеттер жасаған;

6) сайлау комиссиясы мүшелерінің құқықтарын бұзған;

7) азаматтардың сайлаушылар тізімімен танысу құқығын бұзған;

8) сайлаушылар тізімдерін жасау үшін сайлаушылар туралы жалған мәліметтер берген;

9) басқа адамдар үшін дауыс беру мақсатымен азаматтарға сайлау бюллетеньдерін берген;

10) сайлауға қатысу үшін демалыс бермеген;

11) бұқаралық ақпарат құралдары арқылы сайлау алдындағы үгіт жүргізу талаптарын бұзған;

12) анонимді үгіт материалдарын дайындаған немесе таратқан;

13) үгіт материалдарын қасақана жойған немесе зақымдаған;

14) кандидаттарға, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партияларға олардың сайлау қорларынан тыс қаржылық (материалдық) қолдау көрсеткен;

15) кандидатты сайлау үшін шет мемлекеттерден, ұйымдардан, азаматтардан, азаматтығы жоқ адамдардан қайырмалдық алған;

16) сайлауға байланысты қоғамдық пікірге сұрау салу жүргізудің талаптарын бұзған;

17) сайлауда кандидаттардың, саяси партиялардың сенім білдірілген адамдарының, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері мен байқаушылардың заңды қызметіне кедергі келтірген жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген әкімшілік және өзге де жауаптылықта болады.

3. Осы Конституциялық заңның бұзылуы анықталған кезде сайлау комиссиясы сотқа не прокуратураға жүгінуге құқылы.

4. Кандидат, саяси партия осы Конституциялық заңның талаптарын бұзған кезде, кандидатты тіркеуден бас тарту немесе тіркеудің күшін жою үшін негіз болып табылатын талаптарды қоспағанда, оларға ескертіледі, ал қайта бұзған кезде тиісті сайлау комиссиясы кандидатты, партиялық тізімді тіркеу туралы шешімнің күшін жояды.

Ескерту. 50-бап жаңа редакцияда - ҚР 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңдарымен.

9-1-тарау. Электрондық сайлау жүйесін пайдаланып сайлау өткізудің ерекшеліктері

Ескерту. 9-1-тараумен толықтырылды - ҚР 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңымен.

50-1-бап. Электрондық сайлау жүйесі

1. Сайлау өткізу кезінде сайлаушылардың тізімін жасау, дауыс беру, дауыс берудің қорытындыларын белгілеу мен сайлау нәтижесін анықтау үшін сайлау округі аумағында электрондық сайлау жүйесі пайдаланылуы мүмкін.

Электрондық сайлау жүйесін пайдаланып сайлау өткізген кезде осы Конституциялық заңның нормалары электрондық сайлау жүйесін пайдаланудың ерекшеліктері ескеріле отырып қолданылады.

2. Электрондық сайлау жүйесі - сайлауға әзірлену мен оны өткізу кезінде ақпараттық процестерді автоматтандыруға арналған ақпараттық технологиялардың, ақпараттық желілердің және оларды бағдарламалық-техникалық қамтамасыз ету құралдарының жиынтығы.

Электрондық сайлау жүйесінде пайдаланылатын бағдарламалық-техникалық құралдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сертификатталуға тиіс.

3. Электрондық сайлау жүйесін пайдаланып сайлау өткізген кезде сенім білдірілген адамдар, байқаушылар, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері осы Конституциялық заңда көзделген құқықтар мен міндеттерге толық көлемде ие болады.

4. Электрондық сайлау жүйесі Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен құрылған мемлекеттік комиссия оны қабылдағаннан кейін пайдаланылады.

Электрондық сайлау жүйесі пайдаланылатын сайлау округтері мен сайлау учаскелерін Орталық сайлау комиссиясы олардың электрондық дауыс беруге дайын болуына қарай анықтайды.

5. Электрондық сайлау жүйесінің жабдықтары учаскелік сайлау комиссиясы мүшелерінің қатысуымен дауыс беруге кемінде үш күн қалғанда ашылып, орнатылады, ол туралы акт жасалады.

Жабдықтарды ашу және орнату кезінде сенім білдірілген адамдар, байқаушылар және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысуға құқылы.

Электрондық сайлау жүйесінің жабдықтары орнатылған кезден бастап сайлау учаскесін күзетуді ішкі істер органдарының қызметкерлері қамтамасыз етеді.

6. Жергілікті атқарушы органдар дауыс берілетін күні сайлау учаскесі ашылған кезден бастап дауыс беру нәтижелері Орталық сайлау комиссиясына берілгенге дейін электрондық дауыс беру өткізілетін учаскелерге электр энергиясының үздіксіз берілуін қамтамасыз етеді.

7. Электрондық сайлау жүйесін пайдалану тәртібінің осы Конституциялық заңмен регламенттелмеген бөлігін Орталық сайлау комиссиясы белгілейді.

Ескерту. 50-1-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2005.04.15 N 44 Конституциялық заңымен.

50-2-бап. Электрондық сайлау жүйесіне қойылатын талаптар

1. Электрондық сайлау жүйесі Конституция және осы Конституциялық заң талаптарының сақталуын, оған енгізілетін және одан шығатын ақпараттардың дұрыстығын, толықтығын және уақтылығын қамтамасыз етуге тиіс.

2. Электрондық сайлау жүйесі ақпараттарға рұқсат етілмеген жолмен қол жеткізуді, ақпараттарды жинаушы, өңдеуші, жинақтаушы, сақтаушы, іздестіруші және беруші бағдарламалық-техникалық құралдардың жұмыс ырғағын бұзуды, аталған құралдардың істен шығуын болдырмайтын тиісті қауіпсіздік шараларымен қамтамасыз етілуге тиіс.

3. Сайлауда электрондық сайлау жүйесін пайдаланған кезде мыналарға:

Орталық сайлау комиссиясы белгілегеннен басқа электрондық жүйелерді пайдалануға;

оны ортақ қолжетімді телекоммуникациялық желілерге және электрондық сайлау жүйесінде қолданылмайтын өзге де ақпараттық жүйелер мен байланыс желілеріне қосуға;

электрондық дауыс беруді өткізуге, дауыстарды санауға, сайлау нәтижелері туралы ақпараттарды беруге заңсыз араласып, бақылау жасауға жол берілмейді.

4. Электрондық сайлау жүйесі кез келген енгізілген ақпаратты оның енгізілуіне қарай іс-әрекетті сипаттап және енгізудің дәл уақытын көрсете отырып, автоматты түрде сақтауға мүмкіндік беретін бағдарламалық-техникалық қамтамасыз ету құралдарын (дауыс беру туралы деректерді жазу құрылғысын) қамтуға тиіс.

50-3-бап. Электрондық сайлау жүйесін пайдаланып дауыс беруге арналған үй-жай

1. Электрондық сайлау жүйесін пайдаланып дауыс беруге арналған үй-жай, дауыс беруге арналған кабинада дауыс беруді қоспағанда, қатысып отырған адамдарға электрондық сайлау жүйесін пайдаланып дауыс беру кезіндегі іс-әрекеттің көрінуі қамтамасыз етілетіндей болып жабдықталады.

2. Электрондық сайлау жүйесін пайдаланып дауыс беруге арналған үй-жайда электрондық сайлау жүйесіне қызмет көрсетуге Орталық сайлау комиссиясы белгілеген тәртіппен рұқсат алған маман бола алады.

50-4-бап. Электрондық сайлау бюллетені

1. Электрондық сайлау жүйесін пайдаланып сайлау өткізген кезде дауыс беру электрондық сайлау жүйесі құралдарымен жасалатын электрондық бюллетеньмен жүргізіледі.

2. Электрондық сайлау бюллетенінің мәтіні мемлекеттік тілде және орыс тілінде жазылады және осы Конституциялық заңның 37-бабының 1-тармағында белгіленген талаптарға сай келуге тиіс.

50-5-бап. Электрондық дауыс беруді ұйымдастыру

1. Сайлау комиссиясының төрағасы дауыс беру басталардан отыз минут бұрын комиссия мүшелерінің қатысуымен:

электрондық сайлау жүйесінің дұрыс жұмыс істеп тұрғандығын тексереді;

комиссияның сайлаушыларды есепке алуға және электрондық дауыс беруге арналған құрылғыны беруге жауапты мүшелерін анықтайды.

Электрондық сайлау жүйесінің жұмысын тексерген кезде дауыс беруге арналған үй-жайда сенім білдірілген адамдар, байқаушылар және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері болуға құқылы.

Осы тарауда көзделген жағдайларды қоспағанда, электрондық сайлау жүйесіне қатысты іс-әрекетті кімнің болса да жүзеге асыруына тыйым салынады.

2. Дауыс беру басталғанға дейін сайлау комиссиясының төрағасы электрондық сайлау жүйесін қосудың мөр басылып жабылған паролін ашады және электрондық сайлау жүйесін оны енгізу жолымен іске қосады. Бұл ретте қатысушыларға парольдің сақталу шараларының бүтіндігіне алдын ала көз жеткізу мүмкіндігі қамтамасыз етілуі тиіс.

Электрондық сайлау жүйесін қосу Орталық сайлау комиссиясы белгілеген уақытта жүргізіледі.

3. Сайлаушы электрондық дауыс беруге сайлаушылардың тізімдері негізінде сайлаушының жеке басын куәландыратын құжатын көрсетуі бойынша жіберіледі.

4. Дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс берген кезде осы Конституциялық заңға сәйкес сайлаушылар дауыс беруге арналған тасымалданатын құрылғының көмегімен дауыс береді, ол

дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс дауыс берген барлық сайлаушылардың дауыстары туралы деректердің сақталу мүмкіндігімен қамтамасыз етілуге тиіс.

Осы Конституциялық заңның 41-бабының 6-тармағына сәйкес берген өтініштері негізінде сайлаушылар тізімінен олар туралы деректер электрондық дауыс беруге арналған тасымалданатын құрылғыға алдын ала енгізіліп қойылады.

5. Сайлаушы электрондық дауыс беруді жасырын дауыс беруге арналған кабинада жүзеге асырады, онда осы Конституциялық заңның 42-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, дауыс беретін адамнан басқа адамның қатысуына тыйым салынады.

Сайлаушы электрондық дауыс беру бюллетенінен электрондық дауыс беруге арналған құрылғыны басқару элементтерін пайдалану жолымен өзі дауыс бергісі келетін кандидаттың аты-жөнін табады және соған дауыс бергенін растайды.

Сайлаушы саяси партия үшін дауыс берген кезде электрондық дауыс беруге арналған құрылғыны басқару элементтерін пайдалану жолымен өзі дауыс бергісі келетін саяси партияның атауын табады және соған дауыс бергенін растайды.

Дауыс беруге арналған кабинада дауыс берген сайлаушы электрондық дауыс беруге арналған құрылғыны сайлау комиссиясының мүшесіне береді.

6. Электрондық дауыс беруге және дауыстарды санауға кедергі келтіретін техникалық ақаулар туындаған жағдайда сайлау комиссиясы бағдарламаны қайта қосу туралы шешім қабылдауға құқылы, ол хаттамамен ресімделеді және оған сайлау комиссиясының мүшелері қол қояды.

Бұл шешімнің орындалуы электрондық сайлау жүйесін пайдалануды қамтамасыз ететін маманға жүктеледі.

7. Егер жабдықтың техникалық жай-күйі сайлауды тиісті дәрежеде өткізуге мүмкіндік бермесе, онда тиісті сайлау учаскесінде дауыс беру Орталық немесе тиісті аумақтық сайлау комиссиясының шешімімен ақауларды жоюға және дауыс беруді ұйымдастыруға қажетті мерзімге кейінге қалдырылады.

Тиісті сайлау учаскесінде ақаулар туындағанға дейін дауыс берген сайлаушылар кейінгі дауыс беруге жалпы негізде қатысады.

Ескерту. 50-5-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.02.09 N 124-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Конституциялық заңымен.

50-6-бап. Электрондық сайлау жүйесін пайдаланған кезде дауыстарды санау

1. Электрондық дауыс беруді пайдаланған кезде дауыстарды санау электрондық сайлау жүйесімен жүргізіледі.

Дауыстарды санау осы Конституциялық заңмен белгіленген уақытта басталады, бірақ осы учаскедегі дауыс беруге арналған барлық құрылғылардағы деректер электрондық сайлау жүйесіне енгізілмей тұрып басталмауы керек.

Дауыстарды санау туралы мәліметтер дауыс беру туралы деректер құрылғысында тіркелуге тиіс

2. Сайлау учаскесіндегі электрондық дауыс беру нәтижелері туралы ақпарат электрондық жүйемен электрондық хаттамаға енгізіліп, ол комиссия мүшелерінің электрондық цифрлық қолтаңбаларымен расталады.

Сайлау комиссиясының мүшелері қол қойған электрондық хаттаманың қағаздағы көшірмесі сайлау учаскесінің үй-жайында жалпыжұрттың танысуы үшін арнайы белгіленген орынға ілінеді және үй-жайда екі күн бойы тұрады.

3. Осы Конституциялық заңға сәйкес дауыстарды санау кезінде қатысқан адамның тілегі бойынша оған комиссия төрағасы мен хатшысының қолдары қойылып, тиісті сайлау комиссиясының мөрімен расталған, электрондық дауыс беру нәтижелері туралы электрондық хаттаманың қағазға түсірілген көшірмесі беріледі.

50-7-бап. Электрондық сайлау жүйесін пайдаланған кезде сайлау қорытындыларын белгілеу

1. Электрондық сайлау жүйесін пайдаланған кезде сайлау округтері бойынша сайлау қорытындыларын электрондық хаттамалар негізінде Орталық сайлау комиссиясы белгілейді және олар тиісті сайлау комиссияларына хабарланады.

Электрондық сайлау жүйесі арнайы бөлінген коммуникациялық желілерге осы тармаққа сәйкес ақпарат беру үшін қажетті мерзімге ғана қосылады.

2. Егер дауыс беру осы Конституциялық заңның 50-5-бабының 7-тармағымен көзделген тәртіппен кейінге қалдырылған жағдайда, тиісті сайлау округы бойынша сайлау қорытындылары тиісті сайлау округының барлық учаскелерінде дауыс беру өткізілгеннен кейін белгіленеді.

50-8-бап. Электрондық сайлау жүйесін пайдаланып дауыс беру нәтижелеріне шағымдану

1. Жоғары тұрған сайлау комиссиясына немесе сотқа электрондық сайлау жүйесін пайдаланып дауыс беру нәтижелеріне шағымдану кезінде дауыс беру туралы деректерді жазуға арналған құрылғы дәлелдеме ретінде қаралады.

2. Дауыс беру туралы деректерді жазуға арналған құрылғылар осы баптың мақсаттары үшін тиісті облыстық (республикалық маңызы бар қала, астана) аумақтық сайлау комиссиясында сақталады

50-9-бап. Дауыс беру туралы деректерді жазуға арналған құрылғыларды сақтау

Дауыстар саналғаннан кейін дауыс беру туралы деректерді жазуға арналған құрылғы пакетке салынып, сайлау комиссиясының мөрімен бекітіледі және тиісті облыстық (республикалық маңызы бар қала, астана) сайлау комиссиясына беріледі.

Дауыс беру туралы деректерді жазуға арналған құрылғылар сайлау аяқталған күннен бастап бір жыл бойына сақталады.

II. Ерекше бөлім

10-тарау. Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауы

51-бап. Республика Президентінің кезекті сайлауы

Президенттің кезекті сайлауы бес жылда бір рет тиісті жылғы желтоқсанның бірінші жексенбісінде өткізіледі және ол мерзімі жағынан Республика Парламентінің жаңа құрамын сайлаумен тұспа-тұс келмеуге тиіс.

Ескерту. 51-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1998.11.06 N 285, 2007.06.19 N 268 Конституциялық заңдарымен.

51-1-бап. Республика Президентінің кезектен тыс сайлауы

1. Президенттің кезектен тыс сайлауы Республика Президентінің шешімімен тағайындалады және тағайындалған күнінен бастап екі ай ішінде өткізіледі.

2. Кезектен тыс сайлаудан кейінгі Президенттің кезекті сайлауы бес жыл өткен соң осы Конституциялық заңда белгіленген мерзімде жарияланады.

Ескерту. Конституциялық заң 51-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.02.03 № 404-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

52-бап. Республика Президентінің кезектен тыс сайлауы

Ескерту. 52-бап алып тасталды - ҚР 1998.11.06 N 285 Конституциялық заңымен.

53-бап. Республика Президенті сайлауын жариялау

1. Президенттің кезекті сайлауын Парламент Мәжілісі қыркүйектің екінші жексенбісінен кешіктірмей жариялайды.

2. Алынып тасталды - ҚР 1998.11.06 N 285 Конституциялық заңымен.

3. Бір адам қатарынан екі реттен артық Президент болып сайлана алмайды.

Бұл шектеу Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентіне - Елбасына қолданылмайды.

Ескерту. 53-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1998.11.06 N 285, 2005.04.15 N 44, 2007.06.19 N 268, 2010.06.14 № 289-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Конституциялық заңдарымен.

54-бап. Республика Президенттігіне кандидатқа қойылатын талаптар

1. Президент болып сайлану үшін азамат Конституцияның 41-бабының 2-тармағында белгіленген талаптарды қанағаттандыруға, сондай-ақ Конституцияның 33-бабының 2 және 3-тармақтарына және осы Конституциялық заңға сәйкес белсенді сайлау құқығына ие болуға тиіс.

2. Президенттікке кандидатқа Конституция мен осы Конституциялық заң қоятын талаптарға оның сәйкестігін азаматтың өзін-өзі ұсыну туралы өтініші немесе республикалық қоғамдық бірлестіктің жоғары органының кандидатты ұсыну туралы хаттамасының үзіндісін кандидаттың дауысқа түсуге келісімі туралы өтінішімен қоса тапсырған кезден бастап бес күн ішінде Орталық сайлау комиссиясы белгілейді. Бұл ретте Президентке кандидаттың Қазақстан Республикасында соңғы он бес жыл тұру фактісін Орталық сайлау комиссиясы анықтайды, ал кандидаттың мемлекеттік тілді еркін игергенін анықтау рәсімі Республика Конституциялық Кеңесінің Конституцияның 41-бабының 2-тармағына ресми түсіндірме беруі туралы актісіне сәйкес Орталық сайлау комиссиясының қаулысымен анықталады.

3. Алып тасталды - ҚР 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңымен.

Ескерту. 54-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1998.05.08 N 222, 1999.05.06 N 375, 2004.04.14 N 545, 2007.06.19 N 268 Конституциялық заңдарымен.

55-бап. Республика Президенттігіне кандидаттар ұсыну

1. Президенттікке кандидаттар ұсыну құқығы белгіленген тәртіппен тіркелген республикалық, қоғамдық бірлестіктерде, сондай-ақ өзін-өзі ұсыну жолымен - азаматтарда болады.

2. Президенттікке кандидаттар ұсыну сайлау жарияланған күннен кейінгі күні басталып, сайлауға екі ай қалғанда аяқталады.

3. Президенттікке кандидаттарды қоғамдық бірлестіктер атынан олардың жоғары органдары ұсынады. Қоғамдық бірлестіктер осы қоғамдық бірлестіктің мүшесі болып табылмайтын адамдарды кандидаттыққа ұсынуға хақылы. Қоғамдық бірлестік Президенттікке бір ғана кандидат ұсынуға хақылы. Президенттікке кандидат ұсыну туралы шешім республикалық қоғамдық бірлестіктің жоғары органы мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады да хаттамадан үзінді жасалады. Республикалық қоғамдық бірлестіктің жоғары органының шешімі:

1) Президенттікке кандидатқа жеткізіледі;

2) Президенттікке кандидаттың дауысқа түсуге келісім беруі туралы өтінішімен қоса Орталық сайлау комиссиясына тапсырылады.

4. Президенттікке кандидаттыққа өзін-өзі ұсыну олардың Орталық сайлау комиссиясына тиісті өтініш беруі арқылы жүргізіледі.

5. Егер кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталатын күні Президенттікке екіден кем кандидат тіркелген жағдайда, Орталық сайлау комиссиясы кандидаттарды ұсыну мерзімін жиырма күннен аспайтын мерзімге ұзартады.

Ескерту. 55-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375, 2004.04.14 N 545, 2005.04.15 N 44 Конституциялық заңдарымен.

56-бап. Республика Президенттігіне кандидатты қолдап қол жинау

1. Сайлаушылардың Президенттікке кандидатты қолдауы олардың қол жинауы арқылы расталады.

2. Президенттікке кандидатты сайлаушылардың Республиканың облыстарының, республикалық маңызы бар қаласының және астанасының кем дегенде үштен екісінің атынан теңдей өкілдік ететін сайлаушылардың жалпы санының кем дегенде бір проценті қолдауға тиіс.

3. Президенттікке кандидатты қолдап қол жинауды сенім білдірілген адамдар ұйымдастырады және кандидаттың Конституциямен және осы Конституциялық заңмен белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеруден кейін бес күннен кем емес мерзімде осы Конституциялық заңның 55-бабының 3 және 4-тармақтарында белгіленген оны ұсыну туралы құжаттар негізінде Орталық сайлау комиссиясы беретін қол қою парақтарымен ресімделеді.

4. Әрбір қол қою парағының рет нөмірі болуға тиіс және оған кандидаттың тегі, аты, әкесінің аты мен оның сенім білдірген адамының жеке қолы, қол жинаушының тегі, аты, әкесінің аты, қол жинау жүргізілген елді мекеннің атауы, сондай-ақ қол қоятын адамдар туралы мынадай мәліметтер бар бағаналар енгізілуге тиіс:

- 1) тегі, аты және әкесінің аты;
- 2) жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі мен сериясы;
- 3) туған күні, айы мен жылы;
- 4) тұрғылықты немесе уақытша тұратын жерінің мекен-жайы;
- 5) жеке қолы.

5. Қол жинаушы адам қол жинаған кезде тиісті қол қоятын парақта жеке қолы қойылған кандидаттың сенім білдірген адамының тіркелгені туралы куәліктің көшірмесін көрсетуге тиіс.

6. Орталық сайлау комиссиясы:

- 1) қол қою парағының үлгісін бекітеді;
- 2) Президенттікке кандидаттарды қол қою парақтарының қажетті санымен қамтамасыз етуге міндетті.

7. Президенттікке кандидатты қолдауға қол жинау жөніндегі толтырылған қол қою парақтары аумақтық сайлау комиссиясына тапсырылады, ол он күн ішінде паспорт қызметі қызметкерлерін қатыстыра отырып қойылған қолдардың шын екендігін тексеруді жүзеге асырады, тиісті хаттаманы ресімдейді және оны Орталық сайлау комиссиясына жолдайды.

8. Қойылған қолдардың дұрыстығын тексеру, осы баптың 2-тармағына сәйкес, Президенттікке кандидатқа қажетті дұрыс қойылған қолдар саны анықталғанға дейін жүргізіледі.

Ескерту. 56-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375, 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңдарымен.

57-бап. Республика Президенттігіне кандидаттың сенім білдірген адамдары

Ескерту. 57-бап алып тасталды - ҚР 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңымен.

58-бап. Республика Президенттігіне кандидаттың сайлау қорының мөлшері

Кандидаттың сайлау қоры:

- 1) жалпы сомасы заңмен белгіленген ең төменгі жалақы мөлшерінен бес мың еседен артық аспауға тиісті кандидаттың жеке қаражатынан;
- 2) жалпы сомасы заңмен белгіленген ең төменгі жалақы мөлшерінен жеті мың еседен артық аспауға тиіс кандидатты ұсынған республикалық қоғамдық бірлестіктің қаражатынан;
- 3) жалпы сомасы заңмен белгіленген ең төменгі жалақы мөлшерінен он бес мың еседен артық аспауға тиіс Республика азаматтары мен ұйымдарының өз еркімен берген қайырмалдықтарынан құралады.

Ескерту. 58-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңымен.

59-бап. Республика Президенттігіне кандидаттарды тіркеу

1. Президенттікке кандидаттарды тіркеуді Орталық сайлау комиссиясы жүзеге асырады.

2. Президенттікке кандидат тіркелгенге дейін және оның Конституция мен осы Конституциялық заң талаптарына сәйкес келуі тексеруден өткеннен кейін, сондай-ақ оны қолдап жиналған қолдарды тексергеннен кейін Орталық сайлау комиссиясының есеп-шотына заңмен белгіленген ең төменгі жалақының елу мәрте мөлшерінде сайлау жарнасын енгізеді. Кандидат сайлау қорытындылары бойынша Республика Президенті болып сайланған немесе кандидат дауыс беру қорытындылары бойынша дауыс беруге қатысқан сайлаушылар даусының кемінде бес процентін алған жағдайларда, сондай-ақ кандидат қайтыс болған жағдайда енгізілген жарна кандидатқа қайтарылады. Қалған жағдайлардың бәрінде енгізілген жарна қайтарылмауға тиіс және республикалық бюджет кірісіне алынады.

РҚАО-ның ескертпесі!

2-тармақтың екінші бөлігінің бұл редакциясы осы Конституциялық заңның 133-бабына сәйкес 01.01.2020 дейін қолданыста болады.

Кандидат пен оның зайыбы (жұбайы) тіркеуге дейін тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кіріс органдарына осы Конституциялық заңға сәйкес белгіленген ұсыну мерзімі басталатын айдың бірінші күніне салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы белгілеген тәртіппен және нысанда кірістері мен мүлкі туралы декларациялар ұсынады.

РҚАО-ның ескертпесі!

2-тармақтың үшінші бөлігінің бұл редакциясы осы Конституциялық заңның 133-бабына сәйкес 01.01.2020 дейін қолданыста болады.

Кандидат пен оның зайыбы (жұбайы) декларациялаған кірістері мен мүлкі туралы мәліметтердің анықтығын мемлекеттік кіріс органдары кандидат тіркелген күннен бастап он бес күн ішінде тексереді.

РҚАО-ның ескертпесі!

2-тармақтың төртінші бөлігінің бұл редакциясы осы Конституциялық заңның 133-бабына сәйкес 01.01.2020 дейін қолданыста болады.

Бұл ретте кандидат пен оның зайыбының (жұбайының) кірістері мен мүлкі туралы мәліметтер ұсыну жөніндегі мемлекеттік кіріс органдарының талаптарын алған ұйымдар сұратылған ақпаратты талап алынған күннен бастап төрт күн ішінде ұсынуға міндетті.

Осы Конституциялық заңның мақсаты үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес активтер мен міндеттемелер туралы декларацияда көрсетілуге жататын мәліметтер активтер мен міндеттемелер туралы мәліметтер болып табылады.

3. Президенттікке кандидаттар нешеу болса да тіркеуге ұсынылады.

4. Президенттікке кандидаттарды тіркеу, егер сайлауды тағайындау кезінде өзгеше көзделмесе, сайлауға дейін екі ай бұрын басталады және сайлауға қырық күн қалғанда аяқталады.

5. Қоғамдық ұйымнан Президенттікке кандидаттарды тіркеу мынадай құжаттар болған жағдайда жүзеге асырылады:

1) қоғамдық бірлестіктің жоғары органының Президенттікке кандидат ұсыну жөніндегі мәжілісінің осы қоғамдық бірлестікті Республиканың Әділет министрлігінде тіркеу туралы құжаттың көшірмесі қоса тіркелген хаттаманың үзіндісі;

2) Президенттікке кандидат болып дауысқа түсуге келісім беру жөніндегі өтініш;

3) азаматтардың кандидатты қолдап жиналған қолдарын тексерудің нәтижесі туралы аумақтық сайлау комиссиясының хаттамалары;

4) кандидаттың өмірбаяндық деректері;

4-1) алып тасталды - ҚР 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңымен;

РҚАО-ның ескертпесі!

4-2) тармақшаның бұл редакциясы осы Конституциялық заңның 133-бабына сәйкес 01.01.2020 дейін қолданыста болады.

4-2) кандидат пен оның жұбайының (зайыбының) кірістері мен мүлкі туралы декларациялар тапсырғаны жөнінде мемлекеттік кіріс органының анықтамасы;

5) кандидаттың сайлау жарнасын енгізгенін куәландыратын құжат.

6. Президенттікке кандидат өзін өзі ұсынған жағдайда оны тіркеу мына құжаттары болған жағдайда жүзеге асырылады:

1) Президенттікке кандидат болып дауысқа түсу ниеті жөніндегі өтініші;

2) аумақтық сайлау комиссиясының азаматтардың Президенттікке кандидатты қолдап жиналған қолдарды тексеру нәтижелері жөніндегі хаттамасы;

3) кандидат туралы өмірбаяндық деректер;

3-1) алып тасталды - ҚР 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңымен;

РҚАО-ның ескертпесі!

3-2) тармақшаның бұл редакциясы осы Конституциялық заңның 133-бабына сәйкес 01.01.2020 дейін қолданыста болады.

3-2) кандидат пен оның жұбайының (зайыбының) кірістері мен мүлкі туралы декларациялар тапсырғаны жөнінде мемлекеттік кіріс органының анықтамасы;

4) кандидаттың сайлау жарнасын енгізгендігін куәландыратын құжат.

7. Орталық сайлау комиссиясы:

1) Президенттікке кандидаттарды тіркегеннен кейін жеті күннен кешіктірмей бұқаралық ақпарат құралдарында әрбір кандидаттың тегін, аты мен әкесінің атын, туған жылын, атқаратын қызметін (жұмысын), жұмыс орны мен тұрғылықты жерін көрсетіп, сондай-ақ кандидаттың қалауына қарай оның қоғамдық бірлестікке қатыстылығы мен ұлты туралы мәліметтерді жариялайды;

2) тіркелген кезде кандидаттарға тиісті куәлік береді;

3) мынадай жағдайда:

кандидат ұсыну ережелерін бұзған, тіркеу үшін қажетті құжаттарды табыс етпеген;

кандидат Конституцияда және осы Конституциялық заңда оған қойылатын талаптарға сәйкес келмеген;

кандидат өзінің сайлау алдындағы науқанында лауазымдық немесе қызмет жағдайын пайдаланған ;

кандидат өзін тіркегенге дейін, сайлау күні не соның алдындағы күні сайлау алдындағы үгіт жүргізген;

сот кандидаттың және (немесе) оның сенім білдірілген адамдарының басқа кандидаттың ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін, оның іскерлік беделін түсіретін жалған мәліметтерді тарату фактісін анықтаған;

сот кандидат пен оның сенім білдірілген адамдарының сайлаушыларды сатып алу фактілерін анықтаған;

осы Конституциялық заңда белгіленген өзге де жағдайларда кандидатты тіркеуден бас тартады немесе тіркеу туралы шешімнің күшін жояды;

РҚАО-ның ескертпесі!

3-1) тармақшаның бірінші бөлігінің бұл редакциясы осы Конституциялық заңның 133-бабына сәйкес 01.01.2020 дейін қолданыста болады.

3-1) декларацияны тапсыру кезіне кандидат немесе оның зайыбы (жұбайы) декларациялаған кірістері мен мүлкі туралы мәліметтердің анық еместігі анықталған жағдайда Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жояды.

Дауыс беретін күнге екі күн қалғанда кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға немесе бұған дейін тіркеуден шығарылған кандидатты қалпына келтіруге жол берілмейді.

8. Орталық сайлау комиссиясының Президенттікке кандидатты тіркеуден бас тартуына немесе тіркеу жөніндегі шешімнің күшін жоюына кандидаттың жеке өзі не оны ұсынған қоғамдық бірлестік он күн ішінде Жоғарғы Сотқа шағым беруі мүмкін, ол шағымды берілген күнінен бастап он күн мерзім ішінде қарайды. Жоғарғы Соттың шешімі түпкілікті болып табылады.

Ескерту. 59-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 28.09.1995 № 2464 (жарияланған күнінен бастап күшіне енеді); 1998.05.08 N 222, 1999.05.06 N 375, 1999.06.28 N 407, 2004.04.14 N 545, 2005.04.15 N 44; 31.07.2015 № 340-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 18.11.2015 № 413 -V (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

60-бап. Кандидатурасын алып тастау, кандидат ұсыну туралы шешімнің күшін жою

1. Президенттікке кандидат тіркелген күннен бастап және дауыс беруге екі күн қалғанға дейінгі кез келген уақытта Орталық сайлау комиссиясына бұл туралы жазбаша өтініш бере отырып өз кандидатурасын алып тастай алады.

2. Республикалық қоғамдық бірлестіктің жоғары органы тіркеуге дейін және тіркеуден кейін кез келген уақытта тиісінше Орталық сайлау комиссиясына ұсыныс жасау арқылы Президенттікке кандидат ұсыну жөніндегі өз шешімінің күшін жоя алады.

3. Мұндай жағдайда Орталық сайлау комиссиясы кандидатты тіркемейді не оны тіркеу туралы шешімнің күшін жояды.

4. Егер кандидатураны алу немесе кандидатты ұсыну туралы шешімнің күшін жою осыған мәжбүр ететін себептерсіз жүргізілген болса, онда Орталық сайлау комиссиясы сайлау науқанын өткізуге республикалық бюджет қаражатынан жұмсалған шығыстың бір бөлігін кандидаттың немесе тиісінше оны ұсынған қоғамдық бірлестіктің есебіне жатқызуға хақылы.

Ескерту. 60-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375, 2004.04.14 N 545, 2005.04.15 N 44 Конституциялық заңдарымен.

61-бап. Тіркеу мерзімі аяқталғаннан кейін шығып қалғандардың орнына Республика Президенттігіне кандидаттар ұсыну

1. Тіркеу мерзімі аяқталғаннан кейін кандидаттардың шығып қалуы нәтижесінде Президенттікке екіден кем кандидат қалған жағдайда, Орталық сайлау комиссиясы өз қаулысымен сайлауды екі айдан аспайтын мерзімге ұзартады.

2. Мұндай жағдайда Президенттікке кандидаттар ұсыну осы Конституциялық заңда белгіленген ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 61-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375, 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңдарымен.

62-бап. Республика Президентін сайлау кезіндегі дауыстарды санау

1. Президент сайлауында дауыстарды санау нәтижелері аумақтық сайлау комиссияларының мәжілістерінде белгіленеді және хаттамаға енгізіледі, оған комиссия төрағасы мен мүшелері қол қойып, екі күн мерзім ішінде Орталық сайлау комиссиясына жолданады.

2. Дауыстарды санау нәтижелерін анықтауға байланысты өзге мәселелер осы Конституциялық заңның Жалпы бөлімінде белгіленген ережелерге сәйкес шешіледі.

Ескерту. 62-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375 Конституциялық заңдарымен.

63-бап. Қайта дауыс беру

1. Егер сайлау бюллетеніне екіден артық Президенттікке кандидаттар енгізіліп және олардың бірде-біреуі сайланбай қалса, Орталық сайлау комиссиясы ең көп дауыс алған екі кандидат бойынша Президент сайлауы жөнінде қайта дауыс беру тағайындайды. Кандидаттардың біреуі шығып қалған жағдайда, сайлау бюллетеніне неғұрлым көп дауыс алған келесі кандидат енгізіледі.

2. Қайта дауыс беру осы Конституциялық заңның талаптарын сақтай отырып екі ай мерзімнен кешіктірілмей өткізіледі. Қайта дауыс беруді өткізу туралы бұқаралық ақпарат құралдарында хабарланады.

3. Алып тасталды - ҚР 1998.11.06 N 285 Конституциялық заңымен.

Ескерту. 63-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1998.11.06 N 285, 1999.05.06 N 375, 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңдарымен.

64-бап. Қайта сайлау

1. Егер Президент сайлауы жарамсыз деп танылса, не қайта дауыс беру сайланған Президентті анықтауға мүмкіндік бермесе, Орталық сайлау комиссиясы Президент сайлауын қайта тағайындайды.

2. Қайта сайлау алғашқы сайлаудан кейін екі ай мерзімнен кешіктірілмей өткізіледі. Дауыс беру бастапқы сайлауды өткізу үшін жасалған тізім бойынша және сол сайлау учаскелерінде өткізіледі.

3. Сайлау комиссияларын құру, Президенттікке кандидаттар ұсыну мен тіркеу, басқа да сайлау шаралары осы Конституциялық заңда белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырылады. Бұл ретте сайлау шаралары мерзімінің қысқартылуын Орталық сайлау комиссиясы анықтайды.

4. Қайта сайлау өткізу туралы бұқаралық ақпарат құралдарында хабарланады.

Ескерту. 64-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375, 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңдарымен.

65-бап. Республика Президенті сайлауының қорытындыларын анықтау және жариялау

1. Орталық сайлау комиссиясы аумақтық сайлау комиссиясы хаттамаларының негізінде сайлаудан кейін жеті күндік мерзімнен кешіктірмей Президент сайлауының қорытындыларын белгілейді және тиісті қаулы қабылдайды.

2. Республика Президенті болып:

1) дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың елу процентінен астамының дауысын алған;

2) қайта дауыс беру кезінде, басқа кандидатпен салыстырғанда, дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың көпшілік дауысын алған.

3) алып тасталды - ҚР 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңымен.

3. Республика Президенті сайлауының қорытындысын анықтау мен жариялауға байланысты өзге мәселелер осы Конституциялық заңның Жалпы бөлімінде белгіленген ережелерге сәйкес шешіледі.

Ескерту. 65-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1998.11.06 N 285, 1999.05.06 N 375, 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңдарымен.

66-бап. Сайланған Республика Президентін тіркеу

1. Орталық сайлау комиссиясы аумақтық сайлау комиссияларының хаттамалары негізінде сайлау өткізген күннен бастап жеті күн мерзім ішінде сайланған Республика Президентін тіркейді.

2. Егер учаскелердің немесе әкімшілік бөліністердің жалпы санының кемінде төрттен бір бөлігінде:

1) сайлау жарамсыз деп танылса;

2) не оның барысында немесе дауысты санау не дауыс беру нәтижелерін анықтау кезінде осы Конституциялық заңды бұзу орын алса, Орталық сайлау комиссиясы тиісті сайлау комиссияларының ұсынысы, азаматтардың арыздары бойынша сайланған Президентті тіркеуден бас тартуы мүмкін.

3. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген ретпен қабылданған Орталық сайлау комиссиясының шешіміне Президенттікке кандидат оның қабылданған күнінен бастап он күн ішінде Жоғарғы Сотқа шағым бере алады, ол он күн мерзім ішінде түпкілікті шешім қабылдайды.

Ескерту. 66-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375 Конституциялық заңдарымен.

66-1-бап. Республика Президентінің кезектен тыс сайлауын өткізу

Президенттің кезектен тыс сайлауы осы Конституциялық заңда Президенттің кезекті сайлауы үшін белгіленген қағидаларға сәйкес өткізіледі. Сайлау іс-шараларын өткізу мерзімін Орталық сайлау комиссиясы айқындайды.

Ескерту. Конституциялық заң 66-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.02.03 № 404-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

67-бап. Республика Президентінің кезектен тыс сайлауын өткізу

Ескерту. 67-бап алып тасталды - ҚР 1998.11.06 N 285 Конституциялық заңдарымен.

68-бап. Республика Конституциялық Кеңесінің Республика Президенті сайлауын өткізудің дұрыстығы жөніндегі мәселені қарауы

1. Республика Президентінің, Сенат Төрағасының, Мәжіліс Төрағасының, Парламент депутаттары жалпы санының кемінде бестен бір бөлігінің, Премьер-Министрдің сайлау қорытындылары шығарылғаннан кейін он күн ішінде берілуі мүмкін өтініші бойынша Конституциялық Кеңес дау туындаған жағдайда Республика Президенті сайлауын өткізудің дұрыстығы жөніндегі мәселені шешеді. Бұл ретте Республика Президентінің қызметке кірісуі өтінішті қарау кезінде тоқтатыла тұрады.

2. Орталық сайлау комиссиясы Республика Президенті сайлауын өткізудің дұрыстығы жөнінде дау туындаған жағдайда сайлауды әзірлеу мен өткізуге байланысты материалдарды Конституциялық Кеңеске береді.

3. Конституциялық Кеңес Конституцияны бұзу анықталған учаскелердегі (әкімшілік-аумақтық бөліністердегі) Республика Президенті сайлауы Конституцияға сәйкес емес деп таныған жағдайда Орталық сайлау комиссиясы тиісті учаскелердегі (әкімшілік-аумақтық бөліністердегі) сайлауды жарамсыз деп тану және сайлау жарамсыз деп танылған учаскелерде (әкімшілік-аумақтық бөліністерде) екі ай ішінде қайта дауыс беру өткізу жөнінде шешім қабылдайды.

Ескерту. 68-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375, 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңдарымен.

11-тарау. Республика Парламенті Сенатының депутаттарын сайлау

69-бап. Сенат депутаттары сайлауын тағайындау

1. Сайлау тағайындауға мыналар:

- 1) кезекті сайлау үшін - Сенат депутаттарының конституциялық өкілеттігі мерзімінің бітуі;
- 2) кезектен тыс сайлау үшін - Парламент өкілеттігінің мерзімінен бұрын тоқтатылуы Сенатта өкілдігі жоқ тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністердің құрылуы;
- 3) шығып қалған депутаттардың орнына сайлау өткізу үшін - депутат өкілеттігінің мерзімінен бұрын тоқтатылуы, оны мандатынан айыру не оның қайтыс болуы негіз болып табылады.

2. Осы баптың 1-тармағының 1)-тармақшасында белгіленген жағдайда депутаттар сайлауын Сенат депутаттарының конституциялық өкілеттігі мерзімінің бітуіне дейін кемінде төрт ай

қалғанда Республика Президенті тағайындайды және ол конституциялық өкілеттік мерзімінің бітуінен кемінде екі ай бұрын өткізіледі.

3. Осы баптың 1-тармағының 2)-тармақшасында көзделген жағдайда депутаттар сайлауын Республика Президенті бір мезгілде Парламент өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдай отырып әрі Парламент өкілеттігін тоқтатқан күннен бастап екі айдың ішінде тағайындайды .

Республика Президентінің Парламентті тарату туралы актісі қолданысқа енгізілген күн депутаттардың кезектен тыс сайлауы өткізілуге тиіс мерзімнің басталу кезі болып табылады. Бұл мерзім екі ай өткен соң аяқталады. Егер мерзімнің аяқталуы тиісті күн саны жоқ айға тура келетін болса, онда мерзім осы айдың соңғы күнінде аяқталады.

4. Осы баптың 1-тармағының 3)-тармақшасында көзделген жағдайда шығып қалғандар орнына депутаттар сайлауын Орталық сайлау комиссиясы мерзімінен бұрын тоқтатылған, депутаттық мандатынан айырылған, не оның қайтыс болған сәтінен бастап екі айдан кешіктірмей тағайындайды.

5. Сенат депутаттары сайлауы Конституцияның 41-бабының 3-тармағының талаптары ескеріле отырып тағайындалады және мерзімі бойынша Парламент Мәжілісі депутаттарының сайлауымен сәйкес келе алмайды.

Ескерту. 69-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1999.05.06

№ 375; 03.10.2013 № 133-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

70-бап. Сенат депутаттығына кандидаттарға қойылатын талаптар

Сенат депутаты болып сайлану үшін азамат Конституцияның 51-бабының 4-тармағында белгіленген талаптарды қанағаттандыруға, сондай-ақ Конституцияның 33-бабының 2 және 3-тармақтарына және осы Конституциялық заңға сәйкес белсенді сайлау құқығына ие болуға тиіс.

Ескерту. 70-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06 № 375, 2004.04.14 № 545 Конституциялық заңдарымен.

71-бап. Сенат депутаттығына кандидаттар ұсыну

1. Сенат депутаттығына кандидаттар ұсыну сайлау тағайындалғаннан кейін келесі күні басталып, сайлау өткізілетін күнге бір ай қалғанда аяқталады.

2. Сенат депутаттығына кандидаттар ұсыну:

1) облыстық (республикалық маңызы бар қалалар мен астана), қалалық, аудандық мәслихаттар сессияларында жүргізіледі. Саяси партиялар, өзге де қоғамдық бірлестіктер өздерінің мәслихаттардағы өкілдері арқылы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидатуралар ұсынады. Бұл ретте бірнеше мәслихаттан бір кандидат ұсынылуы мүмкін;

2) өзін-өзі ұсыну тәртібімен жүргізіледі.

3. Сенат депутаттығына кандидат болып тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың немесе Республика астанасының аумағында тұратын азамат ұсыныла алады.

4. Сенат депутаттығына кандидат етіп ұсыну жөніндегі шешім тиісті мәслихат депутаттарының жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады және бұл шешім:

1) ұсынылған кандидатқа жеткізіледі;

2) кандидаттың дауысқа түсуге келісімі туралы өтінішімен бірге тиісті облыстардың, республикалық маңызы бар қала мен Республика астанасының сайлау комиссиясына жіберіледі.

5. Сенат депутаттығына кандидаттардың өзін-өзі ұсынуы азаматтардың тиісті аумақтық сайлау комиссиясына осы әкімшілік аумақтық бөлініс бойынша өзінің Сенат депутаттығына кандидат болып дауысқа түсу ниеті жайында өтініш беру арқылы жүргізіледі.

6. Облыстық, қалалық (республикалық маңызы бар қала мен Республика астанасының) сайлау комиссиясы үш күн ішінде кандидаттың Конституция мен осы Конституциялық заң қоятын талаптарға сәйкестігін анықтайды және осы баптың 4-тармағының 2)-тармақшасында, 5-тармағында көрсетілген оның ұсынылуы туралы құжаттар негізінде оған таңдаушылардың қолдарын жинау үшін қол қою парақтарын береді.

7. Кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталған күні Сенаттың депутаттығына екіден кем кандидат тіркелген жағдайда, Орталық сайлау комиссиясы тиісті аумақтық сайлау комиссиясының ұсынуы бойынша кандидаттарды ұсыну мерзімін жиырма күннен аспайтын мерзімге ұзартады.

Ескерту. 71-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375, 2004.04.14 N 545, 2007.06.19 N 268 Конституциялық заңдарымен.

72-бап. Сенат депутаттығына кандидатты қолдап қол жинау

1. Сенат депутаттығына кандидат облыс мәслихаттарының, республикалық маңызы бар қала немесе Республика астанасы мәслихатының өкілдері болып табылатын таңдаушылардың жалпы санының кемінде он процентінің қолдауына, бірақ бір мәслихаттан таңдаушылар дауысының жиырма бес процентінен аспайтын даусына ие болуға тиіс.

2. Таңдаушылардың қолдауы олардың қолдарын жинаумен куәландырылады. Бұл орайда таңдаушылардың әрқайсысы Сенаттың депутаттығына бір кандидатты ғана қолдап өз қолын қоюға құқылы. Сенаттың депутаттығына кандидат тіркелгеннен кейін қойылған қол тек сот шешімінің негізінде ғана кері қайтарылып алынады.

3. Сенат депутаттығына кандидатты қолдап қол жинауды сенім білдірілген адамдар ұйымдастырады және бұл тиісті облыстық, қалалық (республикалық маңызы бар қала мен Республика астанасының) сайлау комиссиясы беретін қол қою парақтарымен ресімделеді.

4. Әрбір қол қою парағында рет нөмірі мен кандидаттың және қол жинаушының тегі, аты мен әкесінің аты, кандидаттың жеке қолы, сондай-ақ өз қолдарын қоятын таңдаушылар жайында мынадай мәліметтерді білдіретін бағаналар болуға тиіс:

- 1) тегі, аты мен әкесінің аты;
- 2) өзі депутаты болып табылатын мәслихат;
- 3) туған күні, айы мен жылы;
- 4) тұрғылықты мекен жайы;
- 5) жеке қолы.

5. Қол қою парағының үлгісін Орталық сайлау комиссиясы бекітеді.

6. Толтырылған қол қою парақтары тиісінше облыстық, қалалық (республикалық маңызы бар қала мен Республика астанасының) сайлау комиссиясына тапсырылады, олар бес күн мерзім ішінде жиналған қолдардың растығын паспорт қызметінің қызметкерлерін қатыстыра отырып тексеруді жүзеге асырады және тиісті хаттаманы ресімдейді.

7. Егер қойылған қолдардың растығын тексеру нәтижесінде жиналған қолдардың бір процентінен артығы рас болмай шыққан жағдайда, Сенат депутаттығына кандидатты тіркеуден бас тартылады.

Ескерту. 72-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375, 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңдарымен.

73-бап. Сенат депутаттығына кандидаттарды тіркеу

1. Сенат депутаттығына кандидаттарды тіркеуді тиісінше облыстық, қалалық (республикалық маңызы бар қала мен Республика астанасының) сайлау комиссиялары жүзеге асырады.

2. Сенат депутаттығына кандидат тіркелгенге дейін және оның Конституция мен осы Конституциялық заң қоятын талаптарға сәйкестігі тексерілгеннен кейін, сондай-ақ оны қолдап жиналған қолдар тексерілгеннен кейін Орталық сайлау комиссиясының шотына депозит ретінде заңдарда белгіленген ең төменгі жалақының он бес еселенген мөлшерінде сайлау жарнасын енгізеді. Кандидат сайлау қорытындылары бойынша Парламент Сенатының депутаты болып сайланған немесе кандидат дауыс беру қорытындылары бойынша дауыс беруге қатысқан таңдаушылар даусының кемінде бес процентін алған жағдайларда, сондай-ақ кандидат қайтыс болған жағдайда енгізілген жарна кандидатқа қайтарылады. Қалған жағдайлардың бәрінде енгізілген жарна қайтарылмауға тиіс және республикалық бюджет кірісіне алынады.

РҚАО-ның ескертпесі!

2-тармақтың екінші бөлігінің бұл редакциясы осы Конституциялық заңның 133-бабына сәйкес 01.01.2020 дейін қолданыста болады.

Кандидат пен оның зайыбы (жұбайы) тіркеуге дейін тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кіріс органдарына осы Конституциялық заңға сәйкес белгіленген ұсыну мерзімі басталатын айдың бірінші күніне салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының уәкілетті

мемлекеттік органы белгілеген тәртіппен және нысанда кірістері мен мүлкі туралы декларациялар ұсынады.

РҚАО-ның ескертпесі!

2-тармақтың үшінші бөлігінің бұл редакциясы осы Конституциялық заңның 133-бабына сәйкес 01.01.2020 дейін қолданыста болады.

Кандидат пен оның зайыбы (жұбайы) декларациялаған кірістері мен мүлкі туралы мәліметтердің анықтығын мемлекеттік кіріс органдары кандидат тіркелген күннен бастап он бес күн ішінде тексереді.

РҚАО-ның ескертпесі!

2-тармақтың төртінші бөлігінің бұл редакциясы осы Конституциялық заңның 133-бабына сәйкес 01.01.2020 дейін қолданыста болады.

Бұл ретте кандидат пен оның зайыбының (жұбайының) кірістері мен мүлкі туралы мәліметтер ұсыну жөніндегі мемлекеттік кіріс органдарының талаптарын алған ұйымдар сұратылған ақпаратты талап алынған күннен бастап төрт күн ішінде ұсынуға міндетті.

3. Сенат депутаттығына кандидатты тіркеу барлық қажетті құжаттар алынғаннан кейін басталып, егер сайлау тағайындау кезінде өзгеше көзделмесе, сайлау күніне жиырма күн қалғанда аяқталады.

4. Мәслихаттан (мәслихаттардан) ұсынылған Сенат депутаттығына кандидатты тіркеу мына құжаттар:

1) облыстық, қалалық немесе аудандық мәслихаттың депутаттыққа кандидат етіп ұсыну туралы шешімі;

2) депутаттыққа кандидат болып дауысқа түсуге келісімі туралы өтініші;

3) тиісінше облыстық немесе қалалық (республикалық маңызы бар қала мен Республика астанасы) сайлау комиссиясының таңдаушылардың кандидатты қолдап қойған қолдарын тексеруінің нәтижесі туралы хаттамасы;

4) кандидаттың өмірбаяндық деректері;

4-1) алып тасталды - ҚР 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңымен;

РҚАО-ның ескертпесі!

4-2) тармақшаның бұл редакциясы осы Конституциялық заңның 133-бабына сәйкес 01.01.2020 дейін қолданыста болады.

4-2) кандидат пен оның жұбайының (зайыбының) кірістері мен мүлкі туралы декларациялар тапсырғаны жөнінде мемлекеттік кіріс органының анықтамасы;

5) кандидаттың сайлау жарнасын енгізгендігін куәландыратын құжаты болған жағдайда жүзеге асырылады.

5. Сенат депутаттығына кандидатты тіркеу ол өзін-өзі ұсынған жағдайда, мына құжаттар:

1) азаматтың депутаттыққа кандидат болып дауысқа түсу ниеті туралы өтініші;

2) тиісінше облыстық немесе қалалық (республикалық маңызы бар қала мен Республика астанасының) сайлау комиссиясының таңдаушылардың кандидатты қолдайтын қолдарын тексеру нәтижелері туралы хаттамасы;

3) кандидат туралы өмірбаяндық деректер;

3-1) алып тасталды - ҚР 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңымен;

РҚАО-ның ескертпесі!

3-2) тармақшаның бұл редакциясы осы Конституциялық заңның 133-бабына сәйкес 01.01.2020 дейін қолданыста болады.

3-2) кандидат пен оның жұбайының (зайыбының) кірістері мен мүлкі туралы декларациялар тапсырғаны жөнінде мемлекеттік кіріс органының анықтамасы;

4) кандидаттың сайлау жарнасын енгізгенін растайтын құжат болған жағдайда жүзеге асырылады.

6. Облыстық немесе қалалық (республикалық маңызы бар қала мен Республика астанасының) сайлау комиссиясы:

1) Сенат депутаттығына кандидаттарды тіркеген кезде оларға тиісті куәлік береді;

2) Сенат депутаттығына кандидаттарды тіркегеннен кейін жеті күннен кешіктірмей әр кандидаттың тегін, атын, әкесінің атын, туған жылын, атқаратын қызметін (жұмысын), жұмыс орны мен тұрғылықты жерін, сондай-ақ кандидаттың қалауына қарай оның қоғамдық бірлестікке қатыстылығы мен ұлты туралы мәліметтерді көрсете отырып, тіркеу туралы бұқаралық ақпарат құралдарында хабар жариялайды;

3) мынадай жағдайда:

кандидат ұсыну ережелерін бұзған, тіркеу үшін қажетті құжаттарды табыс етпеген;

кандидат Конституцияда және осы Конституциялық заңда оған қойылатын талаптарға сәйкес келмеген;

кандидат өзінің сайлау алдындағы науқанында лауазымдық немесе қызмет жағдайын пайдаланған

;

кандидат сайлау алдындағы үгітті өзін тіркегенге дейін, сайлау күні не соның алдындағы күні жүргізген;

кандидаттың және (немесе) оның сенім білдірілген адамдарының басқа кандидаттың ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін, оның іскерлік беделін түсіретін жалған мәліметтерді таратқан фактісін сот анықтаған;

сот кандидат пен оның сенім білдірілген адамдарының сайлаушыларды сатып алу фактілерін анықтаған;

осы Конституциялық заңда белгіленген өзге де жағдайларда кандидатты тіркеуден бас тартады немесе оны тіркеу туралы шешімнің күшін жояды;

РҚАО-ның ескертпесі!

3-1) тармақшаның бірінші бөлігінің бұл редакциясы осы Конституциялық заңның 133-бабына сәйкес 01.01.2020 дейін қолданыста болады.

3-1) декларацияны тапсыру кезіне кандидат немесе оның зайыбы (жұбайы) декларациялаған кірістері мен мүлкі туралы мәліметтердің анық еместігі анықталған жағдайда Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жояды.

Дауыс беретін күнге екі күн қалғанда кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға немесе бұған дейін тіркеуден шығарылған кандидатты қалпына келтіруге жол берілмейді.

7. Кандидатты тіркеуден бас тартуға немесе тіркеу туралы шешім күшінің жойылуына оны ұсынған мәслихат (мәслихаттар) немесе кандидаттың жеке өзі жеті күн мерзімде Орталық сайлау комиссиясына немесе сотқа шағым бере алады. Бұл ретте шағым берілген күнінен бастап жеті күн ішінде қаралады.

8. Тиісті аумақтық сайлау комиссиясы Сенат депутаттығына кандидаттарды тіркеу туралы хаттама жасайды, ол үш күндік мерзімде Орталық сайлау комиссиясына табыс етіледі.

Ескерту. 73-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 28.09.1995 № 2464 (жарияланған күнінен бастап күшіне енеді); 1998.05.08 N 222, 1999.05.06 N 375, 1999.06.28 N 407, 2004.04.14 N 545, 2005.04.15 N 44; 31.07.2015 № 340-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 18.11.2015 № 413 -V (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

74-бап. Кандидатурасын алып тастау, Сенат депутаттығына кандидат етіп ұсыну туралы шешімнің күшін жою

1. Сенат депутаттығына кандидат тіркелген күннен бастап және дауыс беруге екі күн қалғанға дейінгі кезеңде тиісінше облыстық, қалалық (республикалық маңызы бар қала мен Республика астанасының) сайлау комиссиясына бұл туралы жазбаша өтініш бере отырып, өз кандидатурасын алып тастай алады.

2. Кандидатты ұсынған мәслихат (мәслихаттар) тіркеуге дейінгі және одан кейінгі уақытта облыстық, қалалық (республикалық маңызы бар қала мен Республика астанасының) сайлау комиссиясына тиісті ұсыныс жасау арқылы кандидат ұсыну жөніндегі өз шешімінің күшін жоя алады.

3. Мұндай жағдайларда тиісті сайлау комиссиясы кандидатты тіркемейді не кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жояды.

4. Егер кандидатурасын алып тастау немесе кандидатты ұсыну туралы шешімнің күшін жою осыған мәжбүр еткен себептерсіз жүргізілген болса, онда аумақтық сайлау комиссиясы сайлау науқанын өткізуге республикалық бюджеттен жұмсалған қаражаттың бір бөлігін кандидаттың немесе оны ұсынған тиісті мәслихаттың есебіне жатқызуға хақылы.

Ескерту. 74-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375, 2004.04.14 N 545, 2005.04.15 N 44 Конституциялық заңдарымен.

75-бап. Сенат депутаттығына кандидаттың сайлау қорының мөлшері

Кандидаттың сайлау қоры:

1) жалпы сомасы Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген ең төменгі жалақының екі жүз есе мөлшерінен аспауға тиіс кандидаттың жеке қаражатынан;

2) жалпы сомасы Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген ең төменгі жалақының бес жүз есе мөлшерінен аспауға тиіс Қазақстан Республикасының азаматтары мен ұйымдарының ерікті қайырмалдықтарынан құралады.

Ескерту. 75-бап жаңа редакцияда - ҚР 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңымен.

76-бап. Тіркеу мерзімі аяқталғаннан кейін шығып қалғандардың орнына Сенат депутаттығына кандидаттар ұсыну

1. Тіркеу мерзімі аяқталғаннан кейін кандидаттардың шығып қалуы нәтижесінде Сенат депутаттығына екіден кем кандидат қалған жағдайда, Орталық сайлау комиссиясы тиісті облыстық (республикалық маңызы бар қала және астана), қалалық сайлау комиссиясының ұсынуы бойынша, өз қаулысымен сайлаудың мерзімін ұзартады, бірақ ол екі айдан аспауға тиіс.

2. Бұл жағдайда Сенат депутаттығына кандидаттар ұсыну осы Конституциялық заңда белгіленген ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 76-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңымен.

77-бап. Сенат депутаттарын сайлау жөніндегі таңдаушылардың бірлескен отырысын өткізу тәртібі

1. Сенат депутаттарын сайлау таңдаушылардың бірлескен отырысында жүргізіледі.

2. Егер бірлескен отырысқа тиісінше облыстың барлық мәслихаттарынан, республикалық маңызы бар қаланың немесе Республика астанасының мәслихатынан өкіл болатын сайланған депутаттар санының

елу проценттен астамы қатысса, ол заңды болады.

3. Егер Сенат депутатын сайлау жөніндегі отырыста болған таңдаушылардың елу процентінен астамы дауыс беруге қатысса, ол өткізілген болып есептеледі.

4. Бірлескен отырыста тиісінше облыстық, қалалық (республикалық маңызы бар қалалар мен Республика астанасы) мәслихатының хатшысы төрағалық етуші болып табылады.

5. Таңдаушылардың бірлескен отырысына тиісінше облыстық, қалалық (республикалық маңызы бар қала мен Республика астанасы) сайлау комиссиясының төрағасы мен мүшелері қатысады.

6. Бірлескен отырыс өткізілетін жерде тиісінше облыстық, қалалық (республикалық маңызы бар қала мен Республика астанасының) сайлау комиссиясы Сенат депутатын сайлау жөніндегі дауыс беру пунктін ұйымдастырады.

7. Сенат депутаттарын сайлау жөніндегі бірлескен отырыстың өткізілгенін куәландыратын құжат тиісінше облыстық, қалалық (республикалық маңызы бар қала мен Республика астанасының) тиісті мәслихат хатшысының сайлау комиссиясына тапсыратын бірлескен отырыс хаттамасы болып табылады.

8. Бірлескен отырыс тиісінше облыстық, қалалық (республикалық маңызы бар қала мен Республика астанасы) сайлау комиссиясының төрағасы Сенат депутатын сайлау жөніндегі дауыс беру нәтижелерін жариялағаннан кейін жабылады.

Ескерту. 77-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375, 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңдарымен.

78-бап. Сенат депутаты сайлауындағы дауыс санау

1. Сенат депутаты сайлауындағы дауыс санау нәтижелері тиісінше облыстық, қалалық сайлау комиссиясының (республикалық маңызы бар қала мен Республика астанасының) дауыс беру пунктінде өткізілетін мәжілісінде анықталады.

2. Облыстық, қалалық (республикалық маңызы бар қала мен Республика астанасының) сайлау комиссиясы дауыс беру нәтижелері бойынша Сенат депутатын сайлау жөніндегі дауыс санаудың хаттамасын жасайды, оған:

1) сайлау комиссиясының төрағасы мен мүшелері қол қояды;

2) таңдаушылардың бірлескен мәжілісінде жария етіледі;

3) сайлау күнінен бастап екі күннен аспайтын мерзім ішінде Орталық сайлау комиссиясына жіберіледі.

3. Дауыс санау нәтижесін анықтауға байланысты өзге де мәселелер осы Конституциялық заңның Жалпы бөлімінде белгіленген ережелерге сәйкес шешіледі.

Ескерту. 78-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375 Конституциялық заңдарымен.

79-бап. Сенат депутатын сайлау кезінде қайта дауыс беру

1. Егер сайлау бюллетеніне Сенат депутаттығына екіден астам кандидаттар енгізілген болса және олардың бірде-бірі сайланбаса, тиісінше облыстық, қалалық (республикалық маңызы бар қала мен Республика астанасының) сайлау комиссиясы ең көп дауыс алған екі кандидат бойынша қайта

дауыс беруді тағайындайды. Кандидаттардың біреуі шығып қалған жағдайда, сайлау бюллетеніне неғұрлым көп дауыс алған келесі кандидат енгізіледі.

2. Қайта дауыс беру осы Конституциялық заңның талаптары сақтала отырып, бастапқы дауыс беру болған күні өткізіледі.

3. Алып тасталды - ҚР 1999.05.06 N 375 Конституциялық заңымен.

Ескерту. 79-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375, 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңдарымен.

80-бап. Сенат депутаттарын қайта сайлау

1. Егер сайлау таңдаушылардың қажетті санының келмеуі себепті өткізілмеген деп танылған болса немесе ол жарамсыз деп танылған болса, не екі кандидат дауысқа түскен кезде олар сайланбай қалса, Орталық сайлау комиссиясы тиісті аумақтық сайлау комиссиясының ұсынысы бойынша қайта сайлау өткізу жөнінде шешім қабылдайды.

2. Қайта сайлау бастапқы сайлаудан кейін екі ай мерзімнен кешіктірілмей өткізеді. Депутаттыққа кандидаттарды ұсыну мен тіркеу, қайта сайлау кезінде жүзеге асыру көзделген басқа да шаралар осы Конституциялық заңда белгіленген ережелерге сәйкес жүргізіледі. Бұл ретте сайлау шараларының қысқартылған мерзімін Орталық сайлау комиссиясы белгілейді.

3. Қайта сайлау туралы хабар жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

4. Алып тасталды - ҚР 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңымен.

Ескерту. 80-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375, 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңдарымен.

81-бап. Сенат депутаттары сайлауының қорытындыларын анықтау және жариялау

1. Республика бойынша тұтас алғанда Сенат сайлауының қорытындыларын Орталық сайлау комиссиясы сайлау өткізілген күннен бастап жеті күн мерзімнен кешіктірмей шығарады.

2. Сенат депутаты сайлауында:

1) дауыс беруге қатысқан таңдаушылардың елу процентінен астамының дауысын алған;

2) қайта дауыс беру кезінде басқа кандидатпен салыстырғанда таңдаушылардың дауыс санының көпшілігін дауысын алған.

3) алып тасталды - ҚР 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңымен;

3. Сайлаудың қорытындыларын анықтауға және жариялауға байланысты өзге де мәселелер осы Конституциялық заңның Жалпы бөлімінде белгіленген ережелерге сәйкес шешіледі.

Ескерту. 81-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375, 2004.04.14 N 545
Конституциялық заңдарымен.

82-бап. Сенат депутаттарын тіркеу

1. Орталық сайлау комиссиясы тиісінше облыстық, қалалық (республикалық маңызы бар қала және Республика астанасы) сайлау комиссияларының хаттамалары негізінде Сенаттың сайланған депутаттарын тіркейді.

2. Орталық сайлау комиссиясы тиісінше облыстық, қалалық (республикалық маңызы бар қалалар мен Республика астанасы) сайлау комиссиясының ұсынысы немесе таңдаушылардың арыздары бойынша, егер сайлау барысында немесе дауыстарды санау не дауыс беру нәтижелерін анықтау кезінде осы Конституциялық заңды бұзу орын алған болса, Сенат депутаты сайлауын жарамсыз деп табуы және Сенат депутатын тіркеуден бас тартуы мүмкін. Бұл ретте Сенат депутаттығына кандидат Орталық сайлау комиссиясының осы шешіміне қабылданған күнінен бастап он күн ішінде Жоғарғы Сотқа шағым жасай алады, ол он күн мерзімде түпкілікті шешім қабылдайды.

Ескерту. 82-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1997.06.19 N 133-1, 1999.05.06 N 375; 31.07.2015 № 340-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

83-бап. Сенат депутаттарының кезектен тыс сайлауы мен шығып қалғандардың орнына депутаттар сайлауын өткізу

1. Сенат депутаттарының кезектен тыс сайлауы мен шығып қалғандардың орнына депутаттар сайлауы Сенат депутаттарын кезектен тыс сайлау үшін осы Конституциялық заңда белгіленген ережелерге сәйкес өткізіледі. Бұл ретте сайлау шараларын өткізу мерзімін Орталық сайлау комиссиясы белгілейді.

2. Сенат депутаттары өкілеттігінің конституциялық мерзімі бітуіне бір жыл қалғанда шығып қалған депутаттың орнына сайлау өткізілмейді.

Ескерту. 83-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375, 2004.04.14 N 545
Конституциялық заңдарымен.

84-бап. Сенат депутаттары сайлауын өткізудің дұрыстығы туралы мәселені Конституциялық Кеңестің қарауы

1. Республика Президентінің, Сенат Төрағасының, Мәжіліс Төрағасының, Парламент депутаттары жалпы санының кемінде бестен бір бөлігінің, Республика Премьер-Министрінің сайлау қорытындылары шығарылғаннан кейін он күн ішінде берілуі мүмкін өтініші бойынша Конституциялық Кеңес дау туындаған жағдайда Сенат депутаттары сайлауын өткізудің дұрыстығы туралы мәселені шешеді. Бұл жағдайда сайланған Сенат депутаттарын тіркеу өтінішті қарау уақытына тоқтатыла тұрады.

2. Орталық сайлау комиссиясы Сенат депутаттары сайлауын өткізудің дұрыстығы туралы дау туындаған жағдайда сайлауды әзірлеу мен өткізуге байланысты материалдарды Конституциялық Кеңеске береді.

3. Конституциялық Кеңес Конституцияны бұзу анықталған әкімшілік-аумақтық бөліністерде Сенат депутаттары сайлауын Конституцияға сәйкес емес деп таныған жағдайда, Орталық сайлау комиссиясы осы әкімшілік-аумақтық бөліністердегі сайлауды жарамсыз деп тану және сайлау

жарамсыз деп танылған әкімшілік-аумақтық бөліністерде екі ай ішінде қайта сайлау өткізу туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. 84-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375, 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңдарымен.

12-тарау. Республика Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлау

85-бап. Мәжіліс депутаттары сайлауын тағайындау

1. Мыналар:

- 1) Мәжіліс депутаттарының өкілдігінің конституциялық мерзімінің бітуі кезекті сайлауды;
- 2) Парламент немесе Парламент Мәжілісі өкілеттігінің мерзімінен бұрын тоқтатылуы кезектен тыс сайлауды;
- 3) депутат өкілеттігінің мерзімінен бұрын тоқтатылуы, депутатты мандатынан айыру не оның қайтыс болуы шығып қалғандардың орнына депутаттар сайлауын тағайындауға негіз болып табылады.

2. Осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайда депутаттар сайлауын Республика Президенті Мәжіліс депутаттары өкілеттігі мерзімінің бітуінен кемінде бес ай бұрын тағайындайды және ол екі айдан кешіктірілмей өткізіледі.

3. Осы баптың 1-тармағының 2)-тармақшасында көзделген жағдайда депутаттар сайлауын Республика Президенті бір мезгілде Парламент немесе Парламент Мәжілісі өкілеттігінің мерзімінен бұрын тоқтатылғаны туралы шешім қабылдай отырып, Парламенттің немесе Парламент Мәжілісінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған күннен бастап екі айдың ішінде тағайындайды.

Республика Президентінің Парламентті немесе Парламент Мәжілісін тарату туралы актісі қолданысқа енгізілген күн депутаттардың кезектен тыс сайлауы өткізілуге тиіс мерзімнің басталу кезі болып табылады. Бұл мерзім екі ай өткен соң аяқталады. Егер мерзімнің аяқталуы тиісті күн саны жоқ айға тура келетін болса, онда мерзім осы айдың соңғы күнінде аяқталады.

3-1. Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын Мәжіліс депутаттарының сайлауы күні Мәжілістің партиялық тізім бойынша сайланатын депутаттар сайлауы өткізілетін күнмен дәл келмеуі мүмкін.

4. Осы баптың 1-тармағының 3)-тармақшасында көзделген жағдайларда шығып қалғандардың орнына депутаттар сайлауын депутат мандаты мерзімінен бұрын тоқтатылған және одан айырылған не ол қайтыс болған сәттен бастап үш айдан кешіктірмей Орталық сайлау комиссиясы тағайындайды.

5. Сайлау күні Конституцияның 41-бабының 3-тармағының талаптары ескеріле отырып белгіленеді.

Ескерту. 85-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375, 2007.06.19 N 268; 03.10.2013 № 133-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

86-бап. Мәжіліс депутаттығына кандидаттарға қойылатын талаптар

Мәжіліс депутаты болып сайлану үшін азамат Конституцияның 51-бабының 4-тармағында белгіленген талаптарды қанағаттандыруға, сондай-ақ Конституцияның 33-бабының 2 және 3-тармақтарына және осы Конституциялық заңға сәйкес белсенді сайлау құқығына ие болуға тиіс.

Ескерту. 86-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375, 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңдарымен.

87-бап. Мәжіліс депутаттығына кандидаттар ұсыну

1. Партиялық тізімдер бойынша сайланатын Мәжіліс депутаттығына кандидаттар ұсыну құқығы - белгіленген тәртіппен тіркелген саяси партияларға, ал Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын Мәжіліс депутаттығына кандидаттарға қатысты Ассамблея Кеңесіне тиесілі.

2. Біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша Мәжіліс депутаттығына сайлау үшін адамдарды партиялық тізімге енгізу саяси партияның жоғары органы мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен жүргізіледі. Саяси партиялардың партиялық тізімдерге осы саяси партияның мүшелері болып табылмайтын адамдарды кіргізуге құқығы жоқ.

Саяси партияның жоғары органының шешімі азаматтың партиялық тізімге енгізуге келісімі туралы өтінішімен бірге Орталық сайлау комиссиясына жіберіледі.

3. Саяси партиялар партиялық тізімдерді мемлекеттік тілдің әліпбиі ретімен жасайды. Партиялық тізімді саяси партияның өкілі саяси партияның жоғары органының партиялық тізімді ұсыну туралы хаттамасынан үзінді көшірмемен бірге бір мезгілде Орталық сайлау комиссиясына ұсынады. Өкілдің өкілеттіктері тиісті құжаттармен расталуға тиіс.

4. Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын Парламент Мәжілісінің депутаттығына кандидаттар ұсынуды Ассамблея Кеңесі жүргізеді. Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің шешімі көпшілік дауыспен қабылданады және хаттамадан үзінді көшірмемен ресімделеді.

Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің шешімі азаматтың сайлауға түсуге келісімі туралы өтінішімен бірге Орталық сайлау комиссиясына жіберіледі.

5. Егер сайлауды белгілеу кезінде өзгеше көзделмесе, партиялық тізімдер бойынша сайланатын Мәжіліс депутаттығына кандидаттарды ұсыну сайлаудан екі ай бұрын басталып, оған қырық күн қалғанда аяқталады.

Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын Мәжіліс депутаттығына кандидаттарды ұсыну сайлаудан бір ай бұрын басталып, оған жиырма күн қалғанда аяқталады.

Ескерту. 87-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.06.19 N 268 Конституциялық Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.02.09. N 124-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Конституциялық заңымен.

88-бап. Сайлау жарнасы

1. Партиялық тізімдерді ұсынған саяси партиялар партиялық тізімге енгізілген әрбір адам үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төменгі жалақының он бес еселенген

мөлшерінде Орталық сайлау комиссиясының шотына саяси партиялардың қаражатынан сайлау жарнасын енгізеді.

2. Парламент Мәжілісі депутаттарының алдыңғы сайлауында дауыс беруге қатысқан сайлаушылар даусының жеті және одан да көп процентін алған саяси партиялар сайлау жарнасын төлемейді.

3. Парламент Мәжілісі депутаттарының алдыңғы сайлауында дауыс беруге қатысқан сайлаушылар даусының бестен жетіге дейінгі процентін алған саяси партия осы баптың 1-тармағында белгіленген сайлау жарнасы мөлшерінің елу проценті мөлшерінде сайлау жарнасын төлейді.

Парламент Мәжілісі депутаттарының алдыңғы сайлауында дауыс беруге қатысқан сайлаушылар даусының үштен беске дейінгі процентін алған саяси партия осы баптың 1-тармағында белгіленген сайлау жарнасы мөлшерінің жетпіс проценті мөлшерінде сайлау жарнасын төлейді.

4. Саяси партия сайлау қорытындылары бойынша дауыс беруге қатысқан сайлаушылар даусының кемінде жеті процентін алған жағдайларда, сондай-ақ партиялық тізімге енгізілген жалғыз кандидат қайтыс болған жағдайда енгізілген жарна саяси партияға қайтарылады. Қалған жағдайлардың бәрінде енгізілген жарна қайтарылмауға тиіс және

республикалық бюджет кірісіне алынады.

Ескерту. 88-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.06.19 N 268 Конституциялық заңымен.

89-бап. Мәжіліс депутаттығына кандидаттарды тіркеу

1. Саяси партиялар ұсынған партиялық тізімдерді және Қазақстан халқы Ассамблеясының Кеңесі ұсынған кандидаттарды тіркеуді Орталық сайлау комиссиясы жүзеге асырады.

РҚАО-ның ескертпесі!

2-тармақтың бұл редакциясы осы Конституциялық заңның 133-бабына сәйкес 01.01.2020 дейін қолданыста болады.

2. Кандидат пен оның зайыбы (жұбайы) тіркеуге дейін тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кіріс органдарына осы Конституциялық заңға сәйкес белгіленген ұсыну мерзімі басталатын айдың бірінші күніне салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы белгілеген тәртіппен және нысанда кірістері мен мүлкі туралы декларациялар ұсынады.

Саяси партия ұсынған кандидат пен оның зайыбы (жұбайы) декларациялаған кірістері мен мүлкі туралы мәліметтердің анықтығын мемлекеттік кіріс органдары партиялық тізім тіркелген күннен бастап он бес күн ішінде тексереді.

Бұл ретте саяси партия ұсынған кандидат пен оның зайыбының (жұбайының) кірістері мен мүлкі туралы мәліметтер ұсыну жөніндегі мемлекеттік кіріс органдарының талаптарын алған ұйымдар сұратылған ақпаратты талап алынған күннен бастап төрт күн ішінде ұсынуға міндетті.

Қазақстан халқы Ассамблеясының Кеңесі ұсынған кандидат пен оның зайыбы (жұбайы) декларациялаған кірістері мен мүлкі туралы мәліметтердің анықтығын мемлекеттік кіріс органдары кандидат тіркелген күннен бастап үш күн ішінде тексереді.

Бұл ретте Қазақстан халқы Ассамблеясының Кеңесі ұсынған кандидат пен оның зайыбының (жұбайының) кірістері мен мүлкі туралы мәліметтер ұсыну жөніндегі мемлекеттік кіріс органдарының талаптарын алған ұйымдар сұратылған ақпаратты талап алынған күннен бастап екі күн ішінде ұсынуға міндетті.

3. Партиялық тізімдерді тіркеу мынадай құжаттар болған жағдайда жүргізіледі:

1) Республиканың Әділет министрлігінде саяси партияның тіркелгені туралы құжаттың көшірмесі қоса тіркелген, саяси партияның жоғары органының партиялық тізімді ұсыну туралы хаттамасынан үзінді көшірме;

2) азаматтың партиялық тізімге енгізуге келісімі туралы өтініші;

3) партиялық тізімге енген әрбір адам туралы өмірбаяндық деректер;

РҚАО-ның ескертпесі!

4) тармақшаның бұл редакциясы осы Конституциялық заңның 133-бабына сәйкес 01.01.2020 дейін қолданыста болады.

4) кандидат пен оның зайыбының (жұбайының) кірістері мен мүлкі туралы декларациялар тапсырғаны жөнінде мемлекеттік кіріс органының анықтамасы;

5) саяси партияның сайлау жарнасын енгізгенін растайтын құжат;

6) партиялық тізімге енгізілген адамның осы тізімді ұсынған саяси партияға мүшелігін растайтын құжат.

4. Тіркеуге бір саяси партиядан оған саяси партиялар арасында бөлінетін депутаттық мандаттардың белгіленген санының отыз процентінен аспайтын адамдар саны енгізілген бір ғана тізім жіберіледі.

5. Қазақстан халқы Ассамблеясының Кеңесі ұсынған кандидаттарды тіркеу мынадай құжаттар болған жағдайда жүргізіледі:

1) Ассамблея Кеңесінің кандидаттарды ұсыну туралы хаттамасынан үзінді көшірме;

2) азаматтың депутаттыққа кандидат болып сайлауға түсуге келісімі туралы өтініші;

3) Қазақстан халқы Ассамблеясының Кеңесі ұсынған әрбір адам туралы өмірбаяндық деректер;

РҚАО-ның ескертпесі!

4) тармақшаның бұл редакциясы осы Конституциялық заңның 133-бабына сәйкес 01.01.2020 дейін қолданыста болады.

4) Қазақстан халқы Ассамблеясының Кеңесі ұсынған кандидат пен оның зайыбының (жұбайының) кірістері мен мүлкі туралы декларациялар тапсырғаны жөнінде мемлекеттік кіріс органының анықтамасы.

6. Орталық сайлау комиссиясы:

1) партиялық тізімдер тіркелгеннен кейінгі оныншы күннен кешіктірмей бұқаралық ақпарат құралдарында саяси партияның атауын және партиялық тізімге енгізілген адамдардың санын, сондай-ақ партиялық тізімге енгізілген әрбір адамның тегін, атын, әкесінің атын, туған жылын, атқаратын қызметін (жұмысын), жұмыс орны мен тұрғылықты жерін көрсете отырып, тіркелгені туралы хабар жариялайды;

2) Қазақстан халқы Ассамблеясының Кеңесі ұсынған кандидаттар тіркелгеннен кейінгі үшінші күннен кешіктірмей бұқаралық ақпарат құралдарында Қазақстан халқы Ассамблеясының атауын, Қазақстан халқы Ассамблеясының Кеңесі ұсынған адамдардың санын, әрбір ұсынылған

адамның тегін, атын, әкесінің атын, туған жылын, атқаратын қызметін (жұмысын), жұмыс орны мен тұрғылықты жерін, сондай-ақ кандидаттардың қалауы бойынша қай ұлтқа жататынын көрсете отырып, тіркелгені туралы хабар жариялайды;

3) тіркеу кезінде кандидаттарға тиісті куәліктер береді;

4) мынадай жағдайларда:

саяси партия партиялық тізімді ұсыну ережелерін бұзған, тіркеу үшін қажетті құжаттарды ұсынбаған;

партиялық тізімді ұсынған саяси партия, ол ұсынған кандидаттар, оның сенім білдірген адамдары сайлау алдындағы үгітті тіркелгенге дейін жүргізген;

тұтас партиялық тізімнің елу процентінен астамын құрайтын адамдар партиялық тізімнен шыққан;

партиялық тізімді ұсынған саяси партияның немесе оның сенім білдірген адамдарының кандидаттың, партиялық тізімді ұсынған басқа саяси партияның немесе партиялық тізімге енгізілген адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін, оның іскерлік беделін түсіретін жалған мәліметтерді тарату фактісін сот анықтаған;

партиялық тізімді ұсынған саяси партияның немесе оның сенім білдірген адамдарының сайлаушыларды сатып алу фактілерін сот анықтаған;

осы Конституциялық заңда белгіленген өзге де жағдайларда партиялық тізімді тіркеуден бас тартады немесе оны тіркеу туралы шешімнің күшін жояды.

Дауыс беретін күнге екі күн қалғанда партиялық тізімді тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға немесе бұрын тіркеуден шығарылған партиялық тізімді қалпына келтіруге жол берілмейді;

5) мынадай жағдайда:

партиялық тізімге енгізілген адам Қазақстан Республикасының Конституциясында және осы Конституциялық заңда кандидатқа қойылатын талаптарға сай келмеген;

партиялық тізімге енгізілген адамның өзінің сайлау алдындағы науқанында лауазымдық немесе қызмет жағдайын пайдаланған;

партиялық тізімге енгізілген адам сайлау алдындағы үгітті партиялық тізім тіркелгенге дейін жүргізген;

партиялық тізімге енгізілген адамның партиялық тізімді ұсынған саяси партияның кандидатының немесе партиялық тізімге енгізілген басқа адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін, олардың іскерлік беделін түсіретін жалған мәліметтерді тарату фактісін сот анықтаған;

РҚАО-ның ескертпесі!

5) тармақшаның бірінші бөлігі алтыншы абзацының бұл редакциясы осы Конституциялық заңның 133-бабына сәйкес 01.01.2020 дейін қолданыста болады.

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес, партиялық тізімге енгізілген адам мен оның зайыбы (жұбайы) декларациялаған кірістері мен мүлкі туралы мәліметтердің анық еместігі анықталған;

партиялық тізімге енгізілген адамның немесе оның сенім білдірген адамдарының сайлаушыларды сатып алу фактілерін сот анықтаған;

осы Конституциялық заңда белгіленген өзге де жағдайларда партиялық тізімге енгізілген адамды осы тізімнен шығару туралы шешім қабылдайды.

Партиялық тізімге енгізілген адамды осы тізімнен шығару туралы шешімге партиялық тізімді ұсынған саяси партия не партиялық тізімнен шығарылған адам Жоғарғы Сотқа шағым жасай алады, оның шешімі түпкілікті болып табылады.

Партиялық тізімге енгізілген адамды дауыс беретін күнге екі күн қалғанда шығару туралы шешім қабылдауға жол берілмейді;

6) Қазақстан халқы Ассамблеясының Кеңесі ұсынған кандидатты мынадай жағдайларда:

адам Қазақстан Республикасының Конституциясында және осы Конституциялық заңда кандидатқа қойылатын талаптарға сай келмеген;

ол өзінің сайлау алдындағы науқанында лауазымдық немесе қызмет жағдайын пайдаланған;

Қазақстан халқы Ассамблеясының Кеңесі кандидаттарды ұсыну ережелерін бұзған, тіркеу үшін қажетті құжаттарды ұсынбаған;

кандидат, оның сенім білдірген адамдары сайлау алдындағы үгітті тіркелгенге дейін жүргізген;

кандидаттың және (немесе) оның сенім білдірген адамдарының басқа кандидаттың ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін, оның іскерлік беделін түсіретін жалған мәліметтерді тарату фактісін сот анықтаған;

РҚАО-ның ескертпесі!

6) тармақшаның бірінші бөлігі жетінші абзацының бұл редакциясы осы Конституциялық заңның 133-бабына сәйкес 01.01.2020 дейін қолданыста болады.

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес, декларацияны тапсыру кезіне кандидат немесе оның зайыбы (жұбайы) декларациялаған кірістері мен мүлкі туралы мәліметтердің анық еместігі анықталған жағдайда;

кандидаттың немесе оның сенім білдірген адамдарының сайлаушыларды сатып алу фактілерін сот анықтаған;

осы Конституциялық заңда белгіленген өзге де жағдайларда тіркеуден бас тартады немесе тіркеу туралы шешімнің күшін жояды.

Дауыс беретін күнге екі күн қалғанда кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға немесе бұрын тіркеуден алып тасталған кандидатты қалпына келтіруге жол берілмейді.

7. Партиялық тізімді тіркеуден бас тартуға немесе оны тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға жеті күн мерзімде Орталық сайлау комиссиясына және (немесе) Жоғарғы Сотқа шағым жасауға болады. Бұл ретте Орталық сайлау комиссиясы немесе Жоғарғы Сот шағым берілген күннен бастап жеті күн мерзімде шағым бойынша шешім шығарады.

Қазақстан халқы Ассамблеясының Кеңесі ұсынған кандидатты тіркеуден бас тартуға немесе оны тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға екі күн мерзімде Орталық сайлау комиссиясына және (немесе) Жоғарғы Сотқа шағым жасауға болады. Бұл ретте Орталық сайлау комиссиясы немесе Жоғарғы Сот бір күн ішінде шағым бойынша шешім шығарады.

8. Партиялық тізімдерді тіркеу, егер сайлауды тағайындау кезінде өзгеше белгіленбесе, сайлаудан екі ай бұрын басталып, оған бір ай қалғанда аяқталады.

Қазақстан халқы Ассамблеясының Кеңесі ұсынған кандидаттарды тіркеу, егер сайлауды тағайындау кезінде өзгеше белгіленбесе, сайлаудан жиырма күн бұрын басталып, оған он бес күн қалғанда аяқталады.

Ескерту. 89-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.06.19 N 268, 2009.02.09 N 124-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); өзгерістер енгізілді - ҚР 28.09.1995 № 2464 (жарияланған күнінен бастап күшіне енеді); 31.07.2015 № 340-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 18.11.2015 № 413-V (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

90-бап. Кандидатураны алып тастау, Мәжіліс депутаттығына кандидат етіп ұсыну туралы шешімнің күшін жою

1. Партиялық тізімге енгізілген адам Орталық сайлау комиссиясына жазбаша өтініш бере отырып, өз кандидатурасын партиялық тізімнен кері қайтарып ала алады. Бұл жағдайларда Орталық сайлау комиссиясы партиялық тізімге енгізілген адамды шығару туралы шешім қабылдайды.

2. Қазақстан халқы Ассамблеясының Кеңесі, ол ұсынған кандидат Орталық сайлау комиссиясына жазбаша өтініш жасай отырып, кандидатураны кері қайтарып ала алады. Бұл жағдайда Орталық сайлау комиссиясы кандидатты тіркеудің күшін жою туралы шешім

қабылдайды.

Ескерту. 90-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.06.19 N 268 Конституциялық заңымен.

91-бап. Мәжіліс депутаттығына кандидаттың сенім білдірген адамдары

Ескерту. 91-бап алып тасталды - ҚР 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңымен.

92-бап. Мәжіліс депутаттығына кандидаттың сайлау қорының мөлшері

Ескерту. 92-бап алып тасталды - ҚР 2007.06.19 N 268 Конституциялық заңымен.

92-1-бап. Саяси партиялардың сайлау қорының мөлшері

1. Саяси партиялар ұсынатын партиялық тізімдердің құрамында дауысқа түсетін кандидаттардың өз сайлау қорларын құруға құқығы жоқ.

2. Саяси партияның сайлау қоры:

1) саяси партияның жалпы сомасы заңдарда белгіленген ең төменгі жалақының мөлшерінен бес мың еседен аспауы тиіс жеке қаражатынан;

2) Республиканың азаматтары мен ұйымдарының жалпы сомасы заңдарда белгіленген ең төменгі жалақы мөлшерінен он мың еседен аспауы тиіс ерікті қайырмалдықтарынан құралады.

Ескерту. 92-1-баппен толықтырылды - ҚР 1999.05.06 N 375 Конституциялық заңымен.

93-бап. Тіркеу мерзімі аяқталғаннан кейін шығып қалғандардың орнына Мәжіліс депутаттығына кандидаттар ұсыну

Ескерту. 93-бап алып тасталды - ҚР 2007.06.19 N 268 Конституциялық заңымен.

93-1-бап. Қазақстан халқы Ассамблеясының Мәжіліс депутаттарының сайлауы жөніндегі сессиясын өткізу тәртібі

1. Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын Парламент Мәжілісінің депутаттарын сайлау Республика Президенті шақыратын Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясында өткізіледі.

2. Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясына аумағында сессия өткізілетін, Республика астанасының не республикалық маңызы бар қаланың тиісті аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы мен мүшелері қатысады.

Қазақстан халқы Ассамблеясының Кеңесі дауыс беруге дейін он күннен кешіктірмей дауыс беру өткізілетін орын туралы Орталық сайлау комиссиясына хабарлайды.

3. Сайлау комиссиясы Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясы өткізілетін үй-жайда Парламент Мәжілісі депутаттарының сайлауы бойынша дауыс беруге арналған пункт ұйымдастырады.

4. Қазақстан халқы Ассамблеясының Мәжіліс депутаттарының сайлауы жөніндегі сессиясының өткізілгендігін куәландыратын құжат аумақтық сайлау комиссиясына ұсынылатын сессияның хаттамасы болып табылады.

5. Тиісті аумақтық сайлау комиссиясы Мәжіліс депутаттарының сайлауы бойынша дауыс беру нәтижелерін жария еткеннен кейін сессия жабылады.

Ескерту. 93-1-баппен толықтырылды - ҚР 2007.06.19 N 268 Конституциялық заңымен.

94-бап. Партиялық тізімдер бойынша Мәжіліс депутаттарының сайлауында дауыстарды санау

1. Учаскелік сайлау комиссиясы дауыс беру нәтижелері бойынша дауыс беру хаттамасын жасайды, ол дереу тиісті аумақтық сайлау комиссиясына жіберіледі.

2. Партиялық тізімдер бойынша сайлаудың нәтижелері Орталық сайлау комиссиясының отырысында тиісті аумақтық сайлау комиссияларының хаттамалары негізінде белгіленеді, олар сайлау күнінен бастап екі күннен аспайтын мерзімде Орталық сайлау комиссиясына жіберіледі. Сайлау нәтижелері туралы хаттама жасалады.

3. Дауыстарды санаудың нәтижесі мен сайлау нәтижесін анықтауға байланысты өзге де мәселелер осы Конституциялық заңның Жалпы бөлімінде белгіленген ережелерге сәйкес шешіледі.

Ескерту. 94-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.06.19 N 268 Конституциялық заңымен.

94-1-бап. Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын Мәжіліс депутаттарының сайлауында дауыстарды санау

1. Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын Мәжіліс депутаттарының сайлауында дауыстарды санау нәтижелері дауыс беруге арналған пунктте өткізілетін тиісті аумақтық сайлау комиссиясының отырысында белгіленеді.

2. Аумақтық сайлау комиссиясы дауыс беру нәтижелері бойынша Мәжіліс депутаттарының сайлауы жөніндегі дауыстарды санау хаттамасын жасайды, ол Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясында жария етіледі және сайлау күнінен бастап екі күннен аспайтын мерзімде Орталық сайлау комиссиясына жіберіледі.

3. Дауыстарды санау нәтижесін анықтауға байланысты өзге де мәселелер осы Конституциялық заңның Жалпы бөлімінде белгіленген ережелерге сәйкес шешіледі.

Ескерту. 94-1-баппен толықтырылды - ҚР 2007.06.19 N 268 Конституциялық заңымен.

95-бап. Мәжіліс депутаттарының сайлауы кезінде қайта дауыс беру

1. Егер сайлау барысында немесе дауыстарды санау не сайлау нәтижелерін анықтау кезінде осы Конституциялық заңды азаматтардың ерік білдіру нәтижелерін дұрыс анықтауға мүмкіндік бермейтін бұзушылық орын алса, Орталық сайлау комиссиясы тиісті аумақтық

сайлау комиссиясының ұсынуы немесе азаматтардың өтініштері бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктегі Мәжіліс депутаттарының сайлауын жарамсыз деп тануы мүмкін. Мұндай жағдайда Орталық сайлау комиссиясы тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте қайта дауыс беруді тағайындайды.

2. Қайта дауыс беру Орталық сайлау комиссиясы белгілеген мерзімде сол партиялық тізімдер бойынша, сол сайлау учаскелерінде және бастапқы сайлауды өткізу үшін жасалған сол сайлаушылардың тізімдері бойынша өткізіледі. Қайта дауыс беруді өткізу туралы бұқаралық ақпарат құралдарында хабарланады.

Ескерту. 95-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.06.19 N 268 Конституциялық заңымен.

96-бап. Мәжіліс депутаттарын қайта сайлау

1. Егер партиялық тізімдер бойынша Мәжіліс депутаттарының сайлауы жарамсыз деп танылған болса, Орталық сайлау комиссиясы партиялық тізімдер бойынша Парламент Мәжілісі депутаттарының қайта сайлауын өткізу туралы шешім қабылдайды. Қайта дауыс беру сол сайлау

учаскелерінде және бастапқы сайлауды өткізу үшін жасалған сол сайлаушылардың тізімдері бойынша өткізіледі.

2. Егер сайлау жарамсыз деп танылған болса не бастапқы сайлауды өткізу кезінде адам сайланбай қалған жағдайда Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын Парламент Мәжілісі депутаттарының қайта сайлауын Орталық сайлау комиссиясы тағайындайды.

3. Қайта сайлау бастапқы сайлаудан кейін екі ай мерзімнен кешіктірілмей немесе Орталық сайлау комиссиясы белгілейтін мерзімде өткізіледі. Қайта сайлау кезінде жүзеге асыру көзделген сайлау іс-шаралары осы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен өткізіледі. Бұл ретте сайлау іс-шараларының қысқартылған мерзімдерін Орталық сайлау комиссиясы айқындайды.

4. Қайта сайлауды өткізу туралы бұқаралық ақпарат құралдарында хабарланады.

Ескерту. 96-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.06.19 N 268 Конституциялық заңымен.

97-бап. Мәжіліс депутаттары сайлауының нәтижелерін анықтау және жариялау

1. Республиканы тұтас алғанда Мәжіліс депутаттары сайлауының қорытындыларын Орталық сайлау комиссиясы сайлау өткізілген күннен бастап жеті күн мерзім ішінде анықтайды.

2. Алып тасталды - ҚР 2007.06.19 N 268 Конституциялық заңымен.

3. Сайлау қорытындыларын анықтауға және жариялауға байланысты өзге де мәселелер осы Конституциялық заңның Жалпы бөлімінде белгіленген ережелерге сәйкес шешіледі.

Ескерту. 97-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375, 2004.04.14 N 545, 2007.06.19 N 268 Конституциялық заңдарымен.

97-1-бап. Депутаттық мандаттарды партиялық тізімдер бойынша дауыс берудің қорытындыларына қарай бөлу

1. Орталық сайлау комиссиясы дауыс беруге қатысқан сайлаушылар санының жеті және одан да көп процентін алған әрбір партиялық тізім үшін біртұтас жалпыұлттық округтің аумағы бойынша берілген сайлаушылар дауысының жиынтығын есептеп шығарады. Жеті проценттік кедергіден өткен саяси партияны жақтап дауыс берген сайлаушылар дауысының жиынтығы бөлінетін депутаттық мандаттар санына бөлінеді. Алынған нәтиже алғашқы сайлау жеке саны (квота) болып табылады.

2. Егер дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының жеті процентін тек қана бір саяси партия алса, онда депутаттық мандаттарды бөлуге көрсетілген саяси партияның тізімі, сондай-ақ дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының келесі көп санын жинаған партиялардың партиялық тізімі жіберіледі.

Екі саяси партияға берілген сайлаушылар дауысының жиынтығы бөлінетін депутаттық мандаттар санына бөлінеді. Алынған нәтиже алғашқы сайлау жеке саны (квота) болып табылады.

3. Депутаттық мандаттарды бөлуге қатысқан әрбір партиялық тізім алған дауыстардың саны алғашқы сайлау жеке санына бөлінеді.

Жеті проценттік кедергіні еңсермеген және осы баптың 2-тармағына сәйкес мандаттарды бөлуге қатысқан партиялардың тізімімен алынған дауыстардың саны алғашқы сайлау жеке санына бөлінеді және 0,7 түзету коэффициентіне көбейтіледі.

Санды бөлу нәтижесінде алынған тұтас бөлік партиялық тізім құрған тиісті саяси партия алатын депутаттық мандаттар саны болып табылады.

Жеті проценттік кедергіні еңсермеген және осы баптың 2-тармағына сәйкес мандаттарды бөлуге қатысқан саяси партия кемінде екі мандат алады.

4. Егер осы баптың 3-тармағына сәйкес жүргізілген іс-әрекеттен кейін бөлінбеген мандаттар қалса, оларды қайта бөлу жүргізіледі. Бөлінбеген мандаттар осы баптың 3-тармағына сәйкес бөлудің нәтижесінде алынған санның ең көп бөлшектенген бөлігіне (қалдығына) ие болған партиялық тізімдерге бір-бірден беріледі. Ең көп қалдық тең болған жағдайда басымдық бұрын тіркелген партиялық тізімге беріледі.

Осы баптың 2-тармағына сәйкес мандаттарды бөлу кезінде бөлінбеген мандаттар дауыс беру қорытындысы бойынша жеті проценттік кедергіні еңсерген партиялық тізімге беріледі.

5. Депутаттық мандаттарды бөлу кезектілігін саяси партияның басшы органы осы Конституциялық заңның 89-бабының 4-тармағына сәйкес партиялық тізімге енгізілген кандидаттар арасынан сайлау қорытындылары жарияланған күннен бастап он күннен кешіктірмей айқындайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген мерзімдерде саяси партияның басшы органы алынған депутаттық мандаттарды бөлу кезектілігін айқындамаған жағдайда, Орталық сайлау комиссиясының қаулысымен партия алған депутаттық мандаттарды бөлу мемлекеттік тілдің әліпбилік ретімен тіркелген тізімдерге сай жүзеге асырылады.

6. Депутат мерзімінен бұрын шығып қалған жағдайда, оның мандаты Орталық сайлау комиссиясының қаулысымен саяси партияның тізіміне енгізілген кандидаттар арасынан саяси партияның басшы органы осы баптың 5-тармағына сәйкес айқындайтын келесі кандидатқа беріледі.

Тиісті партиялық тізімде кандидаттар қалмаған жағдайда Мәжіліс депутаттарының келесі сайлауына дейін мандат бос қалады.

Саяси партиялар Орталық сайлау комиссиясына бұл туралы жазбаша өтініш және саяси партияның басшы органы отырысының хаттамасынан үзінді көшірме бере отырып, кандидаттардың партиялық тізімдегі кезектілігін өзгертуге құқылы.

Ескерту. 97-1-баппен толықтырылды - ҚР 1999.05.06 N 375 Конституциялық заңымен, жаңа редакцияда - ҚР 2009.02.09 N 124-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Конституциялық заңымен.

98-бап. Мәжіліс депутаттарын тіркеу

Орталық сайлау комиссиясы сайланған Мәжіліс депутаттарын тіркейді.

Ескерту. 98-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.06.19 N 268 Конституциялық заңымен.

99-бап. Мәжіліс депутаттарының кезектен тыс сайлауын және шығып қалған депутаттар орнына сайлау өткізу

1. Мәжіліс депутаттарының кезектен тыс сайлауы және шығып қалған депутаттар орнына сайлау осы Конституциялық заңның Мәжіліс депутаттарының кезекті сайлауы үшін белгіленген ережелеріне сәйкес өткізіледі. Бұл ретте сайлау шараларын өткізу мерзімін Орталық сайлау комиссиясы белгілейді.

2. Мәжіліс депутаттары өкілеттілігінің конституциялық мерзімі бітуіне бір жыл қалғанда, шығып қалған депутаттың орнына сайлау өткізілмейді.

Ескерту. 99-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375, 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңдарымен.

100-бап. Конституциялық Кеңестің Мәжіліс депутаттары сайлауын өткізудің дұрыстығы туралы мәселені қарауы

1. Республика Президентінің, Сенат Төрағасының, Мәжіліс Төрағасының, Парламент депутаттары жалпы санының кемінде бестен бір бөлігінің, Республика Премьер-Министрінің сайлау қорытындылары шығарылғаннан кейін он күн ішінде берілуі мүмкін ұсынысы бойынша Конституциялық Кеңес дау туындаған жағдайда Мәжіліс депутаттары сайлауын өткізудің дұрыстығы туралы мәселені шешеді. Бұл жағдайда сайланған Мәжіліс депутаттарын тіркеу ұсынысты қарау уақытына тоқтатыла тұрады.

2. Орталық сайлау комиссиясы Мәжіліс депутаттары сайлауын өткізудің дұрыстығы туралы дау туындаған жағдайда сайлауды әзірлеу мен өткізуге байланысты материалдарды Конституциялық Кеңеске береді.

3. Конституциялық Кеңес Конституцияны бұзу анықталған әкімшілік-аумақтық бөліністердің аумағында партиялық тізімдер бойынша Мәжіліс депутаттарының сайлауын Конституцияға сәйкес емес деп таныған жағдайда, Орталық сайлау комиссиясы бұл әкімшілік-аумақтық бөліністердің аумағындағы сайлауды жарамсыз деп тану және қайта дауыс беруді өткізу туралы шешім қабылдайды.

4. Конституциялық Кеңес Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын Мәжіліс депутаттарының сайлауын Конституцияға сәйкес емес деп таныған жағдайда, Орталық сайлау комиссиясы оны жарамсыз деп тану және Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын Мәжіліс депутаттарының қайта сайлауын өткізу туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. 100-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375, 2004.04.14 N 545, 2007.06.19 N 268 Конституциялық заңдарымен.

13-тарау. Республика мәслихаттары депутаттарының сайлауы

101-бап. Мәслихаттар депутаттары сайлауын тағайындау

1. Мыналар:

1) мәслихаттар өкілеттігінің конституциялық мерзімінің аяқталуы, заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, кезекті сайлауды;

2) мәслихаттар өкілеттігінің мерзімінен бұрын тоқтатылуы кезектен тыс сайлауды;

3) депутат өкілеттігінің мерзімінен бұрын тоқтатылуы, оны мандатынан айыру не оның қайтыс болуы шығып қалғандардың орнына депутат сайлауын тағайындау үшін негіз болып табылады.

2. Мәслихат депутаттарының кезекті сайлауын Орталық сайлау комиссиясы мәслихаттардың өкілеттік мерзімінің аяқталуынан кемінде үш ай бұрын тағайындайды және ол мәслихаттар өкілеттігінің конституциялық мерзімінің аяқталуына кемінде бір ай қалғанда өткізілуге тиіс.

3. Өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған мәслихаттар депутаттарының кезектен тыс сайлауын Орталық сайлау комиссиясы мәслихат өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы Президент Жарлығының, мәслихаттың өзін-өзі тарату туралы шешімінің негізінде тағайындайды және ол мәслихаттар өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған күннен бастап екі айдан кешіктірілмей өткізілуге тиіс.

4. Мәслихаттардың шығып қалған депутаттарының орнына сайлауды облыстық, қалалық (республикалық маңызы бар қала және Республика астанасы) сайлау комиссиясы тағайындайды.

Мәслихаттардың шығып қалған депутаттарының орнына сайлау наурыздың соңғы жексенбісінде және (немесе) қазанның соңғы жексенбісінде бір мезгілде өткізіледі.

Орталық сайлау комиссиясымен келісім бойынша мәслихаттардың шығып қалған депутаттарының орнына сайлауды тиісті аумақтық сайлау комиссиялары басқа күнге тағайындауы мүмкін.

5. Барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының кезекті сайлауы бір мезгілде өткізіледі және мерзімі жөнінен Президент сайлауына, Парламент Сенаты сайлауына тұспа-тұс келмеуге тиіс.

6. Сайлау күні туралы хабар бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Ескерту. 101-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375, 2004.04.14 N 545, 2007.06.19 N 268, 2009.02.09 N 124-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Конституциялық заңдарымен.

102-бап. Мәслихаттар депутаттарына қойылатын талаптар

Мәслихат депутаты болып сайлану үшін азамат Конституцияның 86-бабының 3-тармағында белгіленген талаптарды қанағаттандыруға, сондай-ақ Конституцияның 33-бабының 2 және 3-тармақтарына және осы Конституциялық заңға сәйкес сайлау құқығына ие болуға тиіс.

Ескерту. 102-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375, 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңдарымен.

103-бап. Мәслихаттар депутаттығына кандидаттар ұсыну

1. Мәслихаттар депутаттығына кандидаттар ұсынуды белгіленген тәртіп бойынша тіркелген республикалық немесе жергілікті қоғамдық бірлестіктер, сондай-ақ олардың құрылымдық бөлімшелері және

өзін-өзі ұсыну жолымен азаматтар жүзеге асырады.

2. Республикалық немесе жергілікті қоғамдық бірлестіктердің, олардың құрылымдық бөлімшелерінің мәслихат депутаттығына кандидаттар ұсынуын, әрбір кандидат дауысқа түсетін сайлау округін көрсете отырып, олардың жоғары органдары жүргізеді. Қоғамдық бірлестіктің осы қоғамдық бірлестіктің мүшесі болып табылмайтын адамдарды депутаттыққа кандидат етіп ұсынуға құқығы жоқ. Қоғамдық бірлестік не оның құрылымдық бөлімшесі әрбір сайлау округінде мәслихат депутаттығына бір ғана кандидат ұсына алады. Мәслихат депутаттығына кандидаттар ұсыну туралы шешім республикалық немесе жергілікті қоғамдық бірлестіктің, оның құрылымдық бөлімшесінің жоғары органы мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады және хаттамадан үзінді көшірмемен ресімделеді.

3. Республикалық немесе жергілікті қоғамдық бірлестік жоғарғы органының шешімі:

1) ұсынылған кандидаттың назарына жеткізіледі;

2) кандидаттың дауысқа түсуге келісімі туралы өтінішімен бірге тиісті округтік сайлау комиссиясына жіберіледі.

4. Азаматтардың мәслихат депутаттығына кандидаттар ұсынуы өзін-өзі ұсыну тәртібімен тиісті округтік сайлау комиссиясына осы аумақтық сайлау округі бойынша мәслихат депутаттығына кандидат болып дауысқа түсу ниеті туралы өтініш беру жолымен жүргізіледі.

5. Ешкім біреуден артық сайлау округінде кандидат болып ұсыныла алмайды.

6. Сайлау тағайындалған кезде өзгеше белгіленбесе, депутаттыққа кандидаттар ұсыну, сайлау күнінен екі ай бұрын басталып, сайлау күніне бір ай қалғанда аяқталады.

7. Егер кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталған күні тиісті сайлау округі бойынша мәслихат депутаттығына екіден кем кандидат тіркелген жағдайда, аумақтық сайлау комиссиясы тиісті округтік сайлау комиссиясының ұсынуы бойынша кандидаттар ұсыну мерзімін жиырма күннен аспайтын мерзімге ұзартады.

8. Округтік сайлау комиссиясы үш күн ішінде кандидаттың Конституция мен осы Конституциялық заңда өзіне қойылған талаптарға сәйкестігін анықтайды.

Ескерту. 103-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375, 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңдарымен.

104-бап. Мәслихаттар депутаттығына кандидаттар тіркеу

1. Депутаттыққа кандидаттарды тіркеуді округтік сайлау комиссиялары жүзеге асырады.

Мәслихат депутаттығына кандидат тіркелгенге дейін және оның Конституция мен осы Конституциялық заңда қойылатын талаптарға сәйкестігі тексерілгеннен кейін жергілікті атқарушы органдардың шотына депозит ретінде заңнамада белгіленген ең төменгі жалақының бес еселенген мөлшерінде сайлау жарнасын енгізеді. Кандидат сайлау қорытындылары бойынша мәслихат депутаты болып сайланған немесе дауыс беру қорытындылары бойынша кандидат дауыс беруге қатысқан сайлаушылар даусының кемінде бес процентін алған жағдайларда, сондай-ақ кандидат қайтыс болған жағдайда енгізілген жарна кандидатқа қайтарылады. Қалған жағдайлардың бәрінде енгізілген жарна қайтарылуға жатпайды және республикалық бюджет кірісіне алынады.

РҚАО-ның ескертпесі!

1-1-тармақтың бұл редакциясы осы Конституциялық заңның 133-бабына сәйкес 01.01.2020 дейін қолданыста болады.

1-1. Кандидат пен оның зайыбы (жұбайы) тіркеуге дейін тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кіріс органдарына осы Конституциялық заңға сәйкес белгіленген ұсыну мерзімі басталатын айдың бірінші күніне салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы белгілеген тәртіппен және нысанда кірістері мен мүлкі туралы декларациялар ұсынады.

Кандидат пен оның зайыбы (жұбайы) декларациялаған кірістері мен мүлкі туралы мәліметтердің анықтығын мемлекеттік кіріс органдары кандидат тіркелген күннен бастап он бес күн ішінде тексереді.

Бұл ретте кандидат пен оның зайыбының (жұбайының) кірістері мен мүлкі туралы мәліметтер ұсыну жөніндегі мемлекеттік кіріс органдарының талаптарын алған ұйымдар сұратылған ақпаратты талап алынған күннен бастап төрт күн ішінде ұсынуға міндетті.

2. Қоғамдық бірлестіктен ұсынылған кандидатты тіркеу мынадай құжаттар:

1) қоғамдық бірлестіктің жоғары органының, осы қоғамдық бірлестіктің әділет органдарында тіркелгені туралы құжаттың көшірмесі тіркеле отырып, тиісті сайлау округі бойынша кандидат ұсыну жөніндегі отырысы хаттамасының үзіндісі;

2) азаматтың өзін ұсынған қоғамдық бірлестіктен осы сайлау округі бойынша депутаттыққа кандидат болып дауысқа түсуге келісімі туралы өтініші;

3) кандидат туралы өмірбаяндық деректер;

4) алып тасталды - ҚР 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңымен;

РҚАО-ның ескертпесі!

5) тармақшаның бұл редакциясы осы Конституциялық заңның 133-бабына сәйкес 01.01.2020 дейін қолданыста болады.

5) кандидат пен оның зайыбының (жұбайының) кірістері мен мүлкі туралы декларациялар тапсырғаны жөнінде мемлекеттік кіріс органының анықтамасы;

6) кандидаттың сайлау жарнасын енгізгенін растайтын құжат болған жағдайда жүргізіледі.

3. Өзін-өзі ұсынған жағдайда кандидатты тіркеу мынадай құжаттар:

1) осы сайлау округі бойынша кандидат болып дауысқа түсу ниеті туралы өтініші;

2) кандидат туралы өмірбаяндық деректер бар болған ретте жүзеге асырылады;

3) алып тасталды - ҚР 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңымен;

РҚАО-ның ескертпесі!

4) тармақшаның бұл редакциясы осы Конституциялық заңның 133-бабына сәйкес 01.01.2020 дейін қолданыста болады.

4) кандидат пен оның зайыбының (жұбайының) кірістері мен мүлкі туралы декларациялар тапсырғаны жөнінде мемлекеттік кіріс органының анықтамасы;

5) кандидаттың сайлау жарнасын енгізгенін растайтын құжат болған ретте жүзеге асырылады.

4. Тіркеуге мәслихат депутаттығына кандидаттардың кез келген саны ұсынылады.

5. Мәслихат депутаттығына кандидаттар тіркеу туралы округтік сайлау комиссиясы хаттама жасайды, ол бес күн мерзім ішінде тиісті аумақтық сайлау комиссиясына табыс етіледі.

6. Округтік сайлау комиссиясы:

1) кандидаттарды тіркегеннен кейін жетінші күннен кешіктірмей жергілікті баспасөз құралдарында әр кандидаттың тегін, атын, әкесінің атын, туған жылын, атқаратын қызметін (жұмысын), жұмыс орны мен тұрғылықты жерін, сондай-ақ кандидаттың өз қалауына қарай оның қоғамдық бірлестікке қатыстылығы мен ұлты туралы мәліметтерді көрсете отырып тіркеу туралы хабар жариялайды;

2) тіркеген кезде кандидаттарға тиісті куәліктер береді;

3) мынадай жағдайда:

кандидат ұсыну ережелерін бұзған, тіркеу үшін қажетті құжаттарды табыс етпеген;

кандидат Конституцияда және осы Конституциялық заңда оған қойылатын талаптарға сәйкес келмеген;

кандидат өзінің сайлау алдындағы науқанында лауазымдық немесе қызмет жағдайын пайдаланған ;

кандидат сайлау алдындағы үгітті өзін тіркегенге дейін, сайлау күні не соның алдындағы күні жүргізген;

кандидаттың және (немесе) оның сенім білдірілген адамдарының басқа кандидаттың ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін, оның іскерлік беделін түсіретін жалған мәліметтерді таратқан фактісін сот анықтаған;

сот кандидат пен оның сенім білдірілген адамдарының сайлаушыларды сатып алу фактілерін анықтаған;

осы Конституциялық заңда белгіленген өзге де жағдайларда кандидатты тіркеуден бас тартады немесе тіркеу туралы шешімнің күшін жояды;

РҚАО-ның ескертпесі!

3-1) тармақшаның бірінші бөлігінің бұл редакциясы осы Конституциялық заңның 133-бабына сәйкес 01.01.2020 дейін қолданыста болады.

3-1) декларацияны тапсыру кезіне кандидат немесе оның зайыбы (жұбайы) декларациялаған кірістері мен мүлкі туралы мәліметтердің анық еместігі анықталған жағдайда Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жояды.

Дауыс беретін күнге екі күн қалғанда кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға немесе бұған дейін тіркеуден шығарылған кандидатты қалпына келтіруге жол берілмейді.

7. Кандидатты тіркеуден бас тартуға немесе тіркеу туралы шешімнің жойылуына қоғамдық бірлестік немесе кандидаттың өзі аумақтық сайлау комиссиясына немесе сотқа жеті күн мерзім ішінде шағым бере алады. Бұл ретте аумақтық сайлау комиссиясы немесе сот шағым берілген күннен бастап жеті күн мерзім ішінде шешім шығарады.

8. Мәслихат депутаттығына кандидатты тіркеу, егер сайлау тағайындалған кезде өзгеше белгіленбесе, сайлау күнінен екі ай бұрын басталып, сайлау күніне жиырма бес күн қалғанда аяқталады.

Ескерту. 104-бапқа өзгерістер енгізілді – ҚР 28.09.1995 № 2464 (жарияланған күнінен бастап күшіне енеді); 1998.05.08 N 222, 1999.05.06 N 375, 2004.04.14 N 545, 2005.04.15 N 44, 2007.06.19 N 268, 2009.02.09 N 124-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 31.07.2015 № 340-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 18.11.2015 № 413-V (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

105-бап. Кандидатурасын алып тастау, мәслихат депутаттығына кандидат етіп ұсыну туралы шешімнің күшін жою

1. Мәслихат депутаттығына кандидат тіркелген күннен бастап және дауыс беруге екі күн қалғанға дейінгі кезеңде округтік сайлау комиссиясына бұл туралы жазбаша өтініш бере отырып, өз кандидатурасын қайтып ала алады.

2. Республикалық немесе жергілікті қоғамдық бірлестіктің, қоғамдық бірлестіктің құрылымдық бөлімшесінің жоғары органы тіркеуге дейінгі және одан кейінгі уақытта округтік сайлау комиссиясына тиісті ұсыныс беріп, мәслихат депутаттығына кандидат ұсыну туралы шешімінің күшін жоя алады.

3. Мұндай жағдайларда округтік сайлау комиссиясы кандидатты тіркемейді немесе кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жояды.

4. Егер кандидатурасын алып тастау немесе кандидатты ұсыну туралы шешімнің күшін жою осыған мәжбүр ететін себептерсіз жүргізілген болса, онда округтік сайлау комиссиясы сайлау науқанын өткізуге республикалық бюджеттен жұмсалған қаражаттың бір бөлігін кандидаттың немесе оны ұсынған тиісті қоғамдық бірлестіктің есебіне жатқызуға хақылы.

Ескерту. 105-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375, 2004.04.14 N 545, 2005.04.15 N 44 Конституциялық заңдарымен.

106-бап. Мәслихат депутаттығына кандидаттың сайлау қорының мөлшері

Кандидаттың сайлау қоры:

1) жалпы сомасы Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген ең төменгі жалақының жүз есе мөлшерінен аспауға тиіс кандидаттың жеке қаражатынан;

2) кандидатқа өзін ұсынған қоғамдық бірлестік бөлген, жалпы сомасы Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген ең төменгі жалақының екі жүз есе мөлшерінен аспауға тиіс қаражаттан;

3) жалпы сомасы Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген ең төменгі жалақының үш жүз есе мөлшерінен аспауға тиіс Қазақстан Республикасының азаматтары мен ұйымдарының ерікті қайырмалдықтарынан құралады.

Ескерту. 106-бап жаңа редакцияда - ҚР 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңымен.

107-бап. Тіркеу мерзімі аяқталғаннан кейін шығып қалғандардың орнына мәслихаттар депутаттығына кандидаттар ұсыну

1. Тіркеу мерзімі аяқталғаннан кейін кандидаттардың шығып қалуы нәтижесінде тиісті сайлау округі бойынша мәслихат депутаттығына екіден кем кандидат қалған жағдайда, аумақтық сайлау комиссиясы тиісті округтік сайлау комиссиясының ұсынуы бойынша өз шешімімен сайлау мерзімін ұзартады, бірақ ол екі айдан аспауға тиіс.

2. Мұндай жағдайда мәслихат депутаттығына кандидаттар ұсыну осы Конституциялық заңда белгіленген ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 107-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375, 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңдарымен.

108-бап. Мәслихат депутатын сайлау кезінде дауыстарды санау

1. Учаскелік сайлау комиссиясы дауыс беру нәтижелері бойынша дауыс беру хаттамасын жасайды, ол дереу округтік сайлау комиссиясына жіберіледі.

2. Мәслихат депутатын сайлау нәтижелері учаскелік сайлау комиссияларының хаттамалары негізінде округтік сайлау комиссиясының отырысында анықталады. Мәслихат депутаттары сайлауының нәтижелері туралы округтік комиссия төрағасы мен мүшелерінің қолы қойылып, сайлау өткізілген күннен бастап екі күннен аспайтын мерзімде тиісті аумақтық сайлау комиссиясына жіберілетін хаттама жасалады.

3. Дауыс беру нәтижесі мен сайлау нәтижесін анықтаумен байланысты өзге де мәселелер осы Конституциялық заңның Жалпы бөлімінде белгіленген ережелерге сәйкес шешіледі.

Ескерту. 108-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375 Конституциялық заңымен.

109-бап. Мәслихат депутатын сайлау кезіндегі қайта дауыс беру

Ескерту. 109-бап алып тасталды - ҚР 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңымен.

110-бап. Мәслихаттар депутаттарын қайта сайлау

1. Егер сайлау жарамсыз деп танылса аумақтық сайлау комиссиясы қайта сайлау өткізу жөнінде шешім қабылдайды. Дауыс беру сол сайлау учаскелерінде бастапқы сайлауды өткізу үшін жасалған сайлаушылар тізімдері бойынша өткізіледі.

2. Қайта сайлау бастапқы сайлаудан кейін екі ай мерзімнен кешіктірілмей өткізіледі. Қайта сайлауда жүзеге асыру көзделген сайлау шаралары осы Конституциялық заңда белгіленген ережелерге сәйкес жүргізіледі. Бұл ретте сайлау шараларының қысқартылған мерзімін аумақтық сайлау комиссиясы белгілейді.

3. Қайта сайлау өткізу туралы жергілікті ақпарат құралдарында хабарланады.

4. Алып тасталды - ҚР 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңымен.

Ескерту. 110-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375, 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңдарымен.

111-бап. Мәслихаттар депутаттары сайлауының қорытындыларын анықтау және жариялау

1. Мәслихат депутаттары сайлауының қорытындыларын тиісті аумақтық сайлау комиссиялары сайлау өткізілген күннен бастап бес күн мерзімнен кешіктірмей анықтайды.

2. Дауыс беруге қатысқан сайлаушылар басқа кандидаттарға қарағанда көп дауыс берген кандидат мәслихаттың сайланған депутаты болып есептеледі.

3. Мәслихат депутаттары сайлауының қорытындыларын анықтау мен жариялауға байланысты басқа мәселелер осы Конституциялық заңның Жалпы бөлімінде белгіленген ережелерге сәйкес шешіледі.

Ескерту. 111-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375, 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңдарымен.

112-бап. Мәслихаттар депутаттарын тіркеу

1. Тиісті аумақтық сайлау комиссиясы округтік сайлау комиссияларының хаттамалары негізінде сайланған мәслихаттар депутаттарын тіркейді.

2. Тиісті аумақтық сайлау комиссиясы округтік сайлау комиссиясының ұсынысы немесе азаматтардың арыздары бойынша, егер сайлау барысында немесе дауыстарды санау не сайлау нәтижелерін анықтау кезінде осы Конституциялық заңды бұзу орын алса, мәслихат депутаты сайлауын жарамсыз деп тануы және мәслихат депутатын тіркеуден бас тартуы мүмкін. Бұл орайда мәслихат депутаттығына кандидаттар аумақтық сайлау комиссиясының осы шешіміне оның қабылданған күнінен бастап он күн ішінде сотқа шағым бере алады, ол он күн ішінде шешім қабылдайды.

Ескерту. 112-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375 Конституциялық заңымен.

113-бап. Мәслихаттар депутаттарының қайта сайлауы мен шығып қалғандардың орнына депутаттар сайлауын өткізу

1. Мәслихаттар депутаттарының қайта сайлауы мен шығып қалғандардың орнына депутаттар сайлауы осы Конституциялық заңда мәслихаттар депутаттарының кезекті сайлауы үшін белгіленген

ережелерге сәйкес өткізіледі. Бұл ретте сайлау шараларын өткізу мерзімін тиісті аумақтық сайлау комиссиясы белгілейді.

2. Мәслихат өкілеттігінің конституциялық мерзімінің аяқталуына бір жыл қалғанда шығып қалған депутаттың орнына сайлау өткізілмейді.

Ескерту. 113-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375, 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңдарымен.

14-тарау. Қазақстан Республикасының өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайлау

Ескерту. 14-тарауға өзгерту енгізілді - ҚР 2007.06.19 N 268 Конституциялық заңымен.

114-бап. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайлау тағайындау

1. Мыналар:

1) жергілікті өзін-өзі басқару органдарының заңмен белгіленген өкілеттігі мерзімінің аяқталуы сайлау тағайындауға;

2) жергілікті өзін-өзі басқару органы мүшесінің өкілеттігінің мерзімінен бұрын тоқтатылуы, оның мандатынан айыру не оның қайтыс болуы шығып қалғанның орнына мүше сайлауын тағайындауға негіз болып табылады.

2. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының сайлауын аумақтық сайлау комиссиясы жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өкілеттігі мерзімінің бітуінен кемінде екі ай бұрын тағайындайды және олардың заңмен белгіленген өкілеттігі мерзімінің бітуіне кемінде бір ай уақыт қалғанда өткізілуге тиіс.

Сайлауларды өткізу тәртібін Орталық сайлау комиссиясы осы Конституциялық заңға сәйкес айқындайды.

3. Сайлау күні туралы хабар жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Ескерту. 114-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңдарымен.

115-бап. Өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелеріне қойылатын талаптар

Жергілікті өзін-өзі басқару органының мүшесі болып сайлану үшін азамат Қазақстан Республикасының тиісті заңымен белгіленген талаптарды қанағаттандыруға, сондай-ақ оның Конституцияның 33-бабының 2 және 3-тармақтарына сәйкес сайлану құқығы болуға тиіс.

Ескерту. 115-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңдарымен.

116-бап. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау кезіндегі сайлау округтері мен сайлау комиссиялары

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау кезінде:

- 1) халық топтары жинақы тұратын ауылдық және қалалық жергілікті қауымдастықтардың аумақтары сайлау округтері болып табылады;
- 2) округтік сайлау комиссиясының қызметін тиісті аумақтық сайлау комиссиясы атқарады;
- 3) сайлауды ұйымдастыру мен өткізуді учаскелік сайлау комиссиялары жүзеге асырады.

117-бап. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелігіне кандидаттар ұсыну

1. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелігіне кандидаттар ұсыну құқығы сайлау құқығы бар әрі ауылдық және қалалық жергілікті қауымдастықтарда жинақы тұратын кемінде елу азамат болған жағдайда құқылы азаматтар жиналысында, сондай-ақ өзін-өзі ұсыну жолымен азаматтарда болады.

2. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына кандидаттар ұсыну туралы шешімді жиналысқа қатысқан азаматтар санының көпшілік даусымен қабылданады, ол тиісті хаттамамен ресімделеді.

3. Азаматтар жиналысының шешімі:

1) ұсынылған кандидаттың назарына жеткізіледі;

2) кандидаттың дауысқа түсуге келісімі туралы өтінішімен бірге тиісті аумақтық сайлау комиссиясына жіберіледі.

4. Азаматтардың жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелігіне кандидаттар ұсынуы өзін-өзі ұсыну тәртібімен тиісті аумақтық сайлау комиссиясына жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелігіне тиісті ауылдық немесе қалалық жергілікті қауымдастық аумағы бойынша кандидат болып дауысқа түсу ниеті туралы өтініш беру жолымен жүргізіледі.

5. Осы ауылдық немесе қалалық жергілікті қауымдастық аумағында тұрмайтын азамат жергілікті өзін-өзі басқару органының мүшелігіне кандидат болып ұсыныла алмайды.

6. Ұсынылатын кандидаттар саны шектелмейді.

7. Кандидаттарды ұсыну сайлау тағайындалғаннан кейінгі келесі күннен басталып сайлау күнінен он төрт күн бұрын аяқталады.

8. Кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталған күні жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелігіне екіден кем кандидат тіркелген жағдайда, аумақтық сайлау комиссиясы кандидаттар ұсыну мерзімін ұзартады, бірақ ол жиырма күннен аспауға тиіс.

9. Аумақтық сайлау комиссиясы үш күн ішінде кандидаттың Конституцияда және осы Конституциялық заңда қойылған талаптарға сәйкестігін анықтайды.

Ескерту. 117-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375, 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңдарымен.

118-бап. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелігіне кандидаттарды тіркеу

1. Кандидаттарды тіркеуді аумақтық сайлау комиссиялары жүзеге асырады.

РҚАО-ның ескертпесі!

1-1-тармақтың бұл редакциясы осы Конституциялық заңның 133-бабына сәйкес 01.01.2020 дейін қолданыста болады.

1-1. Кандидат пен оның зайыбы (жұбайы) тіркеуге дейін тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кіріс органдарына осы Конституциялық заңға сәйкес белгіленген ұсыну мерзімі басталатын айдың бірінші күніне салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы белгілеген тәртіппен және нысанда кірістері мен мүлкі туралы декларациялар ұсынады.

Кандидат пен оның зайыбы (жұбайы) декларациялаған кірістері мен мүлкі туралы мәліметтердің анықтығын мемлекеттік кіріс органдары кандидат тіркелген күннен бастап он бес күн ішінде тексереді.

Бұл ретте кандидат пен оның зайыбының (жұбайының) кірістері мен мүлкі туралы мәліметтер ұсыну жөніндегі мемлекеттік кіріс органдарының талаптарын алған ұйымдар сұратылған ақпаратты талап алынған күннен бастап төрт күн ішінде ұсынуға міндетті.

2. Азаматтар жиналысы ұсынған кандидатты тіркеу мына құжаттар:

1) азаматтар жиналысының хаттамасы;

2) азаматтың жергілікті өзін-өзі басқару органының мүшелігіне кандидат болып дауысқа түсуге келісімі туралы өтініші;

3) кандидат туралы өмірбаяндық деректер;

4) алып тасталды - ҚР 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңымен;

РҚАО-ның ескертпесі!

5) тармақшаның бұл редакциясы осы Конституциялық заңның 133-бабына сәйкес 01.01.2020 дейін қолданыста болады.

5) кандидат пен оның зайыбының (жұбайының) кірістері мен мүлкі туралы декларациялар тапсырғаны жөнінде мемлекеттік кіріс органының анықтамасы болған жағдайда жүргізіледі.

3. Өзін-өзі ұсынған жағдайда кандидатты тіркеу мына құжаттар:

1) кандидат болып дауысқа түсу ниеті туралы өтініші;

2) кандидат туралы өмірбаяндық деректер;

3) алып тасталды - ҚР 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңымен;

РҚАО-ның ескертпесі!

4) тармақшаның бұл редакциясы осы Конституциялық заңның 133-бабына сәйкес 01.01.2020 дейін қолданыста болады.

4) кандидат пен оның зайыбының (жұбайының) кірістері мен мүлкі туралы декларациялар тапсырғаны жөнінде мемлекеттік кіріс органының анықтамасы болған жағдайда жүзеге асырылады.

4. Тіркеуге кандидаттардың кез-келген саны ұсынылады.

5. Кандидаттарды тіркеу жөнінде аумақтық сайлау комиссиясы хаттама жасайды.

6. Аумақтық сайлау комиссиясы:

1) кандидаттарды тіркегеннен кейін төртінші күннен кешіктірмей әр кандидаттың тегін, атын, әкесінің атын, туған жылын, атқаратын қызметін (жұмысын), жұмыс орны мен тұрғылықты жерін, сондай-ақ кандидаттың өз қалауына қарай оның қоғамдық бірлестікке қатыстылығы мен ұлты туралы мәліметтерді көрсете отырып, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында хабар жариялайды;

2) тіркеген кезде кандидаттарға тиісті куәліктер береді;

3) мынадай жағдайда:

кандидат ұсыну ережелерін бұзған, тіркеу үшін қажетті құжаттарды табыс етпеген;

кандидат Конституцияда және осы Конституциялық заңда оған қойылатын талаптарға сәйкес келмеген;

кандидат өзінің сайлау алдындағы науқанында лауазымдық немесе қызмет жағдайын пайдаланған ;

кандидат сайлау алдындағы үгітті өзін тіркегенге дейін, сайлау күні не соның алдындағы күні жүргізген;

кандидаттың және (немесе) оның сенім білдірілген адамдарының басқа кандидаттың ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін, оның іскерлік беделін түсіретін жалған мәліметтерді таратқан фактісін сот анықтаған;

сот кандидат пен оның сенім білдірілген адамдарының сайлаушыларды сатып алу фактілерін анықтаған;

осы Конституциялық заңда белгіленген өзге де жағдайларда кандидатты тіркеуден бас тартады немесе тіркеу туралы шешімнің күшін жояды;

РҚАО-ның ескертпесі!

3-1) тармақшаның бірінші бөлігінің бұл редакциясы осы Конституциялық заңның 133-бабына сәйкес 01.01.2020 дейін қолданыста болады.

3-1) декларацияны тапсыру кезіне кандидат немесе оның зайыбы (жұбайы) декларациялаған кірістері мен мүлкі туралы мәліметтердің анық еместігі анықталған жағдайда Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жояды." деген редакцияда қолданылады деп белгіленіп, осы бөліктің қолданысы тоқтатыла тұрсын.

Дауыс беретін күнге екі күн қалғанда кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға немесе бұған дейін тіркеуден шығарылған кандидатты қалпына келтіруге жол берілмейді.

7. Кандидатты тіркеуден бас тартуға немесе оны тіркеу туралы шешімінің жойылуына азаматтар жиналысы немесе кандидаттың өзі үш күн мерзім ішінде жоғары тұрған аумақтық сайлау комиссиясына немесе сотқа шағым бере алады. Бұл ретте аумақтық сайлау комиссиясы немесе сот шағым берілген күннен бастап үш күн ішінде шағым жөнінде шешім шығарады.

8. Кандидатты тіркеу сайлау күнінен жиырма күн бұрын басталып, оған он үш күн қалғанда аяқталады.

Ескерту. 118-бапқа өзгерістер енгізілді – ҚР 28.09.1995 № 2464 (жарияланған күнінен бастап күшіне енеді); 1998.05.08 N 222, 1999.05.06 N 375, 2004.04.14 N 545, 2005.04.15 N 44; 31.07.2015 № 340-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 18.11.2015 № 413-V (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

119-бап. Кандидатурасын алып тастау, жергілікті өзін-өзі басқару органы мүшелігіне кандидат етіп ұсыну туралы шешімнің күшін жою

1. Жергілікті өзін-өзі басқару органы мүшелігіне кандидат тіркелген күннен бастап және дауыс беруге екі күн қалғанға дейінгі кезеңде тиісті аумақтық сайлау комиссиясына бұл туралы жазбаша өтініш бере отырып, өз кандидатурасын алып тастай алады.

2. Азаматтар жиналысы тіркеуге дейінгі және одан кейінгі уақытта аумақтық сайлау комиссиясына тиісті ұсыныс жасау арқылы кандидатты ұсыну туралы өз шешімінің күшін жоя алады.

3. Мұндай жағдайларда аумақтық сайлау комиссиясы кандидатты тіркемейді не кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жояды.

Ескерту. 119-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.04.14 N 545, 2005.04.15 N 44 Конституциялық заңдарымен.

120-бап. Жергілікті өзін-өзі басқару органы мүшелігіне кандидаттың сенім білдірген адамдары

Ескерту. 120-бап алып тасталды - ҚР 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңымен.

121-бап. Тіркеу мерзімі аяқталғаннан кейін шығып қалғандардың орнына жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелігіне кандидаттар ұсыну

1. Кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталған күні жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелігіне екіден кем кандидат тіркелген жағдайда, аумақтық сайлау комиссиясы тиісті округтік сайлау комиссиясының ұсынуы бойынша өз шешімімен сайлау мерзімін ұзартады, бірақ ол бір айдан аспауға тиіс.

2. Мұндай жағдайда кандидаттарды ұсыну осы Конституциялық заңда белгіленген ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 121-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375, 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңдарымен.

122-бап. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшесін сайлау кезінде берілген дауыстарды санау

1. Учаскелік сайлау комиссиясы дауыс беру нәтижелері бойынша дауыс беру хаттамасын жасайды, ол дереу аумақтық сайлау комиссиясына жіберіледі.

2. Дауыстарды санаудың нәтижелерін анықтауға байланысты өзге мәселелер осы Конституциялық заңның Жалпы бөлімінде белгіленген ережелерге сәйкес шешіледі.

Ескерту. 122-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375 Конституциялық заңымен.

123-бап. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерін қосымша сайлау

1. Егер жергілікті өзін-өзі басқару органдарының сайланған мүшелерінің саны тиісті жергілікті өзін-өзі басқару органындағы мандаттар санынан кем болған жағдайда, аумақтық сайлау комиссиясы бастапқы сайлау өткізілген күннен бастап бір ай мерзім ішінде жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерінің қосымша сайлауын тағайындайды.

2. Қосымша сайлау осы Конституциялық заңда бастапқы сайлау үшін белгіленген ережелерге сәйкес өткізіледі.

Ескерту. 123-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375 Конституциялық заңымен.

124-бап. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерін қайта сайлау

1. Егер сайлау жарамсыз деп танылған болса, аумақтық сайлау комиссиясы қайта сайлау өткізу туралы шешім қабылдайды. Дауыс беру сол сайлау учаскелерінде және сайлаушылардың бастапқы сайлауды өткізу үшін жасалған тізімдері бойынша жүргізіледі.

2. Қайта сайлау бастапқы сайлаудан кейін бір ай мерзімнен кешіктірілмей өткізіледі. Қайта сайлау кезінде жүзеге асыру көзделген сайлау шаралары осы Конституциялық заңда белгіленген ережелерге сәйкес жүргізіледі.

3. Қайта сайлау өткізу туралы жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында хабарланады.

4. Алып тасталды - ҚР 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңымен.

Ескерту. 124-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375, 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңдарымен.

125-бап. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерін сайлау қорытындыларын анықтау және жариялау

1. Сайлау қорытындылары аумақтық сайлау комиссиясының мәжілісінде учаскелік сайлау комиссияларының хаттамалары негізінде сайлау өткізілген күннен кейін үш күн мерзімнен кешіктірілмей анықталады. Сайлау қорытындылары туралы аумақтық комиссияның төрағасы мен мүшелерінің қолы қойылған хаттама жасалады.

1-1. Басқа кандидаттармен салыстырғанда дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының көпшілік санын алған кандидаттар берілген мандаттарға сәйкес жергілікті өзін-өзі басқару органдарының сайланған мүшелері болып саналады.

2. Сайлау қорытындыларын анықтаудың және жариялаудың өзге мәселелері осы Конституциялық заңның Жалпы бөлімінде белгіленген ережелерге сәйкес шешіледі.

Ескерту. 125-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375 Конституциялық заңдарымен.

126-бап. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерін тіркеу

1. Тиісті аумақтық сайлау комиссиясы учаскелік сайлау комиссияларының хаттамалары негізінде жергілікті өзін-өзі басқару органдарының сайланған мүшелерін сайлау өткізілген күннен кейін үш күн мерзімде тіркейді.

2. Тиісті аумақтық сайлау комиссиясы учаскелік сайлау комиссиясының ұсынысы немесе азаматтардың арыздары бойынша, егер сайлау барысында немесе дауыстарды санау не сайлау нәтижелерін анықтау кезінде осы Конституциялық заңды бұзу орын алса, жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерінің сайлауын жарамсыз деп тануы және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін тіркеуден бас тартуы мүмкін. Бұл ретте кандидаттар аумақтық сайлау комиссиясының осы шешіміне оның қабылданған күнінен бастап бес күн ішінде сотқа шағым бере алады, ол он күн мерзім ішінде шешім қабылдайды.

Ескерту. 126-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375 Конституциялық заңымен.

127-бап. Шығып қалғандардың орнына жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерінің сайлауын өткізу

1. Шығып қалғандардың орнына жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерін сайлау осы Конституциялық заңда кезекті сайлау үшін белгіленген ережелерге сәйкес өткізіледі. Бұл ретте сайлау шараларын өткізу мерзімін тиісті аумақтық сайлау комиссиясы белгілейді.

2. Жергілікті өзін-өзі басқару органы өкілеттігінің Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген мерзімі аяқталуына бір жыл қалғанда жергілікті өзін-өзі басқару органының шығып қалған мүшесінің орнына сайлау өткізілмейді.

Ескерту. 127-бапқа өзгеріс енгізілді -ҚР 1999.05.06 N 375, 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңдарымен.

15-тарау. Қорытынды және өтпелі ережелер

128-бап. Бірінші шақырылған Парламент депутаттары сайлауын тағайындау

Ескерту. 128-бап алып тасталды - ҚР 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңымен.

129-бап. Кезектен тыс сайлау өткізген кезде Парламент Сенатының жаңа сайланымы депутаттарын сайлау тәртібі

1. Кезектен тыс сайлау өткізген кезде Сенаттың жаңа сайланымы депутаттарының сайлауы жөніндегі сайлау іс-шаралары, дауыс беруді өткізуді, сайлау қорытындыларын белгілеуді және Сенат депутаттарының өкілеттік мерзімін айқындауды қоспағанда, осы Конституциялық заңға сәйкес өткізіледі.

2. Сенаттың жаңа сайланымы депутаттарының сайлауы бойынша таңдаушылардың - облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) мәслихаттары депутаттарының бірлескен отырысында дауыс беру Сенат депутаттарының екі мандатына бір мезгілде өткізіледі.

3. Аумақтық сайлау комиссиясы барлық тіркелген кандидаттарды сайлау бюллетенінде әліпби тәртібімен орналастырады. Кандидаттың аты-жөнінің оң жағынан қай кандидатқа дауыс бергенін белгілеу үшін екі шаршы орналастырылады. Бір шаршы - алты жылға сайланатын кандидат үшін, екіншісі үш жылға сайланатын кандидат үшін белгі қоюға арналады.

4. Таңдаушы дауыс беру кезінде өзі дауыс беретін кандидаттардың аты-жөнінің оң жағындағы бос тұрған екі шаршыға кез келген белгіні, тиісінше бір шаршыға белгіні - алты жылға сайлау үшін, екінші шаршыға үш жылға сайлау үшін қояды.

5. Дауыс санау мен дауыс беру нәтижесін анықтау Сенат депутаттарының екі мандаты бойынша бөлек жүргізіледі.

6. Сенаттың жаңа сайланымы депутаттарының сайлауында дауыс беруге қатысқан таңдаушылар санының елу процентінен астамының даусын алған кандидаттар сайланған деп есептеледі.

7. Егер Сенат депутаттары дауыс берудің бірінші турында сайланбаса, қайтадан дауыс беру өткізіледі. Қайтадан дауыс беру әртүрлі бюллетеньдер бойынша, бір бюллетень алты жылға сайланатын кандидатқа дауыс беру үшін, екіншісі үш жылға сайланатын кандидатқа дауыс беру үшін жүргізіледі. Сайлау бюллетеніне дауыс беруге қатысқан таңдаушылардың неғұрлым көп дауысына ие болған екі кандидат енгізіледі. Басқа кандидатпен салыстырғанда таңдаушылар дауысының көбіне ие болған кандидат сайланған деп есептеледі.

Ескерту. 129-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375, 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңдарымен.

130-бап. Мәслихаттар депутаттарын сайлау мерзімі

Ескерту. 130-бап алып тасталды - ҚР 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңымен.

131-бап. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау мерзімі

Республика Конституциясында көзделген, мәслихаттардан басқа, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының сайлауын тиісінше облыстық, қалалық (республикалық маңызы бар қалалар мен Республика астанасының) сайлау комиссиялары жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мәртебесі мен өкілеттіктерін белгілейтін заң қолданысқа енгізілгеннен кейін тағайындайды.

Ескерту. 131-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.06.19 N 268 Конституциялық заңымен.

132-бап. Бірінші шақырылған Парламент сайлауы кезінде республикалық бюджет қаражатының жұмсалыуына бақылау жасаудың ерекшеліктері

Ескерту. 132-бап алып тасталды - ҚР 2004.04.14 N 545 Конституциялық заңымен.

133-бап. Осы Конституциялық заңның күшіне енуі және қолданылуы

Осы Конституциялық заң:

1) жарияланған күнінен бастап күшіне енеді;

2) осы Конституциялық заң күшіне енгеннен кейін пайда болған құқықтық қатынастарға қолданылады.

2020 жылғы 1 қаңтарға дейін мыналардың:

1) 59-бапта:

2-тармақтың екінші, үшінші және төртінші бөліктері тоқтатыла тұрған кезеңде мынадай:

"Кандидат пен оның зайыбы (жұбайы) тіркеуге дейін тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кіріс органдарына осы Конституциялық заңға сәйкес белгіленген ұсыну мерзімі басталатын айдың бірінші күніне салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы белгілеген тәртіппен және нысанда кірістері мен мүлкі туралы декларациялар ұсынады.

Кандидат пен оның зайыбы (жұбайы) декларациялаған кірістері мен мүлкі туралы мәліметтердің анықтығын мемлекеттік кіріс органдары кандидат тіркелген күннен бастап он бес күн ішінде тексереді.

Бұл ретте кандидат пен оның зайыбының (жұбайының) кірістері мен мүлкі туралы мәліметтер ұсыну жөніндегі мемлекеттік кіріс органдарының талаптарын алған ұйымдар сұратылған ақпаратты талап алынған күннен бастап төрт күн ішінде ұсынуға міндетті." деген редакцияда қолданылады деп белгіленіп, екінші, үшінші, төртінші және бесінші бөліктердің;

5-тармақтың 4-2) тармақшасы тоқтатыла тұрған кезеңде мынадай:

"4-2) кандидат пен оның жұбайының (зайыбының) кірістері мен мүлкі туралы декларациялар тапсырғаны жөнінде мемлекеттік кіріс органының анықтамасы;" деген редакцияда қолданылады деп белгіленіп, осы тармақшаның;

6-тармақтың 3-2) тармақшасы тоқтатыла тұрған кезеңде мынадай:

"3-2) кандидат пен оның жұбайының (зайыбының) кірістері мен мүлкі туралы декларациялар тапсырғаны жөнінде мемлекеттік кіріс органының анықтамасы;" деген редакцияда қолданылады деп белгіленіп, осы тармақшаның;

7-тармақтың 3-1) тармақшасының бірінші бөлігі тоқтатыла тұрған кезеңде мынадай:

"3-1) декларацияны тапсыру кезіне кандидат немесе оның зайыбы (жұбайы) декларациялаған кірістері мен мүлкі туралы мәліметтердің анық еместігі анықталған жағдайда Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жояды." деген редакцияда қолданылады деп белгіленіп, осы бөліктің;

2) 73-бапта:

2-тармақтың екінші, үшінші және төртінші бөліктері тоқтатыла тұрған кезеңде мынадай:

"Кандидат пен оның зайыбы (жұбайы) тіркеуге дейін тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кіріс органдарына осы Конституциялық заңға сәйкес белгіленген ұсыну мерзімі басталатын айдың бірінші күніне салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы белгілеген тәртіппен және нысанда кірістері мен мүлкі туралы декларациялар ұсынады.

Кандидат пен оның зайыбы (жұбайы) декларациялаған кірістері мен мүлкі туралы мәліметтердің анықтығын мемлекеттік кіріс органдары кандидат тіркелген күннен бастап он бес күн ішінде тексереді.

Бұл ретте кандидат пен оның зайыбының (жұбайының) кірістері мен мүлкі туралы мәліметтер ұсыну жөніндегі мемлекеттік кіріс органдарының талаптарын алған ұйымдар сұратылған ақпаратты талап алынған күннен бастап төрт күн ішінде ұсынуға міндетті." деген редакцияда қолданылады деп белгіленіп, осы бөліктердің;

4-тармақтың 4-2) тармақшасы тоқтатыла тұрған кезеңде мынадай:

"4-2) кандидат пен оның жұбайының (зайыбының) кірістері мен мүлкі туралы декларациялар тапсырғаны жөнінде мемлекеттік кіріс органының анықтамасы;" деген редакцияда қолданылады деп белгіленіп, осы тармақшаның;

5-тармақтың 3-2) тармақшасы тоқтатыла тұрған кезеңде мынадай:

"3-2) кандидат пен оның жұбайының (зайыбының) кірістері мен мүлкі туралы декларациялар тапсырғаны жөнінде мемлекеттік кіріс органының анықтамасы;" деген редакцияда қолданылады деп белгіленіп, осы тармақшаның;

6-тармақтың 3-1) тармақшасының бірінші бөлігі тоқтатыла тұрған кезеңде мынадай:

"3-1) декларацияны тапсыру кезіне кандидат немесе оның зайыбы (жұбайы) декларациялаған кірістері мен мүлкі туралы мәліметтердің анық еместігі анықталған жағдайда Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жояды." деген редакцияда қолданылады деп белгіленіп, осы бөліктің;

3) 89-бапта:

2-тармақ тоқтатыла тұрған кезеңде мынадай:

"2. Кандидат пен оның зайыбы (жұбайы) тіркеуге дейін тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кіріс органдарына осы Конституциялық заңға сәйкес белгіленген ұсыну мерзімі басталатын айдың бірінші күніне салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы белгілеген тәртіппен және нысанда кірістері мен мүлкі туралы декларациялар ұсынады.

Саяси партия ұсынған кандидат пен оның зайыбы (жұбайы) декларациялаған кірістері мен мүлкі туралы мәліметтердің анықтығын мемлекеттік кіріс органдары партиялық тізім тіркелген күннен бастап он бес күн ішінде тексереді.

Бұл ретте саяси партия ұсынған кандидат пен оның зайыбының (жұбайының) кірістері мен мүлкі туралы мәліметтер ұсыну жөніндегі мемлекеттік кіріс органдарының талаптарын алған ұйымдар сұратылған ақпаратты талап алынған күннен бастап төрт күн ішінде ұсынуға міндетті.

Қазақстан халқы Ассамблеясының Кеңесі ұсынған кандидат пен оның зайыбы (жұбайы) декларациялаған кірістері мен мүлкі туралы мәліметтердің анықтығын мемлекеттік кіріс органдары кандидат тіркелген күннен бастап үш күн ішінде тексереді.

Бұл ретте Қазақстан халқы Ассамблеясының Кеңесі ұсынған кандидат пен оның зайыбының (жұбайының) кірістері мен мүлкі туралы мәліметтер ұсыну жөніндегі мемлекеттік кіріс органдарының талаптарын алған ұйымдар сұратылған ақпаратты талап алынған күннен бастап екі күн ішінде ұсынуға міндетті." деген редакцияда қолданылады деп белгіленіп, осы тармақтың;

3-тармақтың 4) тармақшасы тоқтатыла тұрған кезеңде мынадай:

"4) кандидат пен оның зайыбының (жұбайының) кірістері мен мүлкі туралы декларациялар тапсырғаны жөнінде мемлекеттік кіріс органының анықтамасы;" деген редакцияда қолданылады деп белгіленіп, осы тармақшаның;

5-тармақтың 4) тармақшасы тоқтатыла тұрған кезеңде мынадай:

"4) Қазақстан халқы Ассамблеясының Кеңесі ұсынған кандидат пен оның зайыбының (жұбайының) кірістері мен мүлкі туралы декларациялар тапсырғаны жөнінде мемлекеттік кіріс органының анықтамасы." деген редакцияда қолданылады деп белгіленіп, осы тармақшаның;

6-тармақтың 5) тармақшасы бірінші бөлігінің алтыншы абзацы және 6) тармақшасы бірінші бөлігінің жетінші абзацы тоқтатыла тұрған кезеңде мынадай:

"Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес, партиялық тізімге енгізілген адам мен оның зайыбы (жұбайы) декларациялаған кірістері мен мүлкі туралы мәліметтердің анық еместігі анықталған;"

"Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес, декларацияны тапсыру кезіне кандидат немесе оның зайыбы (жұбайы) декларациялаған кірістері мен мүлкі туралы мәліметтердің анық еместігі анықталған жағдайда;" деген редакцияда қолданылады деп белгіленіп, осы абзацтардың;

4) 104-бапта:

1-1-тармақ тоқтатыла тұрған кезеңде мынадай:

"1-1. Кандидат пен оның зайыбы (жұбайы) тіркеуге дейін тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кіріс органдарына осы Конституциялық заңға сәйкес белгіленген ұсыну мерзімі басталатын айдың бірінші күніне салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы белгілеген тәртіппен және нысанда кірістері мен мүлкі туралы декларациялар ұсынады.

Кандидат пен оның зайыбы (жұбайы) декларациялаған кірістері мен мүлкі туралы мәліметтердің анықтығын мемлекеттік кіріс органдары кандидат тіркелген күннен бастап он бес күн ішінде тексереді.

Бұл ретте кандидат пен оның зайыбының (жұбайының) кірістері мен мүлкі туралы мәліметтер ұсыну жөніндегі мемлекеттік кіріс органдарының талаптарын алған ұйымдар сұратылған ақпаратты талап алынған күннен бастап төрт күн ішінде ұсынуға міндетті." деген редакцияда қолданылады деп белгіленіп, осы тармақтың;

2-тармақтың 5) тармақшасы тоқтатыла тұрған кезеңде мынадай:

"5) кандидат пен оның зайыбының (жұбайының) кірістері мен мүлкі туралы декларациялар тапсырғаны жөнінде мемлекеттік кіріс органының анықтамасы;" деген редакцияда қолданылады деп белгіленіп, осы тармақшаның;

3-тармақтың 4) тармақшасы тоқтатыла тұрған кезеңде мынадай:

"4) кандидат пен оның зайыбының (жұбайының) кірістері мен мүлкі туралы декларациялар тапсырғаны жөнінде мемлекеттік кіріс органының анықтамасы;" деген редакцияда қолданылады деп белгіленіп, осы тармақшаның;

6-тармақтың 3-1) тармақшасының бірінші бөлігі тоқтатыла тұрған кезеңде мынадай:

"3-1) декларацияны тапсыру кезіне кандидат немесе оның зайыбы (жұбайы) декларациялаған кірістері мен мүлкі туралы мәліметтердің анық еместігі анықталған жағдайда Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жояды." деген редакцияда қолданылады деп белгіленіп, осы бөліктің;

5) 118-бапта:

1-1-тармақ тоқтатыла тұрған кезеңде мынадай:

"1-1. Кандидат пен оның зайыбы (жұбайы) тіркеуге дейін тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кіріс органдарына осы Конституциялық заңға сәйкес белгіленген ұсыну мерзімі басталатын айдың бірінші күніне салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы белгілеген тәртіппен және нысанда кірістері мен мүлкі туралы декларациялар ұсынады.

Кандидат пен оның зайыбы (жұбайы) декларациялаған кірістері мен мүлкі туралы мәліметтердің анықтығын мемлекеттік кіріс органдары кандидат тіркелген күннен бастап он бес күн ішінде тексереді.

Бұл ретте кандидат пен оның зайыбының (жұбайының) кірістері мен мүлкі туралы мәліметтер ұсыну жөніндегі мемлекеттік кіріс органдарының талаптарын алған ұйымдар сұратылған ақпаратты талап алынған күннен бастап төрт күн ішінде ұсынуға міндетті." деген редакцияда қолданылады деп белгіленіп, осы тармақтың;

2-тармақтың 5) тармақшасы тоқтатыла тұрған кезеңде мынадай:

"5) кандидат пен оның зайыбының (жұбайының) кірістері мен мүлкі туралы декларациялар тапсырғаны жөнінде мемлекеттік кіріс органының анықтамасы болған жағдайда жүргізіледі." деген редакцияда қолданылады деп белгіленіп, осы тармақшаның;

3-тармақтың 4) тармақшасы тоқтатыла тұрған кезеңде мынадай:

"4) кандидат пен оның зайыбының (жұбайының) кірістері мен мүлкі туралы декларациялар тапсырғаны жөнінде мемлекеттік кіріс органының анықтамасы болған жағдайда жүзеге асырылады." деген редакцияда қолданылады деп белгіленіп, осы тармақшаның;

6-тармақтың 3-1) тармақшасының бірінші бөлігі тоқтатыла тұрған кезеңде мынадай:

"3-1) декларацияны тапсыру кезіне кандидат немесе оның зайыбы (жұбайы) декларациялаған кірістері мен мүлкі туралы мәліметтердің анық еместігі анықталған жағдайда Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жояды." деген редакцияда қолданылады деп белгіленіп, осы бөліктің қолданысы тоқтатыла тұрсын.

Ескерту. 133-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1999.05.06 N 375; 13.03.2017 № 52-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

<i>Қазақстан Республикасының</i>

<i>Президенті</i>

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" ШЖҚ РМК